HISTORIOGRAPHY (1991-2021)****Aisaule Shakieva^{1*}**¹Eurasian National university L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.*Corresponding author
E-mail: aisaule_10@mail.ru

Abstract. The article presents a historiographical review of works related to the history of the medieval state of Jochi ulus in Russian historiography. In particular, after the collapse of the Soviet state, attention was paid to conceptual changes and new views in the works of Russian researchers on the topic. Analyzing scientific works, the author introduces 4 main directions for the study of the history of the Juchi ulus in Russia at the present time. Thus, the author shows the dynamics of changing opinions on this topic and the emergence of new data and thoughts. The main sources of the article are publications and articles published during this period. The author is looking for a unique paradigm in the study of the history of the Jochi Ulus in the works of domestic researchers over the past thirty years and seeks to determine the course and degree of study of the modern topic. The work describes a cycle of new theoretical ideas concerning the history of Jochi ulus, with an analysis of the works of Russian researchers. In particular, there is a positive assessment by researchers of the "Ulus of Jochi", which requires significant changes in the form of studying the history of the modern Middle Ages. In the article, the author drew attention to research works that, instead of a formational approach in the interpretation of historical facts, took a liberal direction.

Key words: Jochi Ulus, Russian historiography, Mongol Empire, Golden Horde Review, Mongol invasion.

Кіріспе. Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін ортағасырдағы Жошы Ұлысы тарихына жаңаша баға беру қажет деген пікір ұстанушы зерттеушілердің саны артты. Осыған орай, көрші мемлекет Ресей тарихнамасында бірегей тарихи деректік база мен идеологиялық бейтарап еңбектер жарияланып келеді.

Бұл еңбектерде моңғолдардың жаулап алу жорықтарына сыни талдау жүргізе келе, объективті баға беру үрдісі байқалады.

Жошы Ұлысы кезеңіндегі Ресей тарихының қазіргі тарихнамасы шартты түрде географиялық фактормен тығыз байланысты төрт бағыттың болуымен ерекшеленеді. Бағыттарды атап өтсек, мәскеулік, петербурлық, қазандық және басқа аймақтық. Қазан бағытын көбіне ұлттық жағынан қарауға болады. Бүгінде Орда тақырыбының хронологиялық шегі орыс тарихында 1237 жылдан Киев Русіне моңғол шапқыншылығынан бастап, 1480 ж. ордалық үстемдікті жою уақытымен шектеледі. Негізгі тарихнамада зерттеу нышаны ретінде 1237-1480 жж. аралығындағы ордалық үстемдік кезеңі алынған.

Осы тұста, ресейлік зерттеушілер келесі мәселелердің жауабын табуға тырысты: билік құрылысы, Алтын Орда кезеңіндегі Киев Русінің мәдени ерекшелігі, орыс-ордалық қарым-қатынас. 2000-2020 жж. аралағындағы тарихнамаға талдау жасай келе, бұл кезең бойынша ғылыми еңбектің көптігі, сондай-ақ, бір мәселеге қатысты көзқарастың қарама-қайшылығы байқалатынын атап өтуге болады. Әрине, осы тақырып бойынша негізгі мәселелер тарихшылардың үлкен қызығушылықтарының бастамасы екені даусыз. Әсіресе, келесі мәселелер бойынша зерттеушілер арасында өзара түсініспеушіліктер туындап келеді. Мәселен, «басқыншылық (иго)» термині, Алтын Орданың хронологиялық шегі, Киев Русінің экономикасы, мәдениеті, орыс князьдарының титулдары, орталықтанған Мәскеу мемлекетінің құрылуына әсері.

Қазіргі таңда, Алтын Орда тақырыбы бойынша заманауи ресейлік тарихнамасының ерекшелігі ретінде зерттеушілердің арасында түрлі тұжырымдамалардың пайда болуымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, тарихшылар бұрынғы кеңестік мектептердің идеологиялық жүйесінде орын алған бағыттан алыстады. Тарихи фактілерді түсіндіруде формациялық көзқарастың орнына либералдық бағыт алған зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Осылайша, бұрынғы кеңес ғалымдарының жұмыстарын жоққа шығару байқалады.

Тұтастай алғанда біздің тақырыбымызға қатысты тарихи үдерістерді түсіндірудің жаңа схемаларын іздеу әрекеттері айтарлықтай сәтті деп танылуы керек, өйткені қазіргі кезеңде осы тақырып бойынша үлкен ғылыми ізденіс жүргізіп жүрген зерттеушілер жеткілікті. Кейбір тарихшылар әлі күнге дейін марксизмнің негіздеріне сүйенеді. Бірақ инновациялық тәсілдер де пайда болды, олар жаңа әдістемелік схемаларды зерттеуде көрініс тапты: палеографиялық зерттеулер, топырақтарды геофизикалық талдау, Орда дәуіріндегі климаттық жағдайлар мен ландшафттарды қайта құру, текстологиялық және сандық зерттеулер, т.б.

Материалдар мен әдістер. Мақала жазу барысында салыстырмалы-тарихи, хронологиялық тәсілдері қолданылды. Бірінші, салыстырмалы-тарихилық саралау қарастырылып отырған мәселені Ресей тарихнамасындағы ерекшелікті анықтауға, зерттеу заңдылықтарын саралауға, пікір өрісінің кеңеюіне мүмкіндік береді. Аталған методологиялық тәсіл мақаланың маңыздылығын, қарастырылған еңбектердің мазмұнының жазылу ерекшелігін барынша дұрыс талдауға мүмкіндік береді. Екінші, хронологиялық тәсілді пайдалану арқылы Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде кезеңдік тарихнамалық білімді терең жинақтауға мүмкіндік туғызады. Тарихи дәуірдің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жаңсақ тұжырымдардан алшақ болуға жол ашады.

Талқылау. Ресей тарихнамасында Жошы Ұлысы тарихын зерттеуге арналған ғылыми еңбектер мен мақалалар жеткілікті. Осы жылдары аталмыш тақырыпта жаңа көзқарасты еңбектер жарияланды. Негізгі Ресей тарихнамасында Жошы Ұлысының тарихы үш негізгі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең, 1990-2000 жылдары аралығында кеңестік тарихнамадан алшақтап, Жошы Ұлысы тарихына деген көзқарасты өзгертуге тырысты. Аталмыш кезең бойынша елеулі еңбек еткен тарихшылардың қатарында В.В. Трепавлов (Трепавлов, 1993), А.А. Горский (Горский, 2001), Э.С. Кульпин (Кульпин, 2001), В.А. Кучкин (Кучкин, 2001) және т.б. Негізінен, аталған тарихшылардың жұмыстарында кеңестік тарихнамалық тұжырымдамалардан қатты алшақтамағаны байқалады. Әсіресе, оны моңғол-татар басқыншылығының Киев Русіне экономикалық, мәдени, саяси-әлеуметтік әсеріне баға беруде айқын көрінеді.

Екінші кезең, 2000-2015 жылдары аралығында Ресей тарихнамасында Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде негізгі бағыттары айқындалды. Алтын Орда өркениетін зерттеу орталығының ашылуымен осы тақырыпқа зерттеушілердің тарапынан қызығушылық артты. Осы кезеңнің көрнекті тарихшылар қатарынан М.Усманов (Усманов, 2002), В.П. Костюков (Костюков, 2010), Р.Ю. Почакаев (Почакаев, 2009), И. Миргалеев (Миргалеев, 2003) және т.б. Аталған тарихшылар Жошы Ұлысы тарихына оң баға бере отырып, жаңа дерек көздерімен толықтырды. Бұрын кеңестік методологиядан бас тартып отыра, тарихшыларға әлеуметтік-саяси институттар, княздық билік, ішкі саясат, сауда, мәдениет және т.б. тақырыптарға қатысты еркін түрде пікірлер білдіру байқалады. Аталған тарихшылардың еңбектерінде жаңа көзқарастар легі көрінеді. Мәселен, тарихшылар моңғол-татар басқыншылығын теріс құбылыс ретінде қабылдаудан бас тартты.

Үшінші кезең, 2015-2021 жылдары Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде оның маңыздылығына назар аударылып, Ресей тарихшылары тарапынан жаңа жұмыстардың жариялануына алып келді. Осы кезеңде «Алтын Орда зерттеушілерінің халықаралық қауымдастығы» құрылу оқиғасымен, бұл тақырып мемлекеттік деңгейге көтерілгенін байқауға болады. Бұл кезеңде осы тақырыппен айналысатын тарихшылардың қатарында Черникова Т.В. (Черникова, 2012), Илюшин А.М. (Илюшин, 2016), Рудаков В.Н. (Рудаков, 2017), Фроянов И.Я. (Фроянов, 2020) және т.б. Осы тарихшылардың көп бөлігі «басқыншылық» ықпалын шектен тыс асырмай, басқа экономикалық, саяси, мәдени өзгерістерге моңғол дәуіріне дейін кезең әсер етті деседі.

Нәтижелер. Кеңес Одағы құлағаннан кейін Ресейде Жошы Ұлысының тарихына деген жаңа көзқарастар мен тұжырымдамалар пайда бола бастады.

Қазіргі кезде Жошы Ұлысы тақырыбында мәскеулік бағыт тұсынан айналысатын зерттеушілер жеткілікті, соның ішінде А.А. Горский, В.В. Трепавлов, В.А. Кучкин және т.б. Осы тұста 2000 жылдары Ресейде Жошы Ұлысының тарихнамасына жаңа бетбұрыс уақыты басталды. Бұрынғы кеңестік методологиядан алшақтап, Жошы Ұлысы тарихы зерттелуінде басты бағыттары айқындалды.

Ресейдің ортағасыр тарихы бойынша танымал ғалымы В.В. Трепавлов моңғол дәуірі тақырыбына қатысты бірнеше еңбектер жариялай бастады. В.В. Трепавлов өзінің көптеген монографиялары мен мақалаларында ордалық институттардың Киев Русіне әсері мәселелеріне тоқталды (Трепавлов, 1993), (Трепавлов, 2001), (Трепавлов, 2010), (Трепавлов, 2015). Алдымен, 1993 жылы «Государственный строй монгольской империи XIII в.» еңбегін атауға болады. Бұл еңбек XIII ғ. Моңғол мемлекеттілігінің дәстүрлі элементін зерттеуге арналған, соның ішінде ерте ортағасырдағы әкімшілік құрылысына назар аударып жазылған. Яғни, Моңғол империясының мемлекеттік құрылысы зерттеудің негізі болып табылады. В. Трепавловтың кейбір қорытындылары ғылымда қалыптасқан тұжырымдардан алшақ болуы мүмкін. Кейінгі уақыттарда жарияланған жұмыстарының бірі де моңғол мемлекеттілігінің дәстүрлі тұстарын зерттеуге, соның ішінде ерте ортағасырға жататын әкімшілік құрылым түрлеріне арналған. Автор еңбекті жазу барысында қытай, араб, парсы, армян, орыс деректерін пайдаланады. Монографияда көшпелі өмірдің тек дәстүрлі тұстарына ерекше назар аударып жазылған. Моңғол империясына тиесілі кейбір ішкі қыры назардан тыс қалып қойды.

2000 жылы В.А. Кучкинның орыс мәдениетіне деген моңғол-татарының ықпалына қатысты мақаласы жарияланды (Кучкин, 2000). Тарихшы ең алдымен, орыс мәдениетінде географиялық кеңістіктің өзгеру мәселесін қарастырды. В.А. Кучкинның пікірінше, шапқыншылық салдарынан ортағасырлық орыс мәдениеті дамуы мүмкін территориялық аймақ кішірейіп, кейін ертесалавян халықтары батыс, солтүстік, солтүстік-шығыс бөліктерге көшуге мәжбүр болды.

2001 жылы тарихшы А.А. Горский «Москва и Орда» атты монографиясында Жошы Ұлысы тақырыбына қатысты даулы мәселелердің басын ашуға тырысты. Монографияда А.А. Горский «царь» терминінің шығу тарихымен, оның пайдалану эволюциясына қатысты жазба деректерге талдау жүргізді (Горский, 2001: 14). А.А. Горский, В.В. Трепавлов сияқты Жошы Ұлысының Руське ықпалының бірегей оң не теріс көзқарасты жоқ деп санайды. Мәселеге ордалық тұстан қарасақ, «орыс жерлерімен билеу жүйесі» жағынан қарап, ал Киев Русі жағынан қарағанда «орыс жерлерінің тәуелділік жүйесі» тұсынан назар аудару қажет. Тарихшы, татар-моңғолдарға орыс жерлерінің бірігуіне септігі тигізді деген пікірмен келіспейді, себебі мемлекетке орталықтану жүйесі XIV ғ. соңында бастау алды.

Философ және тарихшы-шығыстанушы Э.С. Кульпин, Ресейдегі әлеуметтік тарих мектебінің қалаушысы, татар-моңғол тақырыбына байланысты жаңаша көзқарастар білдірді (Кульпин, 2001). Айта кету керек, Э.С. Кульпин Киев Русіне моңғол шапқыншылығының экологиялық-әлеуметтік салдарына жаңаша түрғыдан қарап, объективті түрде баға беруге тырысты. Осы пікірлердің жоғары гипотикалық дәрежеде екенін біле тұра, Жошы Ұлысы тақырыбына қатысты жаңаша пікірлермен бөлісті. Осылайша, 1990-2000 жылдары жарияланған тарихшылардың жұмыстары бұрынғы Кеңес өкіметінің идеологиялық тұжырымдамасынан алшақтап, жаңа тарихи тұжырымдамалардың пайда болуымен сипатталады. Бұл Алтын Орда тарихына объективті баға беру жолындағы алғашқы қадамдардың бірі.

2003 жылы Татарстан Республикасы Ғылым академиясы Тарих институтының Ғылыми кеңесінің шешімімен (2003 ж. 3 сәуірдегі №1 хаттама) Алтын Орда өркениетін зерттеу орталығы құрылу оқиғасымен байланыстыру қажет. Жетекшісі тарих ғылымдарының кандидаты И.М. Миргалеев болып тағайындалды. Бұл табысты бастаманы Алтын Орда тарихын зерттеу саласындағы мамандар зор үмітпен қабылдады. Өкінішке орай, Жошы Ұлысы тарихына қатысты мифтер тек мектеп және университет тарихы оқулықтарында ғана емес, сонымен бірге кейбір тарихшылардың санасында да басым деген пікірді ұстанады. Ресейде Алтын Орда орыс тарихының бір бөлігі ретінде қабылданады деп айтуға болмайды, тіпті ресейлік зерттеушілер Алтын Орда тақырыбында ең көп ұсынылғанына қарамастан олай санамайды. Сондықтан бұл түрғыда Қазан тарихшыларының ұстанымы маңызды. Алтын Орда өркениетін зерттеу орталығының мүшелері үшін Алтын Орда-түркі-татар мемлекеті, оның ұлттық және мемлекеттік тарихының негізгі кезеңі, постордалық татар хандықтарының басты ізашары ретінде қарастырады.

2008 жылы Жошы Ұлысы тарихы Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның көшпелі мен отырықшы қоғамындағы алар орны, моңғолдар бекіткен ұлыстық жүйенің дамуы, жерге деген заңнамалық құқығының қалыптасу тарихы сияқты мәселелерді Ю.Е. Варваровскийдың монографиялық жұмысынан көруге болады. Мәселен, алдыңғы зерттеушілердің тек «Алтын Орда» деп аталатын мемлекеттің батыс бөлігін зерттеп, шығыс бөлігін жабық саяси жүйе ретінде қарастырды. Ю.Е. Варваровскийдың пікірінше, мұндай біржақты көзқарас Жошы Ұлысының құлау тақырыбын толықтай қарастыруға кедергі келтіреді (Варваровский, 2008:25). Ортағасырлық шығыс авторлардың еңбектерін қарастыра, мемлекеттің атауы құрылғаннан бастап династиялық жүйеге сай аталып келді. Жошы Ұлысының құлауына мемлекеттің құрамына кіретін ұлыстардың арасындағы экономикалық бірліктің болмауы әсерін тигізді деген тұжырымға келді.

Татар зерттеушілері тарапынан бұл тақырыптың ұлттық деңгейде маңыздылығы болғандықтан, Жошы Ұлысы тақырыбына арналған ғылыми еңбектер жарияланып келеді. 2009 жылы «История Татар с древнейших времен в семи томах» еңбегінде арнаулы түрде Жошы Ұлысы (Алтын Орда) бөлімі жазылды (Усманов, Хакимов, 2009). «История Татар с древнейших времен» - алғашқы академиялық жұмыстардың бірі, хронологиялық шегі б.з.д. 3 мыңжылдықтан бастап татар тарихын баяндайды. Жаңа тарихи татар тұжырымдамасының қалыптасуында бұрынғы кеңестік кезеңде орын алған пікірден бас тарту, татар тарихын түркі өркениеті тұрғысынан қарастыру байқалады. Жеті томнан тұратын «История татар с древнейших времен» Татарстан ғылым академиясының Тарих институты атынан шыққанымен, бұл жинақты жазуда Татарстан, Ресей және шет ел зерттеушілері көмегін тигізді. Аталған жинаққа Қазан, Мәскеу қалаларында өткізілген конференциядағы мәліметтер енгізілді. Бұл ғылыми жинақтың жазылудағы мақсаты ретінде, кеңестік идеологиялық саясат кезінде қалыптасқан Алтын Орда тарихына көзқарастың объективті нұсқасын жариялау болып табылды. Өткен ғасырдың кеңестік билік жылдары зерттеушілер Алтын Ордаға «артта қалған көшпелі мемлекет» деген баға беру үрдісі байқалғандықтан, Р. Хакимов, М. Усманов сияқты зерттеушілердің бастамасымен «Алтын Орда» тарихын зерттеу жаңаша деңгейге көтеріліп келеді. Аталған еңбектің құрастырушылары «Алтын Орда» тарихына қатысты біркелкі, әрі объективті бағаның жоқтығына Орталық Комитеттің 1944 жылы 9 тамызда жарияланған қаулы себеп болды деп түсіндіреді. Кеңестік кезеңдегі тарихнамалық саясаттың салдарынан, барлық зерттеушілердің еңбектері қатаң бақылауға алынды.

Белгілі тарихшы Р.Ю. Почекаевтың жұмысы Жошы ұлысының саяси тарихына қарастыра, ерекше сол қанат мәселесін зерттеуге арналады. Еңбектің әрбір тарауы Алтын Орда билеушілерінің өмір баянына арналған, сондай-ақ мемлекеттің құлдаруына әкелген маңызды тарихи оқиғалармен бөліседі. Автордың пікірінше, орда хандарының өмірі мен қызметі тарихын талдау арқылы тек Алтын Орда мемлекетінің ғана емес, қазіргі заманғы мемлекеттердің ашылмаған тұстарын білуге көмегін тигізеді (Почекаев, 2009). Тарихшы Р.Ю. Почекаев орыс-ордалық қатынасты б.з.д. VI-II ғғ. республикалық кезеңде өмір сүрген ежелгі Рим мен италиялық қауыммен өзара салыстырды.

2010 жылы Батыс Сібір территориясындағы Алтын Орда мемлекетінің ірі ұлыстарының бірі Шайбан ұлысы арналған В.П. Костюковтың «Улус Шибана Золотой Орды в XIII–XIV вв.» еңбегі жарияланады. 4 бөлімнен тұратын «Улус Шибана Золотой Орды в XIII–XIV вв.» атты еңбегінде архив деректерін пайдалана отырып, жерлеу дәстүрі, ескерткіштері мен Шайбан ұлысына арналған жазба деректері бойынша жазылады (Костюков, 2010). Бұл еңбекте автор археологиялық және тарихи деректерге талдау жасады. Бірінші бөлімінде жерлеу орындарында талдау, әрі есеп жұмыстары бойынша жазылды. Алтын Орда дәуіріне сәйкес Шибан Ұлысының аумағындағы барлық жерлеу орындары қарастырылды. Автор аталған аумақтағы халықтың этномәдени құрамын қалпына келтірді.

2010 жылы В. Трепавлов Жошы Ұлысы тақырыбында «Золотая Орда в XIV столетии» атты кезекті танымал ғылыми еңбегін жариялады (Трепавлов, 2010). Атақты ресейлік шығыстанушының кітабы Куликово шайқасы қарсаңында XIV ғасырда, Алтын Орданың әлеуметтік құрылымы мен экономикалық құрылымының ерекшеліктеріне, саяси тарихтағы басты белестерге арналған. Автор татар тайпалары басшыларының саяси сахнаға қалай шыға бастағанын көрсетті, бірте-бірте Шыңғыс хан ұрпақтарының билеуші әулетін кері шегіндірді. Бұл көшбасшылардың бірі - атақты Мамай болды, оның табысты қызметі мен құлатылуы да суреттелген. В. Трепавловтың бұл еңбегі көпшілік оқырмандар үшін Алтын Орда ортағасырдағы моңғол-татар басқыншылығы ауыр кезеңі есебінде белгілі, сол пікірден арыла отырып, жаңа тарихи мәліметтермен толықтыра жазылды.

2013 жылдан бастап Татарстанда жылына төрт рет «Золотоордынское обозрение» ғылыми журналы шыға бастады. Журнал Алтын Орда мен татар хандықтарының тарихы саласындағы ғылыми зерттеулерді жоғары халықаралық деңгейде жандандыруды мақсат етеді. «Золотоордынское обозрение» журнал беттерінде Алтын Орда мен татар хандықтарының тарихын зерттеудің барлық салаларын қамтитын нақты тарихи, тарихнамалық және деректану сипатындағы ғылыми жарияланымдар көрсетілген. Сонымен бірге журнал Алтын Орда мен татар хандықтарының тарихы «Алтын Орда өркениетінің» біртұтас әлемі ретінде қарастырылатын ғылыми тұжырымдамадан шығады.

Жошы Ұлысы тақырыбы аясында алғашқылардың бірі болып «Золотоордынское обозрение» журналына мақала жазушылардың бірі ретінде Рафаиль Сибгатович Хакимовты айтуға болады. 2013 жылы «Долгое средневековье Золотой Орды» (Хакимов, 2013) тақырыбында мақала жарияланды. Мақалада татарлардың, Ресейдің және Шығыс Еуропаның тарихын түсіну үшін Алтын Орда тақырыптарын зерттеудің маңыздылығы атап өтілген. Алтын Орда, сондай-ақ жалпы татар факторы орыс тарихындағы кездейсоқ эпизод ретінде қарастырылмайды. Рафаиль Хакимовтың пікірінше, «Алтын Орда тақырыбы татарлардың қалыптасуын түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар Ресей, Орталық Азия және Шығыс Еуропа тарихтарын зерттеу үшін де іргелі болып табылады. Алтын Орданың еуропалық істерге ықпалы тек жаулап алулар кезінде ғана емес, сонымен қатар сауда-саттық, мәдени құндылықтар алмасу арқылы да болды» (Хакимов, 2013). Сонымен қатар, Р.С. Хакимовтың айтуынша, «бүгінде біз Алтын Ордалық дәстүрлердің реформаторы ғана емес, мұрагері де болып саналамыз» (Хакимов, 2013:18).

2013 жылы келесі белгілі Ресей тарихшысы Р.Ю. Почекаев «Религиозные факторы легитимации власти в Золотой Орде и позднесредневековых тюрко-монгольских государствах XV-XVIII вв.» тақырыбында мақала «Золотоордынское обозрение» журналына жарияланды (Почекаев, 2013). Бұл мақала «Дала империяларының», соның ішінде Юань империясы, Ирандағы Ильхан мемлекеті, Шағатай ұлысы, Алтын Орда мемлекеттерінен құлауынан кейін қалыптасқан кейінгі ортағасырдағы Шыңғысхан ұрпақтарының мемлекеттерінің билікті заңдастыру дәстүрлерін талдауға арналған.

2014 жылы В.Н. Рудаковтың «Монголы-татары глазами древнерусских книжников середины XIII-XV в.» еңбегі жарыққа шықты (Рудаков, 2014). Бұл еңбекте автор Киев Русі мен Алтын Орда қарым-қатынасы барынша нақтыланып, дереккөздерімен көмегімен дәлелді түрде жазылған. Автор еңбекте ежелгі славян халықтарының ордалық ықпалға түсуі, шапқыншылық нәтижелері, орыс жерлерінің ордалық хандарға тәуелділігі, ордалық ықпалдан босап шығу сияқты жағдайларды түсіндіруге тырысты. В.Н. Рудаковтың қорытындылары тек ғылыми негізге ие. Тарихшы XIII–XV ғғ. ерте орыс әдебиетіндегі деректерге мәтіндік талдау жасап, ордалық ықпалға жергілікті халықтың қабылдауын анықтай алды. Ресей тарихнамасында бұл кітап Киев Русі қоғамында моңғол-татарларға көзқарасының ерекшелігін айқындауға мүмкіндік берген, оны автор сол кезеңнің еңбектерінің көмегімен жүзеге асырды. Сонымен қатар, ордалық билікке тәуелділік кезінде Киев Русінің билік басындағы адамдарының әрекеттеріне баға беру байқалады. В.Н. Рудаковтың еңбегінде жасалған қорытындыларға ортағасырлық хроникалық әңгімелерді талдау арқылы жетті. Замануи дерекнамалық талдау ең алдымен мәтінге герменевтикалық талдауды негізге ала отырып, объективті түрде шынайы тарихи оқиғаны мифологиялық түсініктен айыруға мүмкіндік береді, бұны біз В.Н. Рудаковтың «Монголы-татары глазами древнерусских книжников середины XIII-XV в.» жұмысынан көрдік.

Миргалеев Ильнур Мидхатович - тарих ғылымдарының кандидаты, Алтын Орда және М.А. Усманов атындағы татар хандығы зерттеу орталығының басшысы. Ғылыми зерттеу қызығушылығы орта ғасырлардағы татар халқының қоғамдық-саяси тарихы, дереккөздері мен тарихнамасы, Алтын Орда мен Татар хандықтарының саяси тарихы мен деректанулық, ортағасырлық түркі және османдық тарихи еңбектерімен байланысты. Ильнур Миргалеев Алтын Орда тарихына қатысты жазылған біршама еңбектер мен мақалалардың авторы. Соның ішінде, «Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана», «Войны Токтамыш-хана с Аксак Тимуром», «Золотая Орда в истории» және т.б. (Миргалеев, 2003), (Миргалеев, 2016). Осы жылы М. Миргалеевтың «История Золотой Орды в трудах А.Н. Курата» атты мақаласында Алтын Орда тарихына қатысты баға мен А.Н. Кураттың еңбектеріндегі ортағасырлық мемлекетке деген көзқарасы жайлы мәлімет берілген (Миргалеев, 2014). И.М. Миргалеев жұмыстарында Алтын Орда тақырыбына қатысты өзекті мәселелердің жауабын ортағасырлық деректерге тарихи талдау жасау арқылы іздейді.

2014 жылы Дамир Исхаковтың «Золотоордынская этнология татар: 1. Эпический и исторический «Золотой трон» («Алтын Тәхет») атты мақаласы аталған журналда жарыққа шықты. Осы мақаланың авторы Жошы ұлысына және XV-XVI ғасырларда оның аумағында құрылған кейінгі түркі-татар мемлекеттеріне тән ерекше тақтың тарихи бастауларын анықтауға тырысады (Исхаков, 2014). Бұл құбылыс түркі-татар (эпикалық шығармалар, шежірелер, тарихи шығармалар) және кейбір орыс деректерінде жазылған. Автордың тарихи деректерге жасаған шолуы XVI-XVIII ғғ. түркі-татар дәстүрі бойынша «алтын тақ» («Алтын Тәхет») Алтын Ордада және кейінгі постордтық саяси кеңістікте билеуші (хан, патша) отырған орынды бейнелегенін көрсетеді. Қолда бар тарихи материалды егжей-тегжейлі талдау нәтижесінде осы мақаланың авторы жиі айтылатын «алтын тақ» тек Жошы Ұлысында ғана емес, бүкіл моңғол империясында болғанын анықтады.

2015 жылға дейін «Алтын Орда өркениетінің зерттеу орталығының» ғылыми аясы кеңейіп, Жошы Ұлысы тақырыбымен айналысатын қызметкерлердің қатары көбейді. Ғылыми зерттеу орталығының қызметкерлері Алтын Орда тақырыбының өзекті мәселелерін зерттеумен айналысады. 2015 жылдан бастап «М.А. Усманов атындағы Алтын Орда мен Татар хандықтарын зерттеу орталығы» аталады.

Сондықтан бұл түрғыда Татарстан тарихшыларының ұстанымы ерекше маңызды. Ең маңызды жұмыс бағыттары:

1) Татарстанда Алтын Орда халықаралық форумын екі жылда бір рет ұйымдастырыла бастады. Форум көптен бері осы мәселе бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіретін негізгі алаңға айналды. Сонымен қатар, форумның маңызды мақсаттарының бірі – Алтын Орда өркениетінің тарихын кеңінен насихаттауға және Алтын Орда тарихына қатысты аңыз-эпсаналармен күресуге елеулі ғылыми үлес қосу. Форумдардың негізгі тақырыптары Алтын Орда мен Татар хандықтарының тарихын деректанулық зерттеу болып табылады.

Алғаш рет 2009 жылы 17 наурызда «Политическая и социально-экономическая история Золотой Орды (XIII–XV вв.)» тақырыбында I-ші Алтын Ордалық форум өткізілді. Форумда оқылған баяндамалар мен дөңгелек үстелдердің қорытындылары тарихи мәселелер мен оларды шешуді талап ететін мәселелердің орасан зор мүмкіндігін ашты. Алтын Орда мәселесімен айналысатын ғалымдар арасындағы байланысты нығайту мен кеңейтудің мақсатқа сай екендігімен қатар, Алтын Орда тарихына қатысты объективті мәліметтерді қазіргі оқу әдебиетіне енгізу, сондай-ақ арнайы бағдарламалардың қажет екендігі туралы ойлар ортаға салынды. Осылайша форум өзінің ғылыми жұмысын 2011, 2013, 2015 жылдары көктем мезгілінде жүзеге асырды. Аталған іс-шараға Ұлыбритания, Венгрия, Сербия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Украина өкілдері қатысқандықтан халықаралық деңгейге көтерілді. Нәтижесінде осы ғылыми шараның арқасында SCOPUS, Web of Science, Ulrichs және т.б жетекші халықаралық мәліметтер қорларына кейіннен енген жоғары рейтингті журналды шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік туды.

2) Электронды және баспа түрінде шығарылатын мамандандырылған мерзімді басылымдарды жүргізу және шығару жұмысы жолға қойылды. Орталық 2018 жылға дейін «Золотоордынская цивилизация» және «Нумизматика Золотой Орды» ғылыми жылнамаларын шығарды. Аталған екі журнал Алтын Орда тарихын кең ауқымда зертеуге арналған мерзімді басылым болып табылады. Жинақ беттерінде келесі мәселелерді талқыланды: Алтын Орданы ерекше өркениет ретінде сипаттауға бола ма, Алтын Орда қоғамының «өркениеттері» қалай көрінді? «Алтын Орда өркениетіне» тән белгілерді анықтау мүмкін бе және Алтын Ордада арнайы мәдени код болды ма? Алтын Орда өркениетінің басқа қазіргі өркениеттерден айырмашылығы неде? 2008 жылы 27 ақпанда Қазан қаласында өткен «Алтын Орда тарихын зерттеудегі өркениеттік көзқарас мәселесіне» атты дөңгелек үстелге қатысушылардың ұсыныстарын ескере отырып, жинақты шығаруды бастау туралы шешім қабылданды. Осы мақсатта осы саланың жетекші мамандарынан құралған редакциялық алқа ұйымдастырылды. Солардың ішінде: М.А. Усманов, Д.М. Исхаков, Иштван Вашари, Р.Г. Фахрутдинов, М.И. Ахметзянов, Е.С. Кульпин-Губайдуллин, Г.Ф. Валеева-Сулейманова, В.А. Иванов, Юлай Шамилоғлы, М.Г. Крамаровский, А.Г. Мухамадиев, И.Л. Измайлов, Г.В. Владимиров, А.А. Бұрханов, Ильяс Камалов – Алтын Орданың археологиясы, өнері және тарихының көрнекті мамандары.

Қазіргі уақытта олардың шығарылымдары ғылыми жұмыстардың барлық кешенін тоқсан сайынғы «Золотоордынское обозрение» журналына (Ресей Жоғары аттестациялық комиссия тізіміне енгізілген) шоғырландыру туралы шешімге байланысты тоқтатылды, олар 2016 жылы хат алмасуды растады. Scopus ақпараттық жүйесінің халықаралық стандарттары мен критерийлеріне сәйкес мерзімді басылым және 2017 жылы Web of Science жүйесіне енгізілді. Журналдың нөмірінде 2013 жылдан бері шығатын жиырмадан астам нөмір бар. Соңғы бірнеше жыл ішінде Орталықта отандық және шетелдік жиырмадан астам монография жарық көрді.

3) Дереккөздерді зерттеу және жариялау («Алтын Орда тарихының дереккөздері» сериясы және «Язма Мирас. Жазба мұра. Мәтіндік мұра») қолға алынды. Алтын Орда мен Татарды зерттеу орталығы атындағы хандықтар М.А. Усманов, дереккөздерді зерттеу бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Хафиз Абрудың «Заил-и Джами ат-таварих-и Рашиди», Абдулгаффар Крымидің «Умдет әл-Ахбар», Әбу Бәкір Қаландар Румидің «Каландар-наме») Өтемиша-хаджи, «Шуаб-и» сияқты еңбектері Рашид ад-диннің «Панжган», Махмуд әл-Булгаридің «Нахдж әл-Фарadis» және татар-моңғолдар туралы латынның көп томдық антологиясы жарық көруде. Орталық қызметкерлері араб тілін, парсы, түркі, орыс, османлы және латын дереккөздерін оқиды.

2015 жылы «Степные империи Евразии. Монголы и татары» еңбегі жарияланды (Трепавлов, 2015). Кітапта әйгілі тарихшының мамандардың мойындауына ие болған үш туындысы жинақталып, өзіндік трилогияны құрайды. Ол ортағасырлық далалық державалар тарихының әр түрлі аспектілерін зерттейді. Бірінші бөлім XIII ғасырдағы Моңғол империясына, екінші бөлім XIV ғасырдағы Алтын Ордаға арналған. және соңғы - 15 ғасырдағы Үлкен Ордаға. Қарастырылып отырған мемлекеттердің әрқайсысы алдыңғы мемлекеттердің мұрагері бола отырып, еуразиялық кеңістікте және Ресей тарихында ерекше рөл атқарды. 2021 жылы «Евразии в эстафете империй. От Золотой Орды к Российскому государству» еңбегі жарияланды. Соңғы бір жарым мыңжылдықта Еуразия халықтары тарихи тағдырлардың еркімен сол немесе басқа империяның (патшалықтың, хандықтың, князьдіктің) азаматтығына тап болды. Бір-бірінің

орнын басқан мемлекеттік құрылымдар кең байтақ аумақтардың әр алуан тұрғындарына үстемдік ету эстафетасын бір-біріне берді. Алдымен бұл түркі және моңғол халықтары құрған қуатты державалар еді, содан кейін Еуразияда ресейлік мемлекеттіліктің уақыты келді. Көптеген империялар дамудың шыңынан сүрінбей өтіп, ақыр соңында барлық осындай формациялардың тағдырын қайталады: уақыт өте келе олар ыдырап, «мүрагер» күйлерге жол берді. Кітапқа орналастырылған мақалалар, авторлық ұжымдық монографиялар мен сұхбаттар тараулары осы эстафетаның негізгі үш кезеңінің кейбір аспектілерін көрсетеді: 13-15 ғасырдың басында Алтын Орданың болуы; 15-17 ғасырларда бірнеше түркі политиктерінің дамуы; 16-19 ғасырларда жекелеген халықтардың Ресей мемлекетінің құрамында болуы. Орыс тарихына қызығушылық танытқандардың барлығына қызықты ғылыми еңбек болып табылады (Трепавлов, 2015:95). Зерттеуші В.Трепавловтың Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде үлкен жұмыстар атқарылуда.

«Золотоордынское Обозрение» журналында 2015-2021 жылдар аралығында келесі бағыттағы мақалалар жарияланып келеді:

1. «Алтын Орда өркениеті мен постордалық кеңістік» тақырыбында келесі авторлардың мақалаларын атауға болады. Мәселен, Р.С. Хакимовтың «К вопросу о номадической культуре в Золотой Орде (Хакимов, 2015), Б.В. Черкастың «Город Золотой Орды (Улусы западное Дона). К вопросу о появлении и локализации» (Черкас, 2016), Л.В. Воротынцевтың «Татарский» торговый путь («Via Tatarica») в системе международной торговли XIII–XV вв.» (Воротынцев, 2019) атты мақалалары жарияланды. Аталған мақалаларда Алтын Орда өркениетінің даму кезеңі, олардың экономикалық, әлеуметтік, транзитті сауда жолдарының ерекшеліктері сияқты мәселелерге тоқталған. Ғылыми мақалалардың жаңашылдығы – Алтын Ордадағы көшпелі мәдениеттің көшпелі және отырықшы халықтың біртұтас мемлекетке қосылуына байланысты өзіндік ерекшеліктерін атауға болады.

2. «Шыңғыс мемлекеттерінің тарихы» тақырыбында келесі авторлардың мақалаларын атауға болады: Дмитрий Васильев пен Владимир Ивановтың «Метаморфозы истории Золотой Орды в XXI веке» (Васильев, Иванов, 2015), Р. Хауталаның «От Бату до Джанибека: военные конфликты Улуса Джучи с Польшей и Венгрией» (Хаутала, 2016), В.В. Тишинның «Еще раз о содержании термина Орда и категориях «Золотая Орда», «Белая Орда», «Синяя Орда» (Тишин, 2019) және т.б. Аталған мақалаларда авторлар ортағасырлық орыс шежірелерін талдай отырып, Алтын Орда тақырыбына қатысты қызықты мәліметтерді ғылыми негізге алды.

3. «Ортағасырлық түркі-татар тарихына қазіргі тарихи көзқарастар» тақырыбында келесі авторлардың мақалаларын атауға болады: А.А. Непомнящийдың «Начало научного этапа разработки источников по истории Крымского Ханства: В.Д. Смирнов» (Непомнящий, 2015), Т.И. Султановтың «К историографии этнополитической истории улусов Джучи и Чагатая» (Султанов, 2017), В.А. Ивановтың «Кочевники Золотой Орды в восприятии современных историков» (Иванов, 2018) және т.б. Аталған мақалалар соңғы жылдардағы зерттеу жұмыстарын қарастыра келе, дерек көздерінің көмегімен Алтын Орда дәуірінің этносаяси дамуының негізгі кезеңдеріне талдау жасалды. Осы тақырыпты жазушы авторлар шығыстану классиктерінің және Еуразияның этникалық тарихының көптеген конструкциялары дереккөздерді жан-жақты зерттеуге негізделгенімен, болжамдық сипатқа ие, бұл осы бағыттағы зерттеулерді жалғастыруды қажет етеді деп санайды. Жоғарыда қарастырылған авторлардың пікірінше, Алтын Орда тарихының Ресей тарихнамасында кереғар жағдай қалыптасты. Осы тақырыппен тарихшылар да, археологтар да зерттейді, бірақ оны әртүрлі әдістермен және әртүрлі көздерден зерттейді. Алынған нәтижелер мен олардың негізінде жасалған тұжырымдардың өзара байланысының жоқтығы тарихи-археологиялық зерттеулерде Алтын Орданың тарихи құбылыс ретіндегі бір-біріне қайшы келетіндігіне әкеледі. Бұл, әсіресе, Дешті Қыпшақ көшпелілеріне арналған басылымдарда айқын көрінеді, олар біріншіден, Еуразиядағы моңғол жаулауының алғашқы нысандарының біріне айналды, екіншіден, олар да Алтын Орданың негізгі халқына айналды.

2019 жылы А.А. Горскийдың «Русское средневековое общество» атты тарихи терминологиялық анықтамалық кітап жарияланды (Горский, 2019). Еңбекте әлеуметтік құрылыс мәселесіне тікелей қатысы бар ортағасырлық орыс терминдері жайлы мақалалар жинақталынды. Олардың арасында халықтың әлеуметтік топтары мен санаттары, жер учаскелерінің атаулары бар, аумақтық бірліктер, билеушілердің атаулары сияқты мәселелерге қатысты терминдер кездестіруге болады.

Соның ішінде, 2020 жылы 19 қарашада «Алтын Орда зерттеушілерінің халықаралық қауымдастығы» құрылды. Қауымдастықтың негізгі мақсаты – ордату, түркі-татар мемлекеттерінің тарихы саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіру, іс-шаралар өткізу, осы бағыттағы зерттеулердің нәтижелерін насихаттау және ұсыну. Қауымдастықтың төрағасы болып тарих ғылымдарының докторы Трепавлов Вадим Винсерович бірауыздан сайланды.

Қауымдастықтың үйлестіру кеңесіне т.ғ.к. Миргалеев Илнур Мидхатович тағайындалды. Кеңес басшысының орынбасары т.ғ.к. Аксанов Анвар Васильевич, хатшы т.ғ.к. Галимов Теймур Рустемович бекітілді. Шетелдік филиалдардың қауымдастығын құру және олардың басқару органдарының құрамын

анықтау туралы шешім қабылданды. Соның ішінде, Еуропалық (жетекшісі – PhD докторы Александр Узелатс, хатшы – PhD докторы Роман Хаутала), Қазақстан (жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы Әшірбек Муминов, хатшы – тарих ғылымдарының докторы Айболат Кушқумбаев) және түрік комитеттері (жетекшісі – профессор, доктор Ильяс Кемалоглу, хатшы – PhD докторы Динчер Коч). Құрылтай жиналысының хаттамасына сәйкес бақылау комиссиясының құрамы да сайланды, оның құрамына Сайфетдинова Эльмира Гаделзянова (т.ғ.к), Беляков Андрей Васильевич (тарих ғылымдарының докторы), Александр Николов (PhD) кірді.

2021 жылы «Золотоордынское наследие: посвященный 700-летию со дня рождения средневекового татарского поэта Сейфа Сарай» халықаралық-ғылыми конференциясына өткізілді. Конференция Zoom платформасы арқылы байланыстармен өтті, соның арқасында Беларусь Республикалық жоғары білім институтынан, Мемлекеттік тарих мұражайынан, Назарбаев университетінен, Висконсин университетінен, Ресей академиясынан көптеген танымал мамандарды тартуға мүмкіндік туды. Сондай-ақ дөңгелек үстел жұмысы барысында Кондурча өзендегі тікелей шайқастың нәтижелері мен салдарының маңыздылығы, сондай-ақ осы тарихи оқиғаны қазіргі заманғы қабылдау, сондай-ақ бәсекеге қабілетті туристік ағынды дамытудағы ықтимал әлеует дәрежесі сияқты тарихи мәселелері қозғалды. Дөңгелек үстелде Сейфа Сарай мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері, жазба деректердегі татар тарихының көрінісі, жазба ескерткіштерді зерттеу мәселелері қаралды. Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша Сейфа Сарайды еске алуға арналған оқуларды жыл сайын өткізу қажет деп шешілді. Іс-шара аясында орталық басшысы, т.ғ.к. И.М. Миргалеев пен тарих ғылымдарының докторы, аға ғылыми қызметкер И.Л. Измаиловтың баяндамалары тыңдалды.

Қорытынды. Осылайша, Алтын Орда тақырыбы Ресей тарихнамасында өзекті мәселелердің бірі болып келеді. Осы тақырыппен айналысатын зерттеушілердің саны күннен күнге артуда. Қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде кеңестік кезеңнің тарихи тұжырымдамалары байқалады. Осылайша, қорытындылай келесі 3 негізгі танымал мәселені бөлуге болады. Біріншіден, Ресейлік тарихшылар моңғол дәуірін теріс кезең ретінде қарастыруға қарсы (А.А. Горский, В.В. Трепавлов пен т.б.), себебі ордалық билеушілерді Киев Русьде икемді саясат жүргізуші ретінде көреді. Екіншіден, Киев Русін тарихшылар Алтын Орданың одақтасы емес, вассалы ретінде қабылдайды (К.А. Соловьев, Р.Ю. Почекаев, Н.Н. Крадин және т.б.). Үшіншіден, көптеген тарихшылар моңғол кезеңін шектен тыс асыруды жөн көрмейді, себебі көптеген Киев Русіне дамуына деген ықпалдың моңғол дәуіріне дейін жүргені жайлы көзқарасты ұстанады.

Алтын Орда тарихын зерттеуде посткеңестік тарихнама жаңа сапалы деңгейге көтеріліп, өткен жұмыстар мен замануи ғылыми ізденістердің арасында өзара диалектикалық байланыс байқалады. Сонымен қатар, зерттеу аясында дерекнамалық база кеңейді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйенсек, қазірде Ресейде Алтын Орданы зерттеу орталықтары ашылып, осы тақырып бойынша үлкен жұмыстар атқарылып келеді. 1990-2000 жж. аралығында Ресей тарихнамасында Алтын Орда тақырыбына оң немесе теріс көзқарасты ұстану анықтау, Киев Русі мен Алтын Орда қарым-қатынасына объективті баға беру мәселелері бойынша сұрақтар қарастырылды.

Қазіргі зерттеу жұмыстарында 1237-1241 жж. оқиғалармен байланысты «шапқыншылық» және «жаулап алу» терминдеріне сыни тұрғыдан талдау жүргізілді. Замануи ғылыми дискурста моңғол-татарлық ига тұжырымдамасын теріс баға алды. Осылай, қазіргі Ресей тарихнамасының Алтын Орда тақырыбы бойынша үлкен жетістіктерімен бөлісе келе, алда бұл тақырыптың өз жалғасын табуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

- Васильев Д., Иванов В. Метаморфозы истории Золотой Орды в XXI веке // Золотоордынское обозрение. 2015. №3. С.151-168.
- Варваровский Ю.Е. Улус Джучи в 60–70-е годы XIV века. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2008. С.128.
- Воротынцев Л.В. Татарский торговый путь («Via Tatarica») в системе международной торговли XIII–XV вв. // Золотоордынское обозрение. 2019. Т. 7, № 1. С. 77–89.
- Горский А.А. Москва и Орда. М.:Наука, 2000. С.214.
- Горский А.А. Русское средневековое общество: историко-терминологический справочник. Санкт-Петербург: ИЦ Института российской истории РАН, 2019. С. 416.
- Кульпин Э.С. Русь между Западом и Востоком. Москва: Буква С, 2001. С. 206.
- Костюков В.П. Улус Шибана Золотой Орды в XIII–XIV вв. Под ред. И.М. Миргалеева. Казань: Изд-во «Фэн» АН РТ, 2010. С. 200.
- Иванов В.А. Кочевники Золотой Орды в восприятии современных историков // Золотоордынское обозрение. 2018. №6(3). С. 253-261.
- Илюшин А.М. Западные и восточные кипчаки по материалам археологии // Вестник Томского университета. История. 2016. №5(43). С.15-19.
- Исхаков Д. Золотоордынская этнология татар: 1. Эпический и исторический «Золотой трон» («Алтын Тәхет») // Золотоордынское обозрение. 2014. №3(5). С. 175-190.

- Миргалеев И.М. Политическая история Золотой Орды периода правления Токтамыш-хана. Казань: Алма-Лит, 2003. С. 164.
- Миргалеев М. История Золотой Орды в трудах А.Н.Курата // Золотоордынское обозрение. 2014. №2(4). С. 253-261.
- Миргалеев М. Золотая Орда в мировой истории. Коллективная монография. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. С. 968.
- Непомнящий А.А. Начало научного этапа разработки источников по истории Крымского Ханства: В.Д.Смирнов // Золотоордынское обозрение. 2013. №3. С. 113-142.
- Почекаев Р.Ю. Право Золотой Орды / Редактор И.М. Миргалеев. Казань: Издательство «Фэн» АН РТ, 2009. С. 260.
- Почекаев Р.Ю. Религиозные факторы легитимации власти в Золотой Орде и позднесредневековых тюрко-монгольских государствах XV-XVIII вв. // Золотоордынское обозрение. 2013. №1. С. 96-106.
- Рудаков В.Н. Монголо-татары глазами древнерусских книжников середины XIII-XV в. Изд. 2-е, испр. и доп. М.: Квадрига, 2014. С. 272.
- Султанов Т.И. К историографии этнополитической истории улусов Джучи и Чагатай // Золотоордынское обозрение. 2017. Т. 5, № 1. С. 74-92.
- Трепавлов В.В. Государственный строй Монгольской империи в XIII веке. Проблема исторической преемственности. М.: Наука, 1993. С.168.
- Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. М.: Восточная литература, 2001. С. 752.
- Трепавлов В.В. Золотая Орда в XIV столетии. М.: Квадрига, 2010. С. 72.
- Трепавлов В.В. Степные империи Евразии: монголы и татары. М.: Квадрига, 2015. С. 368.
- Тишин В.В. Еще раз о содержании термина Орда и категориях «Золотая Орда», «Белая Орда», «Синяя Орда» // Золотоордынское обозрение. 2019. №7(2). С. 295-317.
- Усманов М.А. Об особенностях раннего этапа этнической истории Улуса Джучи // Юбилейный сборник избранных трудов членов АН Республики Татарстан. Казань: Фолиант, 2002. С. 85-96.
- Усманов М., Хакимов Р. История татар с древнейших времен. Том 3. Улус Джучи (Золотая Орда). XIII - середина XV в. Казань: Рухият, 2009. С.1047.
- Хакимов Р. Долгое средневековье Золотой Орды // Золотоордынское обозрение. 2013. №1. С. 5-21.
- Хакимов Р.С. К вопросу о номадической культуре в Золотой Орде // Золотоордынское обозрение. 2015. №1. С. 6-32.
- Хаутала Р. От Бату до Джанибека: военные конфликты Улуса Джучи с Польшей и Венгрией // Золотоордынское обозрение. №3. 2016. С.485-528.
- Черкас Б.В. Город Золотой Орды (Улусы западнее Дона). К вопросу о появлении и локализации // Золотоордынское обозрение. 2016. Т. 4, №2. С. 256-271.

References

- Vasil'ev D., Ivanov V. Metamorfozy istorii Zolotoi Ordy v XXI veke [Metamorphoses of the history of the Golden Horde in the XXI century] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2015. №3. S.151-168. [in Russian].
- Varvarovskii Yu.E. Ulus Dzhuchi v 60-70-e gody XIV veka [Ulus of Jochi in the 60-70s of the XIV century]. Kazan': Institut istorii im. SH. Mardzhani AN RT, 2008. S.128. [in Russian].
- Vorotynceva L.V. Tatarskii» torgovjy put' («Via Tatarica») v sisteme mezhdunarodnoi torgovli XIII-XV vv. [Tatar trade route ("Via Tatarica") in the international trade system of the XIII-XV centuries] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2019. Т. 7, № 1. S. 77-89. [in Russian].
- Gorskii A.A. Moskva i Orda [Moscow and the Horde]. М.: Nauka, 2000. S.214. [in Russian].
- Gorskii A.A. Russkoe srednevekovoe obshchestvo: istoriko-terminologicheskii spravochnik [Russian Medieval Society: Historical and Terminological reference]. Sankt-Petersburg: IC Instituta rossiiskoi istorii RAN, 2019. S. 416. [in Russian].
- Kul'pin E.S. Rus' mezhdz Zapadom i Vostokom [Russia between the West and the East]. Moskva: Bukva S, 2001. S.206. [in Russian].
- Kostyukov V.P. Ulus Shibana Zolotoi Ordy v XIII-XIV vv. [The ulus of Shiban of the Golden Horde in the XIII-XIV centuries]. Pod red. I.M. Mirgaleeva. Kazan': Izd-vo «Fen» AN RT, 2010. S. 200. [in Russian].
- Ivanov V.A. Kochevniki Zolotoi Ordy v vospriyatii sovremennykh istorikov [Nomads of the Golden Horde in the perception of modern historians] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2018. №6(3). S. 253-261. [in Russian].
- Plyushin A.M. Zapadnye i vostochnye kipchaki po materialam arheologii [Western and Eastern Kipchaks based on the materials of archeology] // Vestnik Tomskogo universiteta. Istoriya. 2016. №5(43). S.15-19. [in Russian].
- Iskhakov D. Zolotoordynskaya etnologiya tatar: 1. Epicheskii i istoricheskii «Zolotoi tron» («Altyn Təhet») [Golden Horde ethnology of the Tatars: 1. Epic and historical "Golden Throne" ("Altyn Takhet")] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2014. №3(5). S. 175-190. [in Russian].
- Mirgaleev I.M. Politicheskaya istoriya Zolotoi Ordy perioda pravleniya Toktamysheva [Political history of the Golden Horde during the reign of Toktamysheh Khan]. Kazan': Alma-Lit, 2003. S.164. [in Russian].
- Mirgaleev M. Istoriya Zolotoi Ordy v trudakh A.N. Kurata [The History of the Golden Horde in the works of A.N. Kurat] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2014. №2(4). S. 253-261. [in Russian].

Mirgaleev M. Zolotaya Orda v mirovoi istorii [The Golden Horde in World History]. Kollektivnaya monografiya. Kazan': Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2016. S. 968. [in Russian].

Nepomnyashchii A.A. Nachalo nauchnogo etapa razrabotki istochnikov po istorii Krymskogo Hanstva: V.D. Smirnov [The beginning of the scientific stage of the development of sources on the history of the Crimean Khanate: V.D. Smirnov] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. №3. S. 113-142. [in Russian].

Pochekaev R.Yu. Pravo Zolotoi Ordy [The right of the Golden Horde] / Redaktor I.M. Mirgaleev. Kazan': Izdatel'stvo «Fen» AN RT, 2009. S. 260. [in Russian].

Pochekaev R.Yu. Religioznye faktory legitimatsii vlasti v Zolotoi Orde i pozdnesrednevekovykh tyurkomongol'skikh gosudarstv XV-XVIII vv. [Religious factors of legitimization of power in the Golden Horde and the late medieval Turkic-Mongolian states of the XV-XVIII centuries.] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. №1. S. 96-106. [in Russian].

Rudakov V.N. Mongolo-tatary glazami drevnerusskikh knizhnikov serediny XIII-XV v. Izd. 2-e, ispr. i dop. [Mongol-Tatars through the eyes of ancient Russian scribes of the middle of the XIII-XV century] M.: Kvadriga, 2014. S. 272. [in Russian].

Sultanov T.I. K istoriografii etnopoliticheskoi istorii ulusov Dzhuchi i Chagataya [On the Historiography of the Ethnopolitical History of the Jochi and Chagatai Uluses] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2017. T. 5, № 1. S. 74–92. [in Russian].

Trepavlov V.V. Gosudarstvennyi stroi Mongol'skoi imperii v XIII veke. Problema istoricheskoy preemstvennosti [The state system of the Mongol Empire in the XIII century. The problem of historical continuity]. M.: Nauka, 1993. S.168. [in Russian].

Trepavlov V.V. Istoriya Nogaiskoi Ordy [The History of the Nogai Horde]. M.: Vostochnaya literatura, 2001. S. 752. [in Russian].

Trepavlov V.V. Zolotaya Orda v XIV stoletii [The Golden Horde in the XIV century]. M.: Kvadriga, 2010. S. 72. [in Russian].

Trepavlov V.V. Stepnye imperii Evrazii: mongoly i tatary [Steppe Empires of Eurasia: Mongols and Tatars]. M.: Kvadriga, 2015. S. 368. [in Russian].

Tishin V.V. Eshche raz o soderzhanii termina Orda i kategoriyah «Zolotaya Orda», «Belaya Orda», «Sinyaya Orda» [Once again about the content of the term Horde and the categories "Golden Horde", "White Horde", "Blue Horde"] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2019. №7(2). S. 295-317. [in Russian].

Usmanov M.A. Ob osobennostyakh rannego etapa etnicheskoi istorii Ulusa Dzhuchi [About the peculiarities of the early stage of the ethnic history of the Ulus of Jochi] // Yubilejnyj sbornik izbrannykh trudov chlenov AN Respubliki Tatarstan. Kazan': Foliant, 2002. S. 85–96. [in Russian].

Usmanov M., Hakimov R. Istoriya tatar s drevnejshih vremen [The history of the Tatars since ancient times]. Tom 3. Ulus Dzhuchi (Zolotaya Orda). XIII - seredina XV v. Kazan': Ruhiyat, 2009. S.1047. [in Russian].

Hakimov R. Dolgoe srednevekov'e Zolotoi Ordy // Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. №1. S. 5-21. [in Russian].

Hakimov R.S. K voprosu o nomadicheskoi kul'ture v Zolotoi Orde [The Long Middle Ages of the Golden Horde] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2015. №1. S. 6-32. [in Russian].

Hautala R. Ot Batu do Dzhaniybeka: voennye konflikty Ulusa Dzhuchi s Pol'shej i Vengriej [From Batu to Janibek: military conflicts of the Jochi Ulus with Poland and Hungary] // Zolotoordynskoe obozrenie. №3. 2016. [in Russian].

Cherkas B.V. Gorod Zolotoi Ordy (Ulusy zapadnee Dona). K voprosu o poyavlenii i lokalizatsii [The city of the Golden Horde (Uluses west of the Don). On the issue of appearance and localization] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2016. T. 4, №2. S. 256–271. [in Russian].

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_35

МӘМЛҮК КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «АТ-ТУХФА» ҚОЛЖАЗБАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ

Қоңқабаева Назым Нұрболатқызы^{1*}, Абдрахманова Күлсін Халыққызы¹,
Қоңқабаева Арайлым Нұрболатқызы², Аубакирова Құндызай Қыдырбайқызы³

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университет. Қазақстан, Алматы.

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы.

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті. Қазақстан, Қызылорда қ.

*Автор-корреспондент.

E-mail: haia89@mail.ru (Қоңқабаева), agulsum@mail.ru (Абдрахманова), konkabayeva.arailym@mail.ru (Қоңқабаева)

Түйіндеме. Автор жалғыз сақталған «ат-Тухфа аз-закийя фил луғатит туркийя» қолжазбасының түпнұсқасын қолданған. Мақалада негізінен қойылатын мақсат «ат-Тухфа» қолжазбасына арналған зерттеулер тарихнамасын беріп, еңбектерде көтерілген мәселерді талдап, қорытындылау болып табылады. Мақалада Мәмлүктер билігі кезінде ортағасырда шамамен 15-16 ғасырларда Мысыр мен Сирия елдерінде жазылған «Ат-Тухфа» қолжазбасының зерттелу тарихы сипатталады. Ат-Тухфа қолжазбасының француз, түрік, өзбек, орыс тілдеріне аудармалары талданып, әр аудармаға тән ерекшеліктер берілген. Ескерткішге тән өзіндік белгілерді сипаттай келе, автор қолжазбаны зерттеген ғалымдар еңбектеріне тоқталып кетеді. Отандық, шетелдік ғалымдар тізімі беріледі. Әр ғалымның көтерген мәселелеріне ерекше назар аударылып, мысалдар келтірілген. Зерттеу барысында «ат-Тухфа» қолжазбасына ТМД, оның ішінде қазіргі таңда Қазақстанда қызығушылық көп танылып жатқанына баса назар аударылады. Түркияда Бесим Аталайдың шәкірттері ұстазының бастаған еңбектерін аяқтау мақсатында, аталмыш қолжазбаны қарастырған. Сонымен қатар, зерттеулерге жаңадан көзқарас беру үшін қайта талданған. Батыс елдерде «ат-Тухфа» қолжазбасын өздерінің тілдеріне тигізген әсері жағынан қарастырса, Отандық зерттеулерде «ат-Тухфа» қолжазбасының тілі қандай тілдік топқа жатады деген мәселелерге көбірек көңіл бөлінеді. Көптеген түркі тілдерінен мысалдар келтіріледі. Соның негізінде қолжазба тілімен салыстырылады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Мәмлүк кезеңіндегі қолжазбаларды жинақтау, аудару, талдау жасау деген мәселелер алға қойылып отыр. Мақалада да негізінен қолданылған әдіс мен тәсілдермен іспеттес.

Кілт сөздер: мәмлүк, қолжазба, ортағасыр, Түркі тілдері, лингвистикалық бірлік, қыпшақ.

**Мақала ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР09058201 «Иршәдул-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIV ғ.) теолингвистикалық кеңістік» атты ғылыми жоба аясында орындалды.*

МРНТИ 03.20

ИСТОРИОГРАФИЯ ИЗУЧЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВОЙ РУКОПИСИ «АТ-ТУХФА» МАМЛЮКСКОГО ПЕРИОДА

Конкабаева Назым Нурболатовна^{1*}, Абдрахманова Кулсун Халыковна¹,
Конкабаева Арайлым Нурболатовна², Аубакирова Кундызай Кыдырбаевна³

¹Казахский Национальный Педагогический Университет им. Абая. Казахстан, Алматы.

²Институт Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, Алматы.

³Кызылординский университет им. Коркыт Ата. Казахстан, г. Кызылорда

*Автор-корреспондент.

E-mail: haia89@mail.ru (Конкабаева), agulsum@mail.ru (Абдрахманова),
konkabayeva.arailym@mail.ru (Конкабаева)

Абылай 1757 жылдан бастап Қытаймен бейбіт қарым-қатынаста болғанына қарамастан, осы елдің бодандығын қабылдаған урянхайларға жиі шабуыл жасады, бұл Қытай билігі тарапынан наразылық туғызды. Осылайша, 1760 жылдың 9 наурызында Абылайдың әскерінің урянхайларға шабуылына байланысты әскери кеңеске елшілік жіберу туралы Цяньлун императордың жарлығы шықты: «Біздің Улысұтанда орналасқан Цзянцзюнь урянхайларға әскери шабуыл жасау жағдайы орын алғанын жеткізді. Олар бұл қазақтардың әрекеті дейді. Немесе, бұл Абылай басқарған /жеке/ әскерлер. Бұдан басқа Усыдәни қарауылы басшысының жасақ старшиналарына жазған хатында қазақтардан жинақталған 30 мың әскер Ертіс өзені арқылы Усыдәни қарауылына қарай бет алуға ниетті. Жасақтарға орыс шекараларына жақын маңайларда жасырыну қажет болды». Қарауыл басшысы Усыдәнидің жасақ старшиналарына жолдаған /қолға түсірген/ хатында Ертіс өзені арқылы өтіп, 30 мың адамнан тұратын қазақтардың жиналуы /Қарауыл басшысы Усыдәниге баруға ниеттенгені/ және жасақтарға орыс шекарасына жақын жасырынуы тиіс екендігі айтылады. Абылай өте мойынсұнғыш. Бұл күмән туғызатын жағдай. Оның қол астындағылар Үрімшіге сауда жасау үшін үздіксіз келеді және оның тарапынан мұндай әрекет болуы мүмкін емес» (Хафизова, Моисеев, 2020: 172).

1757 жылдың маусым айында Қытай әскерін қазақ елінен шығару мақсатында Абылай сұлтан қытайлармен келіссөз жасауға әзірлігін білдіреді. Қытайлар қарсылық танытпайды. Қытайлармен келіссөз жүргізуге қазақтардың тарапынан Абылай Әбілмәмбет ханның баласы Әбілпейізді жібереді. Келіссөз барысында Абылайды қазақтың ханы ретінде танып, сол уақытта оған Қытайдың князі (Ванның қаламын) және Қытайдың бағыну бейнесі суреттелген күнтізбе берілді. Бір қызығы, қытайдың императоры қазақ делегациясын қарсы алған кезде Әбілпейізге сұрақ қояды: егерде Қытай мен Ресей арасында соғыс болған жағдайда, қазақтар қай жаққа көмек көрсетеді? – дегенде, Әбілпейіз Абылайдың басты ұстанымын білгендіктен, қазақ елшісі ретінде дәл сол сәтте ойланбастан, қазақтар осы жағдайда бейтарап көзқарас танытатынын айтады (Абуев, Буктугутова, 257-268).

Біз осы жерден, сол кезеңдегі Қытай империясымен Абылайдың қарым-қатынасынан нені көріп тұрмыз? Біріншіден, Қытайдың мойындағаны Әбілмәмбет ханның көзқарасын емес, Абылай сұлтанның негізгі ұстанымын айқындау екендігін байқаймыз. Екіншіден, Абылайдың мықты қолбасшы әрі дипломат ретіндегі қабілеті бар екенін көруге болады. Үшіншіден, Абылай сұлтанның қазақ жерін алып империядан аман алып қалғанын аңғарамыз

1758 жылғы 28-ші тамыз күндері Абылай сұлтанның Қытай патшасы әскерлерімен арасында қақтығыстың болғаны туралы жағдай суреттеледі: «Сібір желісіндегі командадан оларға жеткен хабарламада... кедендік желідегі, шекарадағы тұтқындар мен басқа да адамдарға қытайлық Боғдыханнан қырғыз-қайсақ (қазақ – авт.) ведомствосындағы Абылай сұлтанға қайсақтар Боғдыхан бодандығындағы бес сумун урянхайларды 6-сы күні бағындырғаны туралы хабарланды.... Жеті жүз елу адам оларды жағадан алып, талқандады және олардың кейбірін жаны шыққанша соққыға жықты, ал басқаларын толықтай алды, кейіннен, ол Боғдыхан Абылай сұлтанға аздаған әскерімен қайсақтар басып алған урянхайларды қайтаруды талап етті... (ҚР ОМА, 325: 13-14); РМКАА, 864, 13-14).

Екі архив қорларынан да табылған бұл құжаттан біз нені аңғарамыз? Біріншіден, Абылай сұлтан Қытайға бодан болған 750 урянхайлықтарды тұтқынға алады. Екіншіден, Қытайдың патшасы Боғды хан тұтқынға түсіп және аман қалған урянхайлықтарды қытай тарапына кері қайтаруды талап етеді. Үшіншіден, Боғды ханның әскері Абылайдың тұтқынына түскен урянхайлықтарды құтқару үшін, Ресейдің Ертіс өзенінің бойына салған әскери бекіністердің маңайына келіп тұрады. Төртіншіден, Қытай жақтан келген қауіптен сақтану үшін Сібір әскери шебінің басшысы генерал-майор Вейрман Абылайға және Қытай тарапына бірдей елші ретінде Тара қаласында тұратын бұхарлық көпес Алим Шуховты жібереді. Аталған генералдың екі жаққа да елшілікті жіберуінің басты себебі, Абылайдың Қытай тарапымен саяси қарым-қатынысын бақылауға алу болып табылады.

Біздің ойымызша, Ертістің оң жағында орналасқан Ресей бекіністері әскери әлеуеті жағынан әлсіздеу болды. Салынған бекіністерде әскерлердің саны аз болды. Ертістің сол жағынан сол бекіністерге Абылай тарапынан, яғни, қазақтардан қауіп-қатер болса, ал Ертістің оң жағынан осы бекіністерге Қытайдан да қауіп төніп тұрды. Осындай жағдайда, Ресей империясының Сібір әкімшілігі бүкіл әскери күш жігерін өздерінің боданы болған Абылайға жұмсады. Ресей империясы Қытайдан да, Абылайдан да бірдей сақтанып отырды, сондықтан да қазақтың тілін, дінін, ділін жақсы білетін арнайы Шухов Алимді елшілікке жіберіп отырды.

Абылай сұлтан Қытай империясымен сауда-саттық қарым-қатынасты орнатқан ең алғашқы билеуші ретінде тек экономикалық емес, сонымен қатар саяси мақсаттарды да көздей білген. Сауда-саттық мәселесінде, мысал ретінде 1758 жылдың 18-ші қазанында Үрімші қаласына Абылайдың атынан 300 жылқыны сатуға қазақтардың келгендігі айтылады. 1759 жылдың 1-ші қаңтарында Үрімшіге Абылайдың атынан тағы да бір топ қазақ саудагерлері келеді. Оның саудаға рұқсат беру туралы өтініші

1759 жылғы 19 қаңтардағы жарлықпен қанағаттандырылды. Дәл осы кезден бастап, Шыңжаңдағы қазақ-қытай саудасының ресми басталған күні болып есептеу керектігі айтылады (Калиева, 2002: 254-255).

Бұл тұста, Абылай ханның қытайлармен тұрақты түрде сауда байланысын орнатудағы қарым-қабілетінен, оның сыртқы саясатының ерекшелігін көруге болады. Себебі, Абылай 1757 жылы қазақ-қытай соғысының тоқтауына үлес қосып, екі ел арасында бейбітшілік қатынас орнату жөнінде келісімге келген. Екіншіден, қытайлар Абылайға Ван деген құрмет атағын берген.

Абылайдың қабылдауында 1760 жылы 5 шілдеде Қылшақты өзенінің маңында қытай елшісі Наван болғанын орыс аудармашысы Ф. Гордеев Троицк бекінісінің полковнигі П.П. Роденге хабарлады: «22 күні ол, Абылай, мені жібергісі келді, тек мен, оған жолығып, оған бара алмайтындығымды айттым, Абылайға, қытай билеушісінен жүз адамымен елші, өзін аурумын деп сылтауратып, бармады... Қытай билеушісі оның бодандығындағы урянхайлар мен торғауыттардың иелігіне шабуыл әрекеті үшін бізге ашулы екендігін хатта жазады, Абылайдың өзі немесе қырғыздар (қазақ – авт.) өздігінен алып алған оның адамдарының иелігіне рұқсатым бар деп сес көрсетті. Абылайдың ол иеліктерге ешқандай рұқсаты жоқ, тез арада Абылай сол урянхайлар мен торғауыттардың адамдарын және малдарын қайтаруды, ал қолма-қол жоқ болған жағдайда сол қырғынға ұшыраған адамдардың орнына ұры қырғыздардың өздері есебінен қайтарып, толықтырсын» деп мәлім етті.

Ал егер ол құлақ аспайтын болса дайындықпен соғыс ашуға арнайы әскерді жіберетін болады. 25 күні жоғарыда аталған тұтқындағы урянхайлардан екі адам Қытай елшісіне қашып келіп, оның қабылдауында болды. Олардың артынан қожайындары, қырғыздар, алып кетуге бекініп, кіре бергенде, елші ол қырғыздарды қазір-ақ атып тастауды бұйырады. Жоғарыда айтылған Қытай елшісі Наванмен бірге Қытайдан келген жетпіс қытайлық адам бір ақылды елшімен жолда бөлініп, Таркустантқа Әбілмәмет ханға қарай бет алды...» (ОрОМА, 89: 245-250).

Бұл хаттан қазақ-қытай қарым-қатынастарының кейбір қырларын аңғаруға болады. Біріншіден, Абылайдың ордасында қазақтар айдап кеткен урянхайлар мен мал ұстаған қалмақтарды қайтару мақсатында Қытайдың дипломатиялық миссиясы болды. Екіншіден, олар осы тонаушылық әрекеттеріне қатысқан қазақтардың осы шығындарын өтеуді талап етті. Қытайлар тарапынан олардың шарттары орындалмаған жағдайда соғыс қаупі төнді.

Келіссөздер барысында тұтқындар расында да қазақтардың қолында екені белгілі болды, тұтқындағы екі урянхайлық елшілерге кіргенде, олардың жаңа иелері қазақтарды күшпен қайтаруға тырысқан кезде, қытайлар оларды қару-жарақтың күшімен қорғады. Сонымен бірге елші өзімен еріп келген адамдармен бірге Сырдария өңіріндегі Әбілмәмет ханға аттанады.

Қазақтардың қытайлармен салыстырмалы түрде бейбіт қарым-қатынасы аясында қырғыз (қазақ – авт.) және өзбек біріккен әскерлерінің манжур-қытай әскерлеріне қарсы тұтас шайқастары орын алды. Мұны 1760 жылғы 30 тамыздағы Сібір әскери желілеріндегі қолбасшы, генерал-майор Веймарнның кеңсесінде А. Шиховтың куәлігінен көруге болады:

«Бірақ арасында ол, Шихов, Абылай сұлтанға, өзбек қаласы Коокудағы (Қоқан - В.М.) бұхарлық көпестердің келгендігі туралы хабар алды, қала өзбек билеушісі Эрдэни бек иелігінде еді, өткен жылы қытай әскерлері Эркени, Қарқария, Ақсу және тағы басқа 16 бұқарлық қалаларды бағындырғанда, барлық тұрғындар Қытай иелігіне берілді, себебі Эркени қаласының әміршісі Ходжин Бачи өзінің туыстары мен жақтастарын ертіп, жоғарыда айтылған өзбек иелігінің әміршісі Эрдэни бекке қарай бет алып, бас сауғалады. Өзбек жерлерін басып алу үшін 9 мың әскермен қытайлар аттанғанымен, өзбектер қырғыз (қазақ – авт.) және буряттармен бірігіп, қытай әскерін талқандады, Бұхар әміршісі Ходжан Бачи нұсқағандай өзбек қаласы Коокуда қабылдады. Бұл өзбектер мен сол халықтар бірлесе қалалар үшін қытай әскерінен кек алуға келісті. Шекараларында мыңдаған әскерлерімен өз шекараларында жиналып, қытайлармен соғыс ашуға даяр болды.... Ал Үлкен қырғыз (қазақ – авт.) орданың билеушісі Әбілмәмет хан туралы былай деп мәлімдеме жасады: Әбілмәмет Түркістан қаласында, Қытай елшісі келгенге дейін Абылай сұлтанның кеңесі өтетін күні өзіне келуін талап етті, бұл кеңеске Абылайдың өзі де келуге ниетті еді, бірақ сол кездегі орын алған жағдайларға байланысты Әбілмәмет ханмен кездесуге уақыт тапшы болды» (ОрОМА, 89: 233-234).

Бұл құжаттан Шығыс Түркістанның мұсылман қалаларын қытайлар жаулап алған кезде, кейбір жетекшілер Орта Азия қалаларына қашып, бас сауғалағандары анық көрінеді, олардың артынан 9 мың қытайлық әскер жіберілді. Бірақ оларға қарсы өзбектер мен қырғыздардың біріккен әскерлері шабуыл жасады. Соңғылары 7 мың қытай әскерін тас-талқан етті. Қырғыздар мен өзбектерден құралған әскер 100 мыңға жуық адамды құрады.

Қазақтардың урянхайларға шабуылын біржола тоқтату үшін император Цяньлун Абылай сұлтан атына жолдаған 1760 жылғы 18 қарашадағы грамотасында Қытай иелігіндегі урянхайларға біржолата шабуыл жасауына тыйым салды: «Өткен жылы сенің бөліміндегі Барақ /Ба-ла-кэ/ батыр урянхайларға тонаушылық әрекетін жасаған. Ұлысұтайдың құрметті адамдары (жоғары әскери және азаматтық шенділер - К.Х.) Ұлысұтайға әскерді сізге жылжытуды өтініп, баяндама ұсынды. Бірақ біз /император/

рұқсат бермедік. Тек ұрланған адамдарды және тоналған заттарды анықтауды /қайтаруды/ сізге бұйырамыз.... Бұрын сіздің көшпелілеріңіз ойраттармен соғысып, сізге көп шығын келтірді. Сіз олардан зардап шегіп, тіпті осы жерлерден /қиындықтардан/ құтылу үшін қоныс аудардыңыз. Қазір барлық ойраттар біздің елге кетті. Және сіз қазір жайбарақат көшіп-қонып, қуаныш пен өркендеуге бет бұра аласыз. Енді Іледе әскерлер орналасқан және әскери елді-мекендер ұйымдастырылуда. Біздің мемлекетіміздің заңдары оларға сіздің көшпелі халқыңызды тонауға мүмкіндік бермейді (Хафизова, Моисеев, 2020: 179-180).

Бұл Жарлықтан қытайлар қазақтардың тонаушылықпен айналысқанын анықтап алғаны көрінеді. Енді қазақтар адамдардың малын қайтара бастады. Бұдан былай Қытай ойраттардың қазақтарды бұдан әрі мазаламайтынына кепілдік берді.

Осы тұста біз Абылай бір кездері қазақтар айдап әкеткен урянхайларды қайтару мәселесін реттеу мақсатында өз елшілерін Қытай билеушісіне жібергенін байқауға болады. 1761 жылы Қытай ханы Боғдыхан Аягөз өзенінің оңтүстігіне көшіп-қонуына тыйым салу туралы жарлық шығарды. Алайда қазақтар Тарбағатайдың жайылымын өз бетінше иеленуді жалғастыра берді.

Сол жылы қазақтар ресейліктердің алдында Ресей тағына өзінің адалдығы туралы бірнеше рет ақталуға мәжбүр болды: Ресей Абылайдың Қытаймен жиі қарым-қатынасына алаңдады. Мұны Абылайдың Цин билігімен өзара қарым-қатынасы жөніндегі және Омбы бекінісінде және оның 1761 жылғы 28 желтоқсандағы Ресей тағына адалдығы туралы Жолбарыс сұлтанның бір хабарламасынан ашық аңғаруға болады: «Қырғыздар қытайлармен бірге Тарбағатай шатқалы, Ерен Қабырғада және Іле өзені алқаптарында айырбас-сауда жүргізді... Алайда Қытай билеушісі Боғдыханнан Аягөз атты өзен бойындағы шекараларында қырғыздар көшіп-қонуына тыйым салу туралы бұйрық келді.... (Хафизова, Моисеев, 2020: 182).

Осы хаттан Ресей тағына адалдық сөздері және Қытай бодандығын қабылдамау мәселелерінен басқа, қазақ сұлтаны қытайлармен бірге жүргізетін Тарбағатай, Ерен Қабырға және Іле өзені алқаптарындағы бірқатар сауда орындарын атап өтті. Сонымен қатар, Қытай тарапынан қазақтарға Аягөз өзені бойындағы жайылымдарға көшіп-қонуға тыйым салынды. Осы әңгіме барысында Жолбарыс қазақтардың олармен бұрын-соңды ешқандай хат алыспағанын және Қытайға елшілер жібермейтінін хабарлады. Әрине, мұнда қазақтар ашық айла-амал жасап, Ресей тарапын адастырған: бұған осы кездесуге дейінгі және кейінгі ондаған елшілікті растайтын көптеген архивтік құжаттар дәлел бола алады.

Қытай әскерлері 1762-1765 жылдары Жоңғария жерінен қазақтарды көшіру бойынша бірнеше жазалау операцияларын жасады. Бірақ қыстың басталуымен және қытайлардың кетуімен қазақтар бұл аумақтарға қайта оралды. Келген қазақтардың саны біртіндеп өсе түсті. Абылай қытайлармен келіссөздерді жандандырды.

Шекаралық мәселелерді шешу мақсатында қазақтар елшілер жіберуді қолға алды, бұл туралы Петропавл бекінісіндегі қолбасшы генерал-майор П. Девицтің атынан Сібір корпусының қолбасшысы генерал-лейтенант И.И. Шпрингерге Абылай сұлтанның елшілігін Қытайға қайтару туралы және Дурраний империясының Қытаймен соғысы туралы 1765 жылғы 10 қазандағы бір баянаты растайды: «Кешегі күні маған Құлсары батыр келген бойда оның ұлы Құлебақ батыр Абылай сұлтанның Қытайға жіберілген елшіліктің қайтқанын жариялады. Бірақ ол, Құлебақ, қандай жаңалықтармен келгенін әлі нақты білмейді. Ал ол барлау жүргізуге тырысатындығын айтып, уәде берді және де тез арада хабардар ететіндігін жеткізді. Қытайлар мен ауғандықтар арасында соғыс болып жатқандығын естідік» (ООТА, 137: 199).

Бұл хаттан келесідей мәселелерді қарауға болады: кейбір қазақ старшындары, батырлары Ресейге кезең-кезеңімен ақпарат жеткізіп отырды, байқауымызша, тегін емес. Және де сұлтан Абылай жіберген Қытайдан елшілік келді. Үшіншіден, Қытай мен ауғандықтар арасында соғыс басталғаны жөнінде ақпарат жетті.

Қытайлар мен қазақтар арасында жоңғарлардан босатылған жайылымдық жерлер үшін әскери қақтығыстар орын алды. Мұны Сібір губернаторы Ф.И. Соймоновтың Сыртқы істер алқасына жолдаған 1763 жылғы 15 қаңтардағы Қазақ-Цин қақтығысы туралы баянатынан көруге болады: «Жоңғария жерінің даласының шыңдарында / Сарысу өзенінде өткен жылы бірнеше күймелі арбаларымен қырғыз (қазақ – авт.) табындары жіберілді, сонда қытайлар Қазыбек би мен оның ағасы Қабай биді жылқы жайып жүрген бірнеше адамдарымен тұтқынға алды, біршамасын өлтірді, кейбіріне оңай емес талаптар қойып, кері қайтарды, ал олардың ішінде қырғыздар да бар тұтқындағы қалмақтарды, сондай-ақ көптеген жылқыларды тіптен босатпады, бұл деректерге жоғарыда айтылған аудармашы Гордеев пен көпес Возлимовтың хабарламалары сәйкес келеді (РССА, 1: 1-12. *Түпнұсқа*).

Қазақтар мен қытайлар арасындағы жер даулары қақтығысына Қытай өз арасында күрделі қарым-қатынас орнаған басқа елдерді кіріктіре алмады. Бұл тұрғыда Орта Азияның өзбек билеушісі Ердене бидің тарапынан қазақтармен әскери одақ құру туралы талпыныстар орын алды. Бұл 1764 жылғы 13 тамыздағы

Ердене бидің Абылайға циндерге қарсы одақ құру туралы хатынан көрінеді (Хафизова, Моисеев, 2020: 202-203).

Кейде қазақтардың өзбек билеушісі Ердене бекпен қарым-қатынасы шиеленіскен кезде, сұлтан Абылай оған әскери көмек көрсету туралы өтінішпен Пекинге елшілік жіберген. Бұл туралы 1767 жылдың 14 қазанындағы Орта жүзден оралған жолдастарымен бірге башқұрт К. Абзановтың мәлімдемесі хабарлайды: «Оған, Абылай сұлтанға саудадан келген шүршіттерден, яғни, қытайлардан, керей руынан шыққан қырғыздар, олардан шүршіттерге жіберілген, Абылай сұлтанды, он екі адамымен оның туған жиен інісі Дәулет-Керей сұлтанды және қырғыздар Ердене биге материалдық көмек беруге жол тартқан сол шүршіттер соғыс күштерін беруге уәде беретіндігін жариялауды бұйырды» (Хафизова, Моисеев, 2020: 219).

Біздің ойымызша, Абылай Қытайдың әскер беретініне сенімсіздік танытты. Себебі, оның алдында әскери көмек сұраған уақытта олар бірден бас тартқан болатын. Бірақ Сыздық төрені Қытайға жіберіп көмек сұрауынан, дипломатиялық байланыс орнатуды мақсат тұтқанын немесе реверанс әдісін қолдануға талпынысы деп түсінуге болады. Сол кезде Абылайдың қырғыздарды бағындыратын өзінің әскери жасағы жеткілікті еді. Абылай ханның жүз мыңға дейін әскер құрамын қазақтар арасынан да жинай алатын мүмкіндігі болған. Соның дәлелі ретінде келтірсек: 1771 жылы көктемде Балқаш өзенінің жанында Еділ қалмақтармен шайқасқа қазақтардан жасақталған 100 мың сарбаз жинаған. Соның 50 мыңын Абылай ханның немере ағасы Сұлтанмәмет сұлтан солтүстік-шығыс Қазақстаннан жинақтап алып келген (Кабульдинов, 2018: 127).

Осы жерден тағы бір сұрақ туындайды? Неліктен Қытай империясы Абылайға әскери күш беруден бас тартады? Біріншіден, Цинь империясына Орта Азияда көшпенді қазақтардан жасақталған, күшейген әскери жасақтың қажеті болмады: Олар 1758 жылы көшпенді жоңғарларды бар күш жігерін салып бағындырған болатын. Екіншіден, Қытай империясы Орта Азияда қазақтар секілді мұсылман мемлекетінің күшею қарқынын қажет деп санамады. Үшіншіден, әлдеқайда өзінен әлсіздеу «варвар» елге көмектесуге намысы жібермеді. Сондықтан да, Абылай Қытай және Ресей империяларымен одақ құру жағынан біртіндеп үмітін үзе бастаған.

Сөзімізге мына құжат та дәлел бола алады: 1767 жылы 21 қазанда Император Цяньлунның Абылайға Қоқан хандығымен соғыста әскери көмектен бас тартуы туралы грамотасында: «Сенің өтініштерің ешқандай да шеңберге кірмейді. Сендер, қазақтар мен қоқандықтар, бізге бағынып, біздің қызметшілерімізге айналдыңдар. Ердене біздің алдымызда кінәлі емес. Бір қызметшінің басқа қызметшіге шабуыл жасауына көмектесуге негіз бар ма? Біз сізге Ерденеге қарсы күресте көмектесеміз, бірақ ол да бізден көмек сұрай алады. Біз сонда қандай жағдайға тап боламыз? Сондықтан бұлай жасағанымыз ешқайда да жарамайды...» - делінген (Хафизова, Моисеев, 2020: 220-221).

Абылай мен Цин сарайы арасындағы елшілік және сауда қарым-қатынастарының белсенді байланыста болуы – Қазақ мемлекетінің нығаюына, Қазақ хандығының халықаралық беделінің өсуіне, сонымен қатар Абылайдың Орта және Орталық Азия халықтарының саяси өміріндегі рөлін күрт арттырған болатын. XVIII ғасырдың 50-60 жылдары Шығыс-Түркістан қожалары Цин империясына қарсы күресте Абылайдан көмек сұрайды (Моисеев, 1993: 50).

Кейінгі жылдары Абылайдың Қытаймен елшілік байланысы күшейе түсті, бұл Абылай 1771 жылы Әбілмәмет ханның орнына жалпы қазақ ханы болып сайланды. Мәселен, 1773 жылы 3 қыркүйекте Құлсары батыр Петропавл бекінісінің қолбасшысы генерал-майор С.К. Станиславскийге Абылай ордасына Қытайдан ұлы Әділ оралғанын баяндайды: «Қадірлі иеміз Абылай сұлтан тамыз айының 29 күні өзінің ұлы Әділді Қытай ханына... Қырғыздардан естуімізше, ол онда аманат арқалап жіберілді» (ООТА, 182: 174-175).

Соңғы жылдары Абылай ханның Ресеймен қарым-қатынасы оның Қытаймен байланыстарының күшеюіне орай әлсірей бастады. Маңыздысы – Ресей оны қазақтың біртұтас ханы ретінде мойындағысы келмеді. Сонымен бірге, Дала заңдарына сәйкес келмесе де, оны басқа сұлтандар мен батырлармен алмастыруға бірнеше әрекеттер жасады. Осы жағдайларда, Абылай Ресейді оған елеулі жеңілдіктер жасауға және преференциялар алуға мәжбүрлеу мақсатында Қытаймен біршама жақындасуға тырысты. Бұл жағдайды Құлебақ батырдың Петропавл бекінісіндегі қолбасшы бригадир С.В. Сумороковқа Абылай ханның өз бергендерімен бірге 1778 жылғы 16 қаңтардағы Ресей Қарулы Күштерінің сауда қатынастарынан бас тартып, Қытай бодандығына өту ниеті туралы жазған хатынан көруге болады: «Абылай сұлтан келе жатқан наурыз айында жергілікті шекарадан қашқысы келеді. Сонымен қатар Орта жүз қырғыздарын өзімен бірге алып, Ресей шекараларында көшіп-қонуға, сауда-саттыққа жол бермей, барлық старшындар мен батырларды көктемде кеңеске шақырып, Қытай Боғдыханына бодандықты алу бойынша елші жіберуді қалайды деген хабарды қаңтардың 13-і күні өзіміздің қырғыздардан естідік»... (ООТА, 212: 56).

Бұл ретте ресейшіл батыр Абылайға бағыну және одан алшақтау белгілерін көрсетіп қана қоймай, өзінің билеушісін «ақылы кем» деп мазақ ете атады, байқауымызша, Ресей империясынан пайда мен

наградлар алғысы келген болса керек: «Мен үш жүздей күймелі арбаларымен өзіме бағыныштылардың алқалы лауазымдары бойынша Ресейден бас тартқан біздің «ақылы кем» Абылайға емес, ұлы император біздің мәртебелі иемізге адал қызмет етуге және сол жерде тұруға уәде беремін» (ООТА, 212: 56).

Абылай Алатау қырғыздарын бағындыру мақсатында Қытайдан әскери көмек сұраған. Осы негізде 1779 жылдың көктемінде Абылай өзінің баласын Сыздық төрені Қытайдың императорына жібереді. Бірақ Қытай тарапы Абылайға көмектесуден ашық бас тартады. Ханның бұл әрекетін олар өздерінің пайымдауынша, «дөрекілік» деп түсінеді. Сондықтан, Абылай өзінің өмірінің соңғы жылдарында Қытай мемлекетімен саяси қарым-қатынасын нығайтуға деген үмітін біртіндеп үзе бастайды (Ерофеева, 2014: 277-278).

Абылайдың беделі тек қана қазақ жерінде емес, Орта Азия елдерінің арасында танымал болды. Аса ірі қолбасшыны Ресей империясының қол астында болған басқа да түрік халықтары да оның ұтқыр саясаты мен басқару шеберлігіне тәнті болды. Мысалы, башқұрттардың бір бөлігі Ресей империясының қысымына шыдай алмай, Абылайға бағынып, қазақ жеріне көшіп кетуді жоспарлаған. Башқұрттардың бұл әрекетін түсінуге болады. Себебі, қазақ пен башқұрлардың бір-біріне тіл, дін және шаруашылық жағынан, тіпті рулық құрамдар бағытында өте жақын туыс халық болған. Башқұрттардың Абылайдың қол астында кіруге деген ниеттері жайлы 1772 жылдың 28-ші шілде күні Сұлтанмәмет пен Орыс сұлтандарының Сібір корпусы басшысы генерал И.А. Деколонгқа жазған хатында Башқұрттардың ант бұзып Абылайға көшіп кету туралы туралы мәлімет берілген: «Сіздің жоғары мәртебеңізге жариялаймын, Орынбор губерниясындағы башқұрттар Ресей тарапына емес, Қырғыз (Қазақ – авт.) ордасына берілгісі келетіндігі туралы сыбыс таралуда. Менің Сізге айтқан бұл мәлімдемемді құпияда сақтауыңызды сұраймын. Сіздің тарапыңыздан бұл құпия ашылса, мен қырғыздардан наразылық әрекетін тартамын. Ия, және де кейбір қырғыздардан, менің Ресей жағына деген лауазымым бойынша қауіптенемін» (ООТА, 176: 85).

Бұл құжаттан біз Абылай ханның башқұрттардың қолдауымен билігін күшейткісі келетінін жасыруға болмайды. Себебі, 1771 жылы Абылайдың үш жүздің ханы болып сайланғаны белгілі. Сол кезден бастап, Абылай Ресей империясымен санасуды қоя бастады. Өзін тәуелсіз, дербес елдің патшасы ретінде ұстаған. Әрине, осы жағдайдан башқұрттар да хабардар болған еді.

Қорытынды. Өзінің әскери күш-жігерінің және дипломатиялық ұтымды қадамдарының арқасында ол Қытай әскерлерінің Қазақстан аумағы арқылы қозғалысын тоқтатып қана қоймай, Тарбағатай мен өзен аңғарындағы дәстүрлі жайылымдарды қайтарды. Сонымен бірге оның әскери жорықтарының нәтижесінде Алатау қырғыздарының (қазақ - авт.) шабуылдары бірнеше рет тоқтатылды.

XVIII ғасырдың соңында Орта және Кіші жүздердегі қазақтардың бір бөлігі Қытай бодандығын қабылдады және Тарбағатай, Іле өзені алқаптары және Моңғол Алтайдың бай жайылымдарына қоныстанды.

Осылайша, Абылай екі мемлекет арасындағы әскери қақтығыстар аяқталған тұста шамамен 1757 жылдан бастап Қытаймен бейбіт қарым-қатынасты қолдады. Кейін сол тәжірибені ұлы Уәли жалғастырды. Уәли қайтыс болғаннан кейін де екі ел арасындағы қарым-қатынасты қолдау тәжірибесін жалғастыруды қазақ халқының басқа да сұлтандары талпыныстар жасады. Бірақ Ресей Орта жүздегі хандық билікті жойып, Қазақ жерінің аумағы бойынша Қытай дипломатиялық миссияларының қозғалысын күш қолдану әдістері арқылы тоқтатты.

Әдебиеттер тізімі

Алтайбек С., Иванов Г. Казахстан-Россия: тернистый путь к современной интеграции. Хронологическое собрание. 1731-2017 гг. СПб: Литагент - Литео, 2017. 760 с.

Абуев К.К. Буктугутова Р.С. Роль хана Аблая в развитии казахско-китайских отношений // Валихановские чтения - 7: Сборник материалов международной научно-практической конференции. Кокшетау, 2002. 257-268 с.

Ерофеева И.В. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах / Автор проекта, биографии ханов, научных комментариев; составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева. Т.І: Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. 696 с.

Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX вв. Составители Хафизова К.Ш., Моисеев В.А. / Второе издание (исправлено и дополнено). Нур-Султан, 2020. 344 с.

Кабульдинов З.Е. Султанмамет султан: государственный деятель, дипломат и батыр. Алматы: Литера-М, 2018. 303 с.

Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств (XVIII век). Алматы: Білім, 1999. Т. 1. 288 с.

Калиева А.Н. Из истории казахско-китайских торговых отношений во второй пол. XVIII в. // Валихановские чтения-7: Сборник материалов международной научно-практической конференции. Кокшетау: 2002. 254-255 с.

ҚР Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА). 2300-қ., 325-іс, 13-14-п.; Ресей мемлекеттік көне актілер архиві (РМКАА). 248 қ., 864 іс, 13-14 п.

Моисеев В.А. Роль Аблая в укреплении и развитии международных связей казахского ханства // Аблай-хан. Кенесары: (проблемы национально-освободительного движения). Алматы: Гылым, 1993. 119 с.

Омбы облысының тарихи архиві (ООТА). 1 қ., 76 іс, 189 - 190 п.

ООТА. 1 қ., 76 іс, 230-23 п.

ООТА. 1 қ., 66 іс, 74-75 п.

Орынбор облысының мемлекеттік архиві (ОрОМА). 1 қ., 89 іс, 245-250 п.

ОрОМА. 1 қ., 89 іс, 233-234 п.

ООТА. 1 қ., 137 іс, 199 п.

ООТА. 1 қ., 182 іс, 174-175 п.

ООТА. 1 қ., 212 іс, 56 п.

ООТА. 1 қ., 212 іс, 161-164 п.

ООТА. 1 қ. 1 - т. 176 іс. 85 п.

Сулейменов Р.Б. Роль и место Абылая в национально-освободительной борьбе и объединении казахского народа в единое государство в XVIII веке. // Аблай-хан. Кенесары: (проблемы национально-освободительного движения). Алматы: Гылым, 1993. 119 с.

Ресей сыртқы саясаты архиві (РССА). 3 қ., 4 іс, 539 п.

РССА. 1 қ., 1 іс, 1 - 12 п. Түпнұсқа.

References

Altaibek S., Ivanov G. Kazakhstan-Rossiya: ternistyj put' k sovremennoi integracii. Hronologicheskoe sobranie. 1731-2017 gg. SPb: Litagent-Liteo, 2017. 760 s.

Abuev K.K. Buktugutova R.S. Rol' hana Ablaya v razvitii kazahsko-kitaiskih otnoshenii // Valihanovskie chteniya - 7: Sbornik materialov mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii. Kokshetau, 2002. 257-268 s.

Erofeeva I.V. Epistolyarnoe nasledie kazahskoi pravdashchei elity. 1675-1821 gg. Sbornik istoricheskikh dokumentov v 2-h tomah / Avtor proekta, biografii hanov, nauchnykh kommentarijev; sostavitel' i otvetstvennyi redaktor I.V. Erofeeva. T.I: Pis'ma kazahskih pravitelei. 1675-1780 gg. Almaty: AO «ABDI Kompani», 2014. 696 s.

Cinskaya imperiya i kazahskie hanstva. Vtoraya polovina XVIII – pervaya tret' XIX vv. Sosta Hafizova K.SH., Moiseev V.A. / Vtoroe izdanie (ispravleno i dopolneno). Nur-Sultan, 2020. 344 s.

Kabul'dinov Z.E. Sultanmamet sultan: gosudarstvennyi deyatel', diplomat i batyr. Almaty: Litera-M, 2018. 303 s.

Kasymbaev ZH.K. Gosudarstvennye deyateli kazahskih hanstv (XVIII vek). Almaty: Bilim, 1999. T. 1. 288 s.

Kalieva A.N. Iz istorii kazahsko-kitaiskih torgovyh otnoshenii vo vtoroi pol. XVIII v. // Valihanovskie chteniya-7: Sbornik materialov mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii. Kokshetau: 2002. 254 - 255 s.

QR Ortalyq memlekettik arhivi (QR OMA). 2300 q., 325 - is, 13 - 14 p.; Resei memlekettik kone aktiler arhivi (RMKAA). 248 q., 864 - is, 13 - 14 p.

Moiseev V.A. Rol' Ablaya v ukreplenii i razvitii mezhdunarodnyh svyazei kazahskogo hanstva // Ablai-han. Kenesary: (problemy nacional'no-osvoboditel'nogo dvizheniya). Almaty: Gylym, 1993. 119 s.

Omby oblysynyn tarihi arhivi (OOTA). 1 - q., 76 - is, 189 - 190 p.

OOTA. 1 q., 76 is, 230 - 23 p.

OOTA. 1 q., 66 is, 74-75 p.

Orynbor oblysynyn memlekettik arhivi (OrOMA). 1 q., 89 - is, 245 – 250 p.

OrOMA. 1 q., 89 - is, 233 - 234 p.

OOTA. 1 q., 137 - is, 199 p.

OOTA. 1 q., 182 - is, 174 -175 p.

OOTA. 1 q., 212 - is, 56 - p.

OOTA. 1 q., 212 - is, 161-164 p.

OOTA. 1 q. 1 t. 176 is. 85 p.

Suleimenov R.B. Rol' i mesto Abylaya v nacional'no-osvoboditel'noi bor'be i ob'edinenii kazahskogo naroda v edinoe gosudarstvo v XVIII veke. // Ablai-han. Kenesary: (problemy nacional'no-osvoboditel'nogo dvizheniya). Almaty: Gylym, 1993. 119 s.

Resei syrtky sayasaty arhivi (RSSA). 3 q., 4 is, 539 p.

RSSA. 1 q., 1 is, 1 - 12 p. Tynyska.

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_84

ҰЛЫ ЖҮЗ ПРИСТАВЫ ЖӘНЕ АЛАТАУ ОКРУГЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**Жүрсінбаев Б.А.^{1*}, Серікбаев Е.Қ.¹ Калыгулова Ж.А.¹**¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Қазақстан, Тараз

*Автор-корреспондент

E-mail: bakytzhan_72@mail.ru (Жүрсінбаев), serikbaev.66@mail.ru (Серікбаев), kga_1981@mail.ru (Калыгулова).

Түйіндеме. Мақалада 1848-1867 жылдар аралығында Жетісу өлкесінде алдымен Ұлы жүз Приставы, кейін 1856 жылдан бастап Алатау округы бастығы деген атаумен қызмет жасаған мекемесінің тарихына қатысты мәселелер жан-жақты баяндалады. Соның ішінде Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар мекен еткен Жетісуды қарудың күшімен бағындырған соң өлкедегі жергілікті тұрғындарға отарлық тәртіпті орнату үшін жергілікті әскери-әкімшілік билік орындарының жүзеге асырған түрлі іс-әрекеттері талданады. Яғни, патшалық Ресей империясының отаршылдық саясатында бұл мекеме Жетісу өлкесін түпкілікті иемдену үшін Ұлы жүз қазақ рулары мен қырғыздардың бірлігін жойып, бөлшектеуді алдына мақсат етіп қойған. Сонымен қатар мақалада Ресей билік орындарының араласуымен Жетісу өңірінде жер дауының шиеленісуі, орыс әскери құрылымдарының Жетісу жеріне жасаған жорықтары, сондай-ақ Алатау округы әкімшілігінің жергілікті басқарушы топпен ара қатынасы мен отарлау әдіс-тәсілдері объективті түрде талданып, өзіндік ғылыми бағасын алады.

Кілт сөздер: Алатау округы, Батыс Сібір генерал губернаторлығы, Верный, Пристав, Жетісу, қазақтар, қырғыздар, казактар, патша өкіметі, сұлтандар, билер, манаптар.

МРНТИ 03.20.00

УЧРЕЖДЕНИЕ ПРИСТАВА БОЛЬШОЙ ОРДЫ И АЛАТАУСКОГО ОКРУГА**Жүрсінбаев Б.А.^{1*}, Серікбаев Е.Қ.¹ Калыгулова Ж.А.¹**¹Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, Казахстан, Тараз

*Автор-корреспондент

E-mail: bakytzhan_72@mail.ru (Жүрсінбаев), serikbaev.66@mail.ru (Серікбаев), kga_1981@mail.ru (Калыгулова).

Аннотация. В статье всесторонне описывается история учреждения Семиречьенского края с 1848 по 1867 годы, с названием сначала пристава Великого жуза, после с 1856 года начальника Алатауского округа. В частности, подробно анализируются различные действия местных военно-административных властей по установлению колониальных порядков в регионе после завоевания Семиречья, населенного казаками Великого жуза и киргизами. Иными словами, основной целью данного института колониальной политики царской Российской империи являлся разрушение единства казахских племен Великого жуза и кыргызов, для окончательного завладения Семиречьем. Вместе с тем в статье объективно анализируются и научно оцениваются обострение земельного спора в Семиреченском крае с помощью вмешательства российских органов власти, завоевательные походы русских военных образований в Семиречье, а также вопросы взаимоотношения администрации Алатауского округа с местными управленческими группами и методы колонизации.

Ключевые слова: Алатауский округ, Западный Сибирский генерал губернаторство, Верный, Пристав, Семиречья, казахи, киргизи, казаки, царская власть, султаны, бии, манапи

IRSTI: 03.20.00

ESTABLISHMENT OF THE BAILIFF OF THE GREAT HORDE AND THE ALATAU DISTRICT

Zhursinbaev B.A.^{1*}, Serikbaev E.K.¹, Kalygulova Zh.A.¹¹Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati. Kazakhstan, Taraz

E-mail: bakytzhan_72@mail.ru (Zhursinbaev), serikbaev.66@mail.ru (Serikbaev), kga_1981@mail.ru (Kalygulova).

Abstract. The article comprehensively describes the history of the establishment of the Semirechye region from 1848 to 1867, with the name first of the bailiff of the Great Zhuz, after from 1856 the head of the Alatau district. In particular, various actions of local military-administrative authorities to establish colonial order in the region after the conquest of Semirechie, inhabited by the Kazakhs of the Great Zhuz and the Kirghiz, are analyzed in detail. In other words, the main goal of this institution of the colonial policy of the tsarist Russian Empire was the destruction of the unity of the Kazakh tribes of the Great Zhuz and the Kyrgyz, for the final possession of Semirechye. At the same time, the article objectively analyzes and scientifically assesses the aggravation of the land dispute in the Semirechye region with the help of the intervention of Russian authorities, the conquests of Russian military formations in the Semirechye, as well as the relationship between the administration of the Alatau district with local management groups and colonization methods.

Key words: Alatau district, Western Siberian governor general, Verny, Bailiff, Semirechie, Kazakhs, Kirghiz, Cossacks, royal power, sultans, biys, manapis.

Кіріспе. Ресей империясының қазақ даласында жүргізген отаршылдық саясатын жүзеге асыру үшін оның жергілікті әскери-әкімшілік билік орындары көптеген әдіс-тәсілдер мен айла-әрекеттері арқылы қазақ елін бағындырған. Әсіресе Жетісу өлкесінде тағайындалған Ұлы жүз приставы және Алатау дуандығының атқарған қызметі патша өкіметінің отаршылдық саяси жүйесінде алатын орны ерекше. XIX ғасырдың 40-жылдары бұл мекеме еркін өмір сүріп жатқан Ұлы жүз қазақтарының тәуелсіздігін жойып, оларды күшпен Ресей империясының отарына айналдыруға көшеді. Патша өкіметінің жергілікті әскери-әкімшілік билік орындары Ұлы жүз қазақтарын бірлігін жойып және бөлшектей отырып, қазақ руларын бір-біріне айдап салады. Отаршылдар қазақ қоғамындағы дау-дамайларды жасанды түрде ушықтыра отырып, өзара қырқыстыру нәтижесінде қазақ руларын өз ата мекенінен бірте-бірте айырады. Оған қоса дәл осы уақыттары Жетісу өлкесінде жер дауы күрт шиеленісіп, ең маңызды саяси факторға айналады. Нәтижесінде Жетісу өлкесін мекендеген Ұлы жүз қазақтарының руаралық жанжалдардың пайда болуы мен Ресей империясының қол астына өтуінің өзі, осы жер дауына байланысты өрбиді. Ал оны іске асырған Ресей империясының жергілікті әскери-әкімшілік билік орындары еді. Осыған байланысты Жетісу өлкесіндегі патшалық Ресейдің жергілікті билік орындары қызметінің тарихын зерттеу отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне саналатындағына еш күмән келтіруге болмайды. Мұндай тақырыпта зерттеу жүргізу отаршылдық саясаттың қыр-сырын терең түсінуге өз септігін тигізери сөзсіз.

Материалдар мен әдістер. Мақалаға патша өкіметінің Жетісудің жергілікті отарлауға арналған түрлі заңдар, актілер, ережелер, билік орындарының қызметтері мен міндеттері туралы мәліметтер материалдар ретінде пайдаланды. Оған қоса тақырыпты ашуда әскери-әкімшілік мекемелерінің іс-қағаздары мен жазбалары, әскери шенеуніктер мен саяхатшылардың жүргізген естеліктері, күнделіктері, сол уақыттары жарық көрген көптеген мерзімді басылымдардың мәліметтері алынды. Сонымен қатар Жетісу өлкесіндегі патша өкіметінің жергілікті әскери-әкімшілік билік орындарының қызметі мен іс-әрекеттері туралы Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚР ОМА) және Омбы облысының Мемлекеттік Мұрағаты (ОО МА) қорларында сақтаулы деректік құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Мақаладағы мәселені ашуда ретроспективтік, презентивтік және перспективалық әдістер қолданылды. Осылар арқылы Жетісу өлкесіндегі патша өкіметінің жергілікті әскери-әкімшілік билік орындарының қызметі мен іс-әрекеттері туралы тұжырымдалды. Тарихи-салыстырмалы тәсілді қолдану арқылы билік орындарының ерекшеліктері талданды. Аталмыш тәсіл көп жағдайда логикалық және типтік-құрылымдық аспектіде жүзеге асырылды. Логикалық аспект арқылы мәселенің негізі анықталып, оны өзара салыстыра зерттелді. Зерттеліп отырған мәселенің өзіндік мазмұнын ашу құрылымдық-типтік тұрғыда қаралып, осы негізде салыстырылатын құбылыстың бір типтігі мен әртүрлілігі анықталды. Ретроспективті тәсілді қолдану арқылы Жетісу өлкесіндегі патша өкіметінің жергілікті әскери-әкімшілік билік орындарының қызметі мен іс-әрекеттеріне терең бойлауға, сол арқылы мәселені кеңінен ашып көрсетуге қол жеткізілді. Сөйтіп, жаңа бағыттағы теориялық методологияны және ғылыми зерттеудің түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалану қарастырып отырған мәселені жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді.

Талдау. Бүгінгі таңда патшалық Ресейдің Жетісу өлкесіндегі патша өкіметінің жергілікті әскери-әкімшілік билік орындарының қызметі мен іс-әрекеттеріне қатысты жазылған еңбектер Қазақстан азаттық алғаннан бері күшейе түсті. Ресейдің Жетісу өлкесіндегі патша өкіметінің жергілікті әскери-әкімшілік билік орындарының қызметі мен іс-әрекеттерін талдауда М.Қ. Қойгелдиевтің монографиялық зерттеуінде патшалық биліктің Жетісу өңіріндегі қызметтеріне бағалар беріледі. Отарлаудың ащы шындығы К. Нұрпейісовтың еңбегінде жан-жақты көрсетіліп, Ресей империясының қазақ даласына жасалынған қатыгездік пен озбырлыққа, жергілікті халықты ата қонысынан ығыстыру шараларына тоқталады. Жетісу өлкесіндегі патша өкіметінің жергілікті әскери-әкімшілік билік орындарының бағыттары мен қадамдарына қатысты ой-пікірлері мен ұстанымдары Е. Валиханов, В. Галиев, А. Махаева, С. Рүстемов, Б. Әбдірахманова, Т. Далаева, Ж. Мықтыбаеваның еңбектерінде қарастырылған. Осы аталған тарихнамалық зерттеулер Ресей империясының өлкедегі билігінің тарихына объективтік тұрғыдан баға беру қажеттілігін және ғылыми жағынан құндылығын аңғартса керек.

Зерттеу нәтижелері. XIX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның басып алынған солтүстігі мен шығысында Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл және тағы басқа бекіністер мен әскери қоныстардың салынуы, Қытай империясының Англиямен болған I апиын соғысында жеңіліс тауып, өзінің жартылай отар елге айналуы және Қоқан хандығында болып жатқан ішкі саяси талас-тартыстар патша өкіметінің Жетісу өлкесіне емін-еркін кіруіне жол ашты. Дегенмен XIX ғасырдың 20-жылдары Ресей империясы Ұлы жүздің бір бөлігіне өз бақылауын орнатқанымен Жетісудағы билігін толық жүргізе алмады. Сондықтан патша өкіметі XIX ғасырдың 40-жылдарына қарай Жетісу жерін қарудың күшімен біржола бағындыру үшін әскери күштерді бекіністің бойына топтастыра отырып, әскери-әкімшілік орындарын қалыптастырады (Румянцев, 1910:34).

Мұндай іс-шараларды Батыс Сібір генерал-губернаторлығы іске асырады. Оның орталығы бастапқы кезде Тобыл қаласы, кейін Омбы қаласына көшіріледі. Батыс Сібір генерал-губернаторлығының иелігіне Сібірдің Тобыл, Том губерниялары мен Омбы облысы кірді. Омбы облысына Омбы, Петропавл, Семей және Өскемен ішкі округтері қарады, ал Орта және Ұлы жүз қазақтары көшіп-қонған қазақ даласы толық жаулап алынған соң сыртқы округтер ретінде кіргізілу көзделді. 1838 жылы Батыс Сібірдегі Бас басқарма Омбыға көшіп келгеннен кейін, Омбы облысы тарайды да, оның орнына Орта және Ұлы жүз қазақтарын басқару үшін шекара басқармасы құрылады. Ол Батыс Сібір Бас Басқармасына тікелей бағынады және қазақ даласындағы жағдайларға «қырағы» қарап, өз бақылауына алады. Шекара бастығының дәрежесі азаматтық іс бойынша губернаторлық құқықты иеленсе, әскери істе дивизия командирінің қызметін атқарды (Зиманов, 1960:246). Бұл патша өкіметінің Жетісу өлкесін жаулауда әскери күштерді күшейткенін білдіріп, Ұлы жүз қазақтарының ісі күрделеніп, тікелей шекара бастығының бақылауына көшкенін көрсетті. Сонымен қатар, шекара бастығы Жетісу қазақтарының тәуелсіздігін біржола жою мақсатында, онда орыстардың отаршыл әкімшілік-территориялық басқару жүйесін құрумен айналысты (Жақыпбек, 1999:4).

Жетісу өлкесіне қарай басқыншылық саясатын күшейтуге дайындалған патша өкіметі 1831 жылы Аягөз округын ашады. Аягөз округының ашылуы орыстардың Жетісу өлкесіне ең алғаш аяқ басуы болып табылады. Олар осы округты өлкедегі ең мықты тірек орнына айналдыра отырып, бүкіл Жетісу өлкесіне орыс билігін орнатуға ұмтылды (Қойгелдиев, 2014:24). Бірақ Кенесары Қасымов бастаған қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысының Жетісу өлкесіне ауысуы, Аягөз округының көтерілісшілерді басып-жаншуға келгенде әлсіз екенін, Ұлы жүз қазақтары кез-келген уақытта орыс билігінен шығып кете алатынын байқатты. Оның үстіне К. Қасымов бастаған қозғалыстың Ұлы жүздің жеріне қарай өтуі патша әкімшілігін одан әрі қобалжытты. Өйткені патша өкіметінің Жетісу өлкесінде Аягөз округынан басқа К. Қасымовтың қозғалысын түншықтыратын бірді-бір бекініс немесе тірек орындары болмады. К. Қасымовтың қозғалысын жою үшін Жетісу өлкесіне жіберілген орыстардың жазалаушы әскери күштері түк бітірмей, кейін қайтып келіп жатты. Оған қоса Ұлы жүз қазақтарының К. Қасымовтың қозғалысына жаппай қосылуы патша өкіметін қиын жағдайда қалдырып, Жетісу өлкесін отарламақ болған жоспарына үлкен қауіп төндірді (Қасымбаев, 1993:79). Алайда Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысының жеңіліске ұшырауы патша өкіметіне Жетісу өлкесін жылдам жаулауға мүмкіндіктер береді. Өйткені орыс әкімшілігі Кенесары қозғалысынан біраз сабақтар алған болатын. Соның бірі Жетісу өлкесіне нық табан тірмей және әскери-әкімшілік орындарын ашып, мықты қорғаныс жүйесін жасамай Ұлы жүз қазақтарын іс жүзінде бағындыру мүмкін еместігін көрсетіп берді. Ресей патшалығы осы кемшіліктерді түзету үшін Жетісу өлкесіне бекіністер салу, шекараны бойлай орыс казактарын қоныстандыру, әкімшілік реформалар жүргізу сияқты бірнеше әскери және саяси шараларды жүзеге асырады. Осындай шаралардың қатарына 1822 жылы Сібір генерал-губернаторы Сперанскийдің қазақ даласын билеу жөніндегі «Жарғысының» негізінде Ұлы жүз жерінде сыртқы округты ашу да кірді (Абенова, 2019:21). Оған 1845 жылы Ұлы жүз қазақтарының наймандар мен орыстардың қысымына шыдамай округ ашуына келісім берген құжаты негіз болады (ҚР ОМА, 1669:14).

Осыған байланысты Қапал бекінісі салынысымен 1848 жылы тікелей Ұлы жүз қазақтарымен айналысатын «Ұлы жүз қазақтарының Приставы» деген атпен белгілі әскери-әкімшілік бекінісі ашылады. Е.Б.Бекмахановтың еңбегінде мынадай анықтама берілген: «Өзінің стратегиялық мақсатын көздеген патша өкіметі Ұлы жүз жерінде әскери бекіністер мен сыртқы округтерды құрады. Осы кезде 1846 жылы тамызда Қапал бекінісінің салынуы оның иеленген позициясын күшейте түседі. Қапал бекінісі бірте-бірте патша өкіметінің Іле өлкесіне шабуыл жасайтын тірек орнына айналады... Қайтадан қосылған Ұлы жүзге өкімет 1848 жылы «Ұлы жүз қазақтарының Приставы» деген қызмет құрып береді. Ол тікелей Батыс Сібір генерал-губернаторына қарайтын (Бекмаханов, 1957:133-134). 1848 жылы Ұлы жүздің үстінен бақылауды күшейту үшін Приставты тағайындауы Ресейдің Жетісу жерін, жалпы Ұлы жүз қазақтарының тәуелсіздігін біржола жойып, одан ары Орталық Азия кеңістігін иеленуге шындап кірісіп кеткендігін көрсетті. Приставтың негізгі қызметіне төмендегідей міндеттер жүктелді:

- 1) Ұлы жүз руларына жан-жақты бақылау жүргізу;
- 2) қазақтардың ішіндегі төре-сұлтан, би мен батыр және басқа да беделді игі жақсыларымен орыс билігіне тиімді байланыс орната отырып, қазақтардың арасындағы өзгерістерді, іс-әрекеттерін бақылауға алу;
- 3) жергілікті тұрғындардың арасындағы түрлі әскери қамалдардың құрылыстарына басшылық жүргізу және оларға ыңғайлы орындар табуу;
- 4) Приставтың ішінде және басқа да орындармен сауда қатынасына мүмкіндік жасау;
- 5) шекараны қорғау.

Приставтың ең басты міндеті алдымен, билігіндегі әскери бөлімшесіне қамқорлық жасау, оның күнделікті қызметтерін қамтамасыз етуден тұрды. Бұл айтылғандарға қосымша Приставка мемлекеттік қызметке қатысты құпия іс қағаздарын жүргізу, сондай-ақ оған шекарада орналасуына байланысты өз статусы шеңберінде дипломатиялық міндеттерді атқару да жүктелді. Сонымен қатар, патша өкіметінің Ұлы жүз Приставын тағайындаудағы мақсаты, біріншіден, Жетісу өлкесін Ресейдің орталық губернияларынан шаруалар мен Сібірден қазақтарды әкеліп қоныстандыру арқылы отарлау; екіншіден, Ташкент, Қоқанд, Қашқар және Құлжа сияқты елдермен сауда-саттық жүргізетін жолдарды бақылауға алып, орыс көпестерінің жағдайын жасау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; үшіншіден, көрші мемлекеттерде болып жатқан жағдайлар туралы мәліметтер жинап, барлау қызметін ұйымдастыру; төртіншіден, Қазақстан мен Орта Азияға шабуыл жасайтын әскерлерді шоғырландыру және тағы басқалар болды. Патша өкіметі Ұлы жүз қазақтарына бақылау жасайтын Приставтың басшылығына патша әкімшілігінің сенімінен шыққан майор Врангельді тағайындайды. Оның қарамағындағы Жетісу әскери тобы деп аталатын құрама бөлімге Қапалда тұрған Абакумовтың жүздігінен басқа Қарқаралыдан 62 казак, Аягөзден старшина Нюхаловтың 38 казагі беріледі (ҚР ОМА, 2931:3-9).

Приставтың жанына Ұлы жүз қазақтарының билеушілерінен үш аға сұлтанды бекітіп береді. 1847 жылы 17 шілдеде Жеке Сібір корпус командирі шекара бастығы А.Вишневскийге мына жағдайды баяндайды: «Граф Нессельродтың патшаға жіберген баяндама хаты бойынша Ұлы жүз қазақтарының сұлтандары Сүйік Абылайханов, Әли Әділов, Әкімбек Құланов және Рүстем Әбілпейізовтер өз руларын басқару үшін аға сұлтандыққа тағайындалды. Оларға да Орта жүздің аға сұлтандары сияқты жылына 343 сом күмістей ақша көлемінде жалақы төленетін болады. Осыған байланысты, Сіз Қызылағашқа барысымен олардан орыс шенеунігінен алғандай ант қабылдаңыз. Хатымды аяқтай отырып Сізден өтінерім, Рүстем сұлтанға ерекше назар аударыңыз. Ол өз ісімен Ресейге адалдығын әлі дәлелдеген жоқ. Егер де қажет деп тапсаңыз оны аға сұлтандыққа тағайындамай-ақ қойыңыз. Оған тек алтын медаль беріп көңілін ауласаңыз болғаны» (ҚР ОМА, 1669:106-107).

Яғни, патша өкіметі аға сұлтан лауазымына тек сенімнен шыққан, Ресей билігін жүзеге асыратын казак билеушілерін ғана қойған. Өйткені олардың тікелей міндетіне Ұлы жүз қазақтарының арасында тыныштық орнату, ел ішіндегі азаматтық істерді билердің көмегімен дәстүрлі қабылданған әдет-ғұрып бойынша шешіп отыру және орыс әкімшілігінің түрлі шараларына өз руларымен көмектесу кірді. Жетісуда орыс үстемдігін нығайтып, Ұлы жүз қазақтарына бақылауды күшейту және оларды қоқандықтардың ықпалынан айыруды көздеген Ресей империясы Тойшыбек бекінісі алынысымен, Ресей сыртқы істер министрі Нессельрод Батыс Сібір генерал-губернаторына Іленің арғы бетіне өз бекіністерін салып, орыс билігін баянды ететін шаралар жасауды бұйырады. Осыған байланысты, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорд әскери министрге жолдаған №13 мәлімдемесінде былай дейді: «Қазіргі уақытта Ертіс бойынан өткен Сібір байланыс жүйесін Іле мен Шу өзендерінен өтетін шекараларымызға жақындатпай қазақ даласында тәртіп пен тыныштықты және империя иеліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмаймыз. Сондықтан бұл жүйелерді қорғау үшін Іле өзенінің бойында мықты бекініс салуымыз керек. Бекіністің орны Қашқария және Қоқандқа баратын жолдардың қиылысында орналасқаны жөн деп санаймын. Аталған мекенге толық орналассақ, онда Ұлы жүз қазақтарын уысымыздан шығармаймыз» (Серебренников, 1913:28). Жетісу өңіріндегі патшалық Ресейдің бақылауын күшейтуді мақсат еткен Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Гасфорд аймаққа бекініс тұрғызып қана

қоймай, бұл өңірге Ұлы жүз қазақтарының Приставын әкеліп, оның қасында әскер күштерді ұстауға нұсқау береді. Осы бұйрықты жүзеге асыруда 1853 жылы жазда Қапалдан түпкі мақсаты Іле өзенінің арғы жағына нақты орын болатын қамалдың орнын белгілеу болған майор Перемышльский бастаған басқыншылардың жүз жаяу әскері және екі жүздік казактар патшалық Ресейдің билігіне өткісі келген қырғыз манабы Ормон Ниязбековтың өтінішін қабылдау үшін жолға шығады (РФ ООМА, 239:11). Іле өзенінің арғы жағына өткен басқыншыларға қарсы қазақтар көтеріледі. Жетісудағы қазақтардың орыс әскеріне деген қарсылығының үдегені соншалықты, Перемышльский казактардың бір бөлігімен Есік өзенінің жағалай отырып, Қаскелең мен Шамалғанның батысына шығып, Ұзын Қарғаштің жағалауына жорықтар ұйымдастырып, Ұлы жүз руларының малдарын тартып алуға көшеді. Перемышльский осыған байланысты жоғары тұрған басшыларына былай деп мәлімдейді: «бізді тек Ұлы жүз руларының игі жақсылары ғана қолдады, ал жалпы жергілікті тұрғындар бізге жаулық ниет танытты» (Леденев, 1908:75-76).

Ұлы жүз руларын «тыныштандыра» отырып, Алатаудың солтүстік бөлігін, Талғар, Үлкен және Кіші Алматы, Қаскелең, Қарғалы мен Шамалған деген жерлерді аралаған Перемышльский, стратегиялық және экономикалық жағынан Кіші Алматының сол жағалауындағы Ұлы жүз руларының Алматы деген қонысын ыңғайлы көреді. 1853 жылы 8 тамызда Перемышльский Гасфордқа мынадай мәлімет жасайды: «Біз, инженер-поручик Александров екеуіміз бірінші және екінші Алматының аралығындағы алқапты аралағанымызда орман мен шалғынға өте бай, егінге арналған арықтары бар бұл жер Талғар мен Есіктен асып кететініне сенімді болдық. Сондықтан Алматы болашақ қонысымыз болады деп шештік. Сонымен қатар, бұл қонысқа орналассақ, онда дулаттардың ең бай жайылымдары мен егіндіктері біздің қолымызға өтеді» (Горячева, 1956:103). 1854 жылы патша әскерлері Алматы деп аталатын Ұлы жүз руларының ежелден келе жатқан қонысының орнына Верныйды салады (Абашин, 2018:72).

Осылайша Жетісу өлкесін Ресей империясы жаулап алғаннан кейін, Батыс Сібірдің шекарасы кең көлемде ұлғаяды да, патша өкіметі қазақтарды басқаруды оңайлату мақсатында 1854 жылы 19 мамырда Сібір қазақтарын екі облысқа - Сібір қазақтарының облысы және Семей облысына бөледі (Материалы, 1960:186). Семейге облысына тікелей бағынған Ұлы жүз Приставының қасынан Қапал әскери дуаны жасақталып, соған дейін станица аталған Қапал бұдан былай округтық қала мәртебесін алады. Осымен бір мезгілде Ұлы жүз жанындағы Пристав тікелей Жеке Сібір командиріне емес, Семей облысын басқарған әскери губернаторына бағындырылды. Тек ерекше жағдайда ғана Пристав Батыс Сібірдің генерал-губернаторы мен корпус командиріне тікелей шықты (Сапарғалиев, 1966:16). Сонымен қатар патша өкіметі басып алынған Жетісу өлкесі әскери жағынан маңызды стратегиялық плацдарм болғандықтан, ондағы әскери-әкімшілік жүйесін күрделендіре түседі. Ресейдің өлкедегі мемлекеттік басқару жүйесі бірнеше отаршылдық мақсаттарды көздеді, біріншіден, әскери әкімшілік басқару құралдарын қайтадан құру және олардың өлкедегі билігін күшейту; екіншіден, өлкені өзінің ішкі өнеркәсібі және басқа да сұраныстарына қажет арзан шикізат көзіне айналдыру; үшіншіден, өлкеге Ресейдің губернияларынан шаруалар мен казактарды әкеліп қоныстандыру және отарлау; төртіншіден, өлкені болашақта Орта Азия мен басқа да Азия елдеріне шабуыл жасайтын стратегиялық орынға айналдыру. Бұл жерде Англия үшін Герат провинциясы қандай маңызды болса, Ресей үшін Жетісу өлкесі сондай маңызды алаңға айналды. Сондықтан 1856 жылы 3 қарашада Сенаттың №31093 жарлығы бойынша Ұлы жүз қазақтарының приставы өзгертіліп, Алатау округы және Ұлы жүз қазақтарының бастығы деген атаумен орыстардың ерекше әскери-әкімшілік орыны құрылады (Крафт, 1898:237). Алатау округының батысында Қаратал өзенінің сағасынан басталып, Балқаш көлінің оңтүстік шетін қамтып, одан әрі Шу өзенінің бас жағына дейін, ал шығысында Нарын өзенінен бастап, Қытай шекарасына дейінгі жерлерді алып жатты. Оның жер көлемі 152-277 шаршы верстты құрады (Бекмаханова, 1980:157). Округтың оңтүстігі мен солтүстігіндегі шекаралар көп уақытқа дейін анықталмады. Алатау әскери-әкімшілік округіне қауіп төнетін болса, батысындағы Лепсі өзенінің бойымен өткен Аягөз сыртқы округы және шығысындағы Лепсі және Қаратал мен Көксу аралығында орналасқан Қапал әскери округы кез-келген уақытта көмекке әскери күш жіберуге дайын тұрды. Сонымен қатар, Ресейдің Сыртқы істер министрлігінің Азия департаменті мен Сібір комитеті Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамель дайындаған «Алатау округын басқару жөніндегі Ереже» атты жобаны талқылап, оны орыс патшасы II Александр 1862 жылы 25 желтоқсанда бекітеді. Бұл Ереже бойынша Алатау округіндегі әскери және азаматтық биліктің барлығы округ бастығының қолына шоғырланады. Өлкені отарлауға жол аша отырып, округ бастығы мұндағы тыныштық пен тәртіпті, қауіпсіздікті сақтауға міндеттелді. Ереженің 23-бабына сәйкес, ол аймақтағы отарлық тәртіпті бұзғандарды өзі басқарып отырған жерлерден қуып жібере алды (ҚР ОМА, 177:1-2). Ереже бойынша жаңа құрылған округ Семей облысының құрамына кірді. Округ бастығының жанынан Алатау округтық басқармасы құрылады. Оған бастықтың өзінен басқа оның көмекшісі, іс жүргізушісі, 2 аудармашы, 2 кеңсе хатшысы, үш аға сұлтан, Ұлы жүз қазақтарынан депутат және бастықтың адъютанты енді. 1862 жылғы «Ережеде» округ бастығына полковник шенінен төмен емес орыс офицерлері ғана тағайындалды. Мұның өзі патша өкіметінің округке ерекше қызығушылық танытқанын көрсетеді (Крафт,

1898:237). Округ бастығының көмекшісі болып азаматтық немесе штаб және аға офицерлік лауазымы бар орыстар қойылды. Ол бекіністі басқарып, Верный қаласындағы құрылыстарды жүргізіп, азаматтық сот шеңберіндегі қылмыстық істерді тергеу жұмысымен айналысты. Ұлы жүз қазақтарынан депутатты сұлтаннар өз тарабынан сайлады, ал ол өз кезегінде үш аға сұлтан арасындағы байланысты реттеп отырды, сондай-ақ қазақ қоғамын округ бастығымен жалғастырушы міндетін де атқарды. Қазақ қоғамына қатысты сот-тергеу жұмыстары осы депутат арқылы жүргізілді. Дегенмен, 1867 жылы енгізілген әкімшілік реформаларына дейін Ұлы жүз жерінде қазақ қоғамының ішкі өміріндегі негізгі тұлға – аға сұлтан болды. Сібір комитетінің аға сұлтандарды сайлау туралы 1855 жылғы 23 ақпанда қабылдаған №29069 ереже бойынша аға сұлтандыққа генерал-губернатордың мақұлдауымен офицерлік шені бар және марапатталған сұлтандар немесе орыс әкімшілігіне ерекше «қызмет» жасаған билер үш жыл мерзімге сайланды (Крафт, 1898:230-262). Қызмет бойынша округ бастығы Семейдің генерал-губернаторына бағынғанымен, төтенше жағдайда тікелей Батыс Сібір генерал-губернаторы және Жеке Сібір корпусының командирімен байланыс жасауына құқық берілді. Оның міндетіне сондай-ақ, жергілікті халықтың өміріне қатысты негізгі мәселелерге араласып отыру жүктелді. Округ бастығының «қызметі» сонда, ол сол уақыттағы Жетісу өлкесіндегі қазақ-қырғыз руларының арасындағы барымта, жер дауы, жесір дауы, руаралық жанжалдар және тағы басқа келеңсіз жағдайларға араласып, көбінесе өзі қолдап отырған. Әсіресе, бір руды екінші рудан араздастыру, бір рудың малын екінші ру арқылы барымталау, қазақ руларын қырғыздарға айдап салу немесе керісінше әрекет жасау оның күнделікті тіршілігіне айналған (ҚР ОМА, 491:62). Оған қоса округ бастығы орыс билігіне қауіп төндіруі мүмкін-ау деген қазақ билеушілерін де ерекше қадағалап, мүмкіндігінше олардың билігіне шектеу қойып отырған (ҚР ОМА, 33:72). Сонымен қатар, Алатау округының әскери әкімшілігі патша өкіметінің билігін мойындамаған немесе өздерін қолдаудан сәл бас тартқан және әскери күштер үшін қажетті көлікпен, тамақ өнімдерімен, жұмыс күшімен, мал азығымен және басқа да көптеген қажетті дүниелермен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды уақытылы орындамаған қазақтарды қатаң жазалап отырған (Терентьев, 1906:258).

Округ бастықтары патша өкіметінің отаршылдық саясатын іске асыруда барлық күшін сала отырып, қарсы шыққан қазақ руларын қатаң жазалауда түрлі шараларды қолданған. Оны Алатау округының бастығы Колпаковскийдің жергілікті рулардың билеушілеріне жіберген жазбасында: «Мен сендерге ескетемін, қарамағындағы халықтың қару ұстауларын тоқтатыңдар. Егерде солардың біреуі қарумен қолға түссе, соны аяусыз қатаң жазаға тартамыз. Қазіргі таңда бүкіл Жетісу өңірі әскери жағдайда тұрғандықтан, жергілікті тұрғындар патша билігіне қарсы шықса, онда оларды арнайы әскери сот қарап, оларды табан астында атып тастаймыз» делінеді (ҚР ОМА, 402:11). Бұдан бөлек Алатау округының бастығы Колпаковский Ұлы жүзге кіретін шапыраштылардың 1860 жылы өткен Ұзынағаш соғысы кезінде қоқандықтардың жағында орыстарға қарсы соғысқаны және Іле көпірін шабуылдап, орыстардың жинаған шөптерін түгін қалдырмай өртегенін ұмытқан да, кешірген де емес. Сондықтан шапыраштылардың батыры Сұраншы мен Нұрбота биге былай деп хат жібереді: «Шапырашты руының қазақтары қоқандықтарға қосылып, бекер қатынасқа түсті, енді сол қылықтары үшін толық сазайларын тартады» (ҚР ОМА, 402:3). Алатау округының бастығы Колпаковский Жетісу өңірінде патша билігін тұрақтандыру жолында көптеген айла-амалдар жасаған. Оған күзде қырғыздың солты руын басқарған манап Жәңгірге мынадай мағынада хат жазады: «Сен және сенің қарамағындағы солтыларға үйлерінен шықпау жөнінде қатаң түрде бұйрық беремін. Оны орындату мақсатында сенің інің мен балаңды Пішкек қамалын басып алғанша кепілдікке аламыз. Егер де солтыларын өздерінің қару-жарақтарымен біздің орнатқан билік пен тәртіпке қарсы шықса, онда сенің туысқандарыңды дереу дар ағашына асып қоямыз» (ҚР ОМА, 50:47). Сондай-ақ, патша билігі орнатқан тәртіпке қарсы көтерілген Ұлы жүз қазақтары мен қырғыз руларын Алатау округының бастығы Колпаковский басқарған отаршыл әскерлер жаппай қырғынға ұшырататын. Атап айтқанда, 1864 жылы көктемде қоқандықтар жағына шығып кетуі мүмкін деген оймен малдарының әлсіздігінен қыстаудан шыға алмай тұрған қырғыздардың бейбіт отырған руларының ауылдарына старшина Бутаковтың басқаруымен 2 ракеталық қондырғысы бар 200 казакты жазалау үшін жіберген (ҚР ОМА, 188:2). Өлкедегі отарлық жүйені және жергілікті тұрғындарға бақылауды күшейту үшін патша өкіметі Алатау округында полиция мекемесін ашуды жөн көреді. Патша өкіметінің Жетісу өлкесін полициялық бақылауға алуы, империялық мүддеден туындап, отарлық саясаттың келесі бір қадамына аяқ басты. «Патша өкіметі, - деп жазды Г. Сапарғалиев, - өз отарларында, әсіресе, Қазақстанда қатал полициялық тәртіп орнатты. Оның далалық облыстар мен Түркістан өлкесін басқару туралы шығарған барлық заңдары басынан бастап аяғына дейін полициялық негізге сүйенді» (Сапарғалиев, 1966:21). Алатау округіндегі полициялық бақылау қызметі өлкені отарлаудағы аса маңызды құралдардың біріне айналды. Оның міндетіне азаматтық және әскери мәселелерді атқару, қамауға алғандарды бақылау, әкімшілік және шаруашылық істер кірді. Полициялық қызметтің басшылығына әскери адам капитан Былинскийдің тағайындалуы полициялық қызметтің негізгі мақсатын айқындаған еді (ҚР ОМА, 63:3).

Жоғарыда аталған қызметтерден басқа бұл округтың әскери әкімшілік орындарына мынадай міндеттер жүктелді: Орта Азия хандықтарында және Шығыс Түркістан мен Қытайда болып жатқан

жағдайлар туралы ақпараттар жинау, саяси және әскери барлау жасау. Атап айтқанда, Алатау округының бастығы Қытай мемлекетіне қатысты мынадай міндеттерді атқарды:

1) Ұлы жүз қазақтарын «тәртіпте» ұстап, олардың Орта Азия хандықтары мен Қытай жеріне көшіп кетуіне кедергі жасап, шекараның қауіпсіздігіне жауап беру;

2) Қоқан және Қытай қарауылдарының (шекара) экспедицияларына тосқауыл қою;

3) Орта Азия мен Қашқарға баратын керуен жолдарын бақылауда ұстап, қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) Орта Азия хандықтары мен Қытай империясындағы жағдайлар туралы мәлімет жинау;

5) Округтегі әскердің дайындығын жоғары ұстап, Қоқан және Қытаймен соғыс болған жағдайда дайын тұру және кез-келген қауіптің алдын алу және тағы басқалар.

Сондай-ақ, Алатау округының бастығына Қытай және Орта Азия хандықтарында болып жатқан саяси жағдайлар туралы мәліметтерді түрлі жолдар арқылы жинап, жоғарғы басшылыққа хабарлап отыру жүктелген (ҚР ОМА, 11:1-29).

Патша өкіметі Англия, Түркия сияқты мемлекеттердің Орта Азия мен Шығыс Түркістанда жүргізген іс-әрекеттерін де Алатау округы арқылы бақылауда ұстаған. Жалпы алғанда, патша өкіметі Алатау округын Шығыстағы барлау орталығына айналдырған. Оны көптеген архив құжаттары растайды (ҚР ОМА, 167:24).

Сонымен қатар Ресей империясы Жетісуға Орта Азияға баса көктеп кіретін мол әскерлерді жинастырды және олардың қару-жарағы мен азық-түлік қорын құрып, жүктерді таситын көліктерді жасақтады. XIX ғасырдың 50 жылдарында Ресейдің Алатау округіндегі қарулы күштері тұрақты және казак әскерлерінен тұрды. Алатау округы бастығының қайта-қайта беріп отырған хабарларына сүйенсек, онда Жетісудағы әскер мен соғыс құрал-жабдықтарының саны үнемі көбейіп отырған (ҚР ОМА, 41:5-20).

Патшалық Ресей әскерлерінің бүкіл Орта Азияны басып алу үшін Алатау округында орналасуы Жетісудің жергілікті тұрғындарын көптеген қиыншылықтарға әкеп соқтырды. Себебі патша әскерлерінің барлық құрал-жабдықтарын таситын жүк көліктері, олардың азық-түлігі мен жем-шөптері қазақтардың міндетіне жүктелді (ҚР ОМА, 227:11).

Жетісуге еніп, өлке үшін Кенесары, Қоқан хандығы және Қытайдың ықпалымен күрес жүргізген Ресей империясы қазақтар мен қырғыздардың билеуші тобына арқа сүйенуді көздеп, оларға рға шен-шекпен мен сый-құрметті молынан таратуға көшеді. Мысалға, қырғыздың игі жақсылары Қ. Таштамбеков, Қ. Әлібеков және А. Шаловқа Кенесары ханды өлтіруге қатысқаны үшін алтын және күміс медальмен, болыс басқарушысы Ноғайбай Дәулетбақовке патша әскеріне көлікпен көмектескеніне құрмет қағазымен марапаттаса, ал Әулиеатаны басып алуға қатысқанына прапорщик әскери атағын, ал сұлтан Құтан Сұлтанбековке Пішпек бекінісін алуға қатысқанына үлкен алтын, Әулиеата үшін үлкен күміс медаль, қырғыз бен Ұлы жүз руларының арасындағы даулы істерді шешуге арналған Тоқмақта өткен съезде белсенділік көрсетіп, патшалық Ресейдің саясатын қолдағаны үшін прапорщик әскери шенін береді (Қойгелдиев, 2004:76-77).

Мұнымен қатар, Алатау округының әскери басшылығы Ресей империясының билігін мойындағысы келмеген, болмаса патша өкіметін қолдаудан бас тартқан немесе орыс әскерлерін жүк көлікпен, азық-түлікпен, жұмыс күшімен және басқа да түрлі қажеттіліктермен қамтамасыз етуден бас тартқан қазақтарды қатаң жазалауды жүзеге асыратын. Мысалы, М.А. Терентьев жазғандай: «...олардың бұрынғы қоныстанған жерлерінде жайылымның жеткіліксіз болуына байланысты, біздің жеріміздегі қыстауға көшіп келді. Сол қазақтарды жазалау үшін біз бұл жағдайды дереу пайдалана қойдық» (Терентьев, 1906:258).

Ресей империясының жергілікті әкімшілігі Ұлы жүз руларының игі жақсыларына қаншама рет достық пиғылын танытып, түрлі сыйлықтармен марапаттағанымен, іс жүзінде оларға ешуақытта сенімділік білдірмеді (РФ ООМА, 112:1).

Қазақ билеушілеріне күдікпен қараған Батыс Сібірдің генерал - губернаторлары Алатау округіндегі жергілікті әскери-әкімшілігіне Жетісудағы қазақтар мен қырғыз игі жақсыларының үстінен бақылауды және мүмкіндік болса бір-біріне айдап салу жөнінде қайта-қайта бұйрықтар береді. Мәселен, Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың округ бастығы Колпаковскийге жасаған күпия бұйрықтары Ұлы жүз қазақ билеушілерінің мықты қадағалауда тұрғанын ашады. Мұндай бұйрықтардың бірін нақты ашып көрсетсек, онда былай жазылады: «Герасим Алексеевич, өкінішке орай Сіз Діқанбай, Андас пен Әшекей билерді мүлдем босатқан екенсіз. Оларды абақтыдан шығармау қажет еді. Амал нешік, өткен іске өкіне алмаймыз. Ендігі Сізге айтар нұсқауым, бұл қазақтардың сыртынан аңду қиыншылық туса да, қатаң қадағалауға алыңыз. Егер мамырда қоқандықтар тағы да іске көшіп, біздің иеліктерімізге басып кірсе, оларды дереу аманат ретінде тұтқынға алыңыз» (ҚР ОМА, 33:43).

Ал келесі бір бұйрығында Батыс Сібірдің генерал - губернаторы Алатау округының бастығына күдік туғызған кез-келген қазақ билеушілерін тез арада тұтқындауға бұйрық береді. Осыған байланысты

Гасфордтың Колпаковскийге шұғыл жіберген бұйрығында былай делінген: «Сізге жазған алдындағы менің нұсқауымда айтып едім, қазір де соны қайталағым келеді. Қоқандықтармен қатынас жасаған қазақтарды іздеу керек. Андас, Әшекей, Діқанбай билерді күдік келтіргені үшін қамауға алып, басқалармен бірге Қапалға жіберіңіз. Сұраншыны да экспедицияға шығатын әскердің құрамына кіруге мәжбүрлеп, қатан қадағалауға, бауырын аманатқа алыңыз. Егерде осылай жасасаңыз Сұраншы еш жаққа кете алмайды. Мүмкіндігінше Ұлы жүз ру басшыларының арасында түрлі алауыздықты қоздырыңыз. Сонда ғана сіз опасыздарды табасыз» (ҚР ОМА, 50:10).

Сондай-ақ Батыс Сібірдің генерал - губернаторы Алатау округының бастығына патша билігіне қатер төндіреді ау деген ру басшылары мен билерді ерекше бақылап, қолдан келгенше олардың ықпалына шектеу қою керетігін ескертеді. Гасфордтың Колпаковскийге жіберген мына нұсқауында былай дейді: «Көшпенділер қатал шараны қолдануды қажет етеді. Бұлар жақсылық жасағанды түсіне бермейді. Сұлтан Әли көтерілістап жүрген басшысы. Ол баяғыда қамалуы керек еді. Енді уақытың болған соң тек кінәлілерді қамап, Әли сұлтанға біраз уақыт тиіспеңіз. Егер Бақтайыр қауіпті болса, оны Верныйға шақырып, тұтқынға алңыз. Қауіпті, опасыз болса Тазабекті де қамаңыз. Қамбар мен Тіленшіге келгенде өте сақ болыңыз. Өйткені жалайырлар әлі берілген жоқ. Егер олар да опасыздық жасап, қамауға алынуы керек болса, подполковник Гриненко екеуің келісіңіз. Орта жүз бен жалайырлардың арасын қайтадан араздастыру үшін Орта жүзден екі делдал шығып, жалайырлармен жанжалдассын. Арада дау туғанда Орта жүзбен келіссөз жүргізесіңдер деп оларды Қапалға шақырып, сол жерде қамаңыздар. Бұл жабайыларды билікте ұстау үшін олар бір-бірімен үнемі жанжалдасып отыруы керек. Олардың дұшпандығы бізді күшейтеді. Бұғы мен дулаттардың арасындағы дауларды қайтадан бастасақ одан да пайдалы болар еді. Сатқындарды жазалаған соң қазақтарға ауылдарды тонауға рұқсат ет. Тегін олжа қазақтарды тартады» (ҚРОММ, 33:72).

Әли Сұлтанмен бірге Гасфорд Тезекті ең қауіптілердің қатарына қосады. «Тезекке мұқият қараңыз», - дейді Гасфорд, - оның әрбір қимылын қадағалап, маған хабарлаңыз» (ҚР ОМА, 33:18).

Округ бастығына аталған билепушілерді бақылауды тапсырған Гасфорд оларды бір-біріне айдап салуды дұрыс көріп, Колпаковскийге мынадай бұйрық береді: «Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздарға жүргізген саясатыңыз туралы бір-екі нұсқау бергім келеді. Соңғы оқиғалар дулаттардың сенімсіз екенін көрсетті. Басты кінәлілер – мұсылман фанаттарының Әли сұлтанға тигізген әсері және оны басқаларға таратуы. Сондықтан Тезектің беделін оның беделіне қарсы қойыңыз. Ол үшін Тезекті түрлі сылтаулармен марапаттап, ерекше көңіл бөліңіз. Сонда Әли сұлтан қызғанып, Тезек екеуінің арасында жанжал туады. Негізі Әли сұлтанға қарсы шыққандарды қолдаңыз. Осы мақсатта дулаттармен қақтығысқа түскен бұғыларды қолдаңыз» (ҚР ОМА, 50:110).

Батыс Сібір генерал-губернаторының бұйрығы бойынша іс-әрекет жасаған Алатау округының бастығы Колпаковский Ұлы жүз қазақтарының билеушілерін бір-біріне қарсы қоюда үлкен алғырлық танытып, Омбы басшылығының ойынан шықты. Алатау округының бастығы Колпаковскийдің шеберлігі сонда, ол сол кездегі Жетісу өңіріндегі Ұлы жүз қазақ рулары мен қырғыздың арасындағы барымта, жер, жесір сияқты руаралық даулар мен тағы басқа келеңсіз жанжалдарға араласып, көп жағдайда оның көпшілігін өзі қолдан жасап отырды. Соның ішінде, бір тайпаны екінші тайпамен жауластыру, бір рудың малдарын екінші руға барымталату, қазақ-қырғыз руларын бір-біріне айдап салу сияқты оқиғалар оның күнделікті өміріне айналды. Архив құжаттарына сүйенсек, жоғарыда аталған оқиғаларды дәлелдейді. 1862 жылы 2 ақпан айында Колпаковскийге жазған Аблез сұлтанның хатында былай делінеді: «Мен қырғыздар руларына жүздеген жігіттерімді барымтаға жіберіп, қырғыздардың біраз малдарын олжалап еш шығынсыз аман-есен оралды. Сұлтанбектің ұлы Қотан 200 жылқыны барымталап кетіп еді, бірақ ботпайлар кері қайтара алды» (ҚР ОМА, 491:62). Алатау округының бастығы Колпаковскийдің бұйрығын мүлтіксіз орындаған Аблез сұлтан Ресей империясының билігін мойындаудан бас тартқан Ұлы жүз және қырғыз руларына қайта-қайта барымталар ұйымдастырып, мазаларын алумен болған.

Алатау округының бастығы Колпаковский қырғыз руларына Аблезден басқа да сұлтандар мен билер қазақтарды аттандырып, малдарын барымталатып тұрған. Мәселен, қырғыз манаптарының мына шағымында былай делінеді: «Орыс бастығына Жанғараш, Сұлтанай, Байтық, Құршыдан. Екі аяқтыға сауда жоқ, төрт аяқтыға оралу жоқ деп бізге бұйырдыңыз. Осы уақыттан бастап Күнту 200 жылқыны, содан соң Қашай 250 жылқыны алдына салып айдап кетсе, егін орып жатқанда қашқарау Қышан 300 жылқымен бірге 40 егіншіні байлап алып кетіп, құлдыққа апарып сатқан. Сұлтанай 750 жылқыны барымталап жатқанда қолға түсіріп едік, бірақ Сіз бұйырғаннан кейін енді тыныштық орнайтын шығар оны серіктерімен қоса босатып жіберіп едік, бірақ артынша Әділ мен Қазыбек шауып келіп 250 жылқыны, Ақтыбай мен Нұрбай 80 жылқыны барымталап кетті» (ҚР ОМА, 491:10).

Жетісудағы жергілікті патша әкімшілігінің айдап салуымен барымташы қазақтарға қырғыздар да барымтамен жауап беріп, Ұлы жүз қазақтарының малдары мен адамдарын айдап кетіп отырған. Сондай жағдай орын алған кезде жергілікті патша билігі қырғыз манаптарын әскермен қорқытып, қазақтардың айдалып кеткен малдары мен адамдары қайтарылатын да, оларды мал айдап келуге қырғыздарға қарай

қайтадан жорыққа жіберетін. Осыған байланысты Алатау округының бастығы Колпаковский Сүраншы батырға былай деп хат жазады: «Қырғыздардың қолына түскен туыстарыңыз Шынасыл және Сыпатай мен барымталанған малдарыңды қайтару жөнінде қатал түрде билеушілері Әділге хат жібердім. Оны орындаған соң Аблез, Сарыбай мен Базарбек болып жиналып, жағдайдың ыңғайына қарай қырғыздардың манабы Әділден қалай кек алу керектігі жөнінде бұйрық аласындар» (ҚР ОМА, 491:19).

Алатау округының бастығы Колпаковскийдің Жетісу жерінде патша билігі мен отаршыл тәртібін орнатуда тым шектен шығатын. Мысалы Колпаковский 1861 жылы қыста қырғыздардың сарыбағыш руларына шапқыншылық жасау үшін жасаул Бутаковтың басшылығымен казактардың үш жүздігін жібереді. Нәтижесінде сарыбағыштардың ауылдарын казактар түгін қалдырмай тонайды. Алатау округ бастығының қатыгезділікке барғаны соншалықты, ол сарыбағыштардың әйелдері мен балаларын шапқыншылыққа қатысқан казактарға олжа ретінде үлестіріп береді. Осылайша ол қырғыздарды казактардың бітіспес қас жауына айналдыруды маұқсат етеді. Бірақ Колпаковскийдің шектен шыққан ісін құптамаған Гасфордтың өзі қолдамай оған сөгіс жариялап, олжаға алынған әйелдер мен балдарды қырғыздарға қайтарып бергіздіреді (ҚР ОМА, 34:3).

Жалпы алғанда Жетісудағы патшаның жергілікті әскери билік орындарының мақсаты біріншіден, өлкедегі сұлтандар мен билердің саналы түрде ықпалын әлсіретіп, олардың іс-әрекеттері мен саясатын патша билігіне көндіру болса, екіншіден, Жетісу өңіріндегі казактар мен қырғыздардың, соның ішінде, Ұлы жүз руларын бір-бірімен жанжалдастырып, патша үкіметінің билігі мен орнатқан отаршылдық тәртібіне қарсы шығатындай күш қалдырмаудан тұрса, үшіншіден, Алатау округ бастығына ерекше билікті беру арқылы Жетісуды жеке-дара билеуіне мүмкіндік жасап, казактардың соңғы тәуелсіздігіне нүктенің қою екендігін білдірді.

Қорытынды. 1848-1867 жылдары патша өкіметінің Жетісу өлкесін отарлауға байланысты енгізілген әскери-әкімшілік орындарының қызметі негізінен отаршылдық саясаттың талап-тілегін тезірек орнықтыру мақсатында жоғары жақтан таңылған мемлекеттік аппарат болып шықты. Жетісу өлкесінде орнаған әскери-әкімшілік басқару жүйесі тікелей Әскери министрлікке бағындырылды. Ал Әскери министрлік өз кезегінде оны Батыс Сібір генерал-губернаторлығы арқылы басқарып отырды. Патша өкіметі Жетісудағы әскери-әкімшілік орындарын Ресейдің сыртқы саясатында маңызды болып табылатын көптеген халықаралық саяси мәселелерді шешуге келгенде, оны арнайы құқықпен қамтамасыз етті. Оны орыс - қытай шекарасын белгілеуде Жетісуда құрылған Алатау округ бастығының атқарған рөлінен байқаймыз. Патша өкіметінің Қоқан хандығымен арақатынасы кезінде де Алатау округ бастығы ерекше мәртебелерге ие болып, тіпті оған қоқандықтармен өз бетінше соғыс жүргізе алатын зор құқықтар берілді. Заң бойынша әскери-әкімшілік орындарына жүктелген міндеттердің ауқымының кеңдігі соншалық, оның қолына әкімшілік пен сот билігі шоғырланып, оған өлкедегі барлық әскерлер бағынды. Тіпті ол орыс билігіне бағынбаған кез-келген адамды сотсыз өлім жазасына кесуге немесе бүтіндей қазақ ауылын шабуға құқылы болды.

Әдебиеттер тізімі

Абашин С.Л., Арапов Д.Ю., Бекмаханова Н.Е. Центральная Азия в составе Российской империи. М.: Новое литературное обозрение, 2018. 464 с.

Абенова Б.С. Ресей империясының қазақ өлкесіндегі аймақтық саясаты. Ақтөбе: Жұбанов университеті, 2019. 398 б.

Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. Москва: АН СССР, 1957. 342 с.

Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. Москва: Наука, 1980. 280 с.

Горячева А.А. Исторические предпосылки основания города Верного // Ученые записки. КазГУ. Серия история. Алматы: изд. КазГУ, 1956. Т.20. 156 с.

Жакыпбек С.К. Бельбаева А.А. Материалы по введению русской политической системы управления в Казахстане. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 257 с.

Зиманов С.З. Политический строй Казахстана в конце XVIII и I половине XIX веков. Алматы: АН КазССР, 1960. 296 с.

Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. 532с.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОМА). 3-қ., 1-т., 11-іс.

ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 33-іс.

ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 34-іс.

ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 41-іс.

ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 48-іс.

ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 50-іс.

ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 63-іс.

ҚР ОМА. 3-қ., 1-т., 167-іс.

- ҚР ОМА. 3-к., 1-т., 177-іс.
 ҚР ОМА. 3-к., 1-т., 188-іс.
 ҚР ОМА. 3-к., 1-т., 227-іс.
 ҚР ОМА. 3-к., 1-т., 275-іс.
 ҚР ОМА. 3-к., 1-т., 402-іс.
 ҚР ОМА. 3-к., 1-т., 491-іс.
 ҚР ОМА. 374-к., 1-т., 1669-іс.
 ҚР ОМА. 374-к., 1-т., 2931-іс.
 Қасымбаев Ж. Кенесары хан. Алматы: Қазақстан, 1993. 112 б.
 Қойгелдиев М.Қ. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ.-1917 ж.). Астана: Елорда, 2004. 216 б.
 Қойгелдиев М.Қ. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. – XXI ғ. басы). Алматы: Каратау КБ, 2014. 430 б.
 Леденев Н.В. История Смеречинского казачьего войска. Верный. 1908. 834 с.
 Материалы по истории политического строя Казахстана / Сост. М.Г. Масаевич. Алматы: АН КазССР, 1960. Т.1. 441 с.
 Ресей Федерациясының Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты (РФ ООМА). 366-к., 1-т., 239-іс.
 РФ ООМА. 366-к., 1-т., 112-іс.
 Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910. 66 с.
 Серебренников А.Г. Туркестанский край / Сбор материалов для истории его завоевания. Ташкент. 1913. 195 с.
 Сапарғалиев Г.С. Карательная политика царизма в Казахстане (1915-1917 гг.). Алматы: Наука, 1966. 375 с.
 Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. СПб., 1906. Т.3. 496 с.

References

- Abashin S.L., Arapov D.YU., Bekmahanova N.E. Central'naya Aziya v sostave Rossijskoj imperii. (Central Asia within the Russian Empire). M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2018. 464 s. [in Russian].
 Abenova B.S. Resej imperiyasynyn kazak olkesindegi ajmaktyk sayasaty. (Regional policy of the Russian Empire in the Kazakh region). Aktobe: ZHubanov universiteti, 2019. 398 b. [In Kazakh].
 Bekmahanov E.B. Prisoedinenie Kazahstana k Rossii. (Accession of Kazakhstan to Russia). Moskva: AN SSSR, 1957. 342 s. [In Russian].
 Bekmahanova N.E. Formirovanie mnogonacional'nogo naseleniya Kazahstana i Severnoj Kirgizii. (Formation of the multinational population of Kazakhstan and Northern Kyrgyzstan). Moskva: Nauka, 1980. 280 s. [In Russian].
 Goryacheva A.A. Istoricheskie predposylki osnovaniya goroda Vernogo (Historical background of the founding of the city of Verny). // Uchenye zapiski. KazGU. Seriya istoriya. Almaty: izd. KazGU, 1956. T.20. 156 s. [In Russian].
 Zhakypbek S.K. Bel'baeva A.A. Materialy po vvedeniyu russkoj politicheskoy sistemy upravleniya v Kazahstane. (Materials on the introduction of the Russian political system of governance in Kazakhstan). Almaty: Kazak universiteti, 1999. 257 s. [In Russian].
 Zimanov S.Z. Politicheskij stroj Kazahstana v konce XVIII i I polovine XIX vekov. (The political system of Kazakhstan at the end of the 18th and the first half of the 19th centuries). Almaty: AN KazSSR, 1960. 296 s. [In Russian].
 Kraft I.I. Sbornik uzakonenij o kirgizah stepnyh oblastej. (Collection of laws on the Kirghiz of the steppe regions). Orenburg, 1898. 532s. [In Russian].
 Kazakstan Respublikasynyn Ortalyk memlekettik muragaty. (Central State Archive of the Republic of Kazakhstan). (CSA RK). 3-к., 1-т., 11-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 33-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 34-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 41-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 48-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 50-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 63-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 167-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 177-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 188-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 227-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 275-іс. [In Kazakh].
 CSA RK. 3-к., 1-т., 402-іс. [In Kazakh].

- CSA RK. 3-k., 1-t., 491-is. [In Kazakh].
 CSA RK. 374-k., 1-t., 1669-is. [In Kazakh].
 CSA RK. 374-k., 1-t., 2931-is. [In Kazakh].
 Kasymbaev ZH. Kenesary han. (Kenesary khan). Almaty: Kazakstan, 1993. 112 b. [In Kazakh].
 Kojgeldiev M.Қ. Zhetisudagy Resej biligi (XIX g.-1917 zh.). (Russian authorities in Zhetysu). Astana: Elorda, 2004. 216 b. [In Kazakh].
 Kojgeldiev M.K. Kazak Eli: Ultyk biregejlikti saktau zholyndagy kyres (XIX g. – XXI g. basy). (Kazakh Nation: Struggle for the Preservation of National Unity (XIX - early XXI centuries)). Almaty: Karatau KB, 2014. 430 b. [In Kazakh].
 Ledenev N.V. Istoriya Smerechinskogo kazach'ego vojska. (History of the Smerechinsky Cossack army). Vernyj. 1908. 834 s. [In Russian].
 Materialy po istorii politicheskogo stroya Kazahstana (Materials on the history of the political system of Kazakhstan). / Sost. M.G. Masaevich. Almaty: AN KazSSR, 1960. T.1. 441 s. [In Russian].
 Resej Federaciyasynyn Omby oblysynyn memlekettik muragaty. (State archive of Omsk region of the Russian Federation). (RF OOMA). 366-k., 1-t., 239-is. [In Kazakh].
 RF OOMA. 366-k., 1-t., 112-is. [In Kazakh].
 Rumyansev P.P. Kirgizskij narod v proshlom i nastoyashchem. (Kyrgyz people in the past and present). SPb., 1910. 66 s. [in Russian].
 Serebrennikov A.G. Turkestanskij kraj (Turkestan region). / Sbor materialov dlya istorii ego zavoevaniya. Tashkent. 1913. 195 s. [in Russian].
 Sapargaliev G.S. Karatel'naya politika carizma v Kazahstane (1915-1917 gg.). (Punitive policy of tsarism in Kazakhstan (1915-1917 gg)). Almaty: Nauka, 1966. 375 s. [in Russian].
 Terent'ev M.A. Istoriya zavoevaniya Srednej Azii. (History of the conquest of Central Asia). SPb., 1906. T.3. 496 s. [in Russian].

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_94

XIX-XX ғғ. АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ОТАР ҚАЛАНЫҢ САЯСИ КЕҢІСТІГІ ЖӘНЕ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ ҚЫЗМЕТІ

Сұлтанғазы Гүлмира Жолмағамбетқызы^{1*}

¹М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗПЮУ Университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

*Автор-корреспондент
E-mail: g_sultangazy@kazguu.kz

Түйіндеме. XIX-XX ғасырлар аралығындағы Қазақстанның солтүстік бөлігіндегі қалалар ұзақ уақыт бойы әкімшілік бірліктер рөлін атқарды. Бірақ қалалық ортаның біртіндеп дамуы және ұлттық қала маңындағы қалалардың империяның әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесіне біріктірілуі азаматтың экономикалық қана емес, саяси аспектілерде де белсенді болуы үшін жағдай жасауға әкелді. Автор отаршыл қалада саяси кеңістіктің қалыптасуымен байланысты үдерістерді талдауға тырысты, онда ұлттық зиялы қауым өкілдері субъектілер ретінде, ал жаңадан пайда болған бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық кеңістіктер құралдар ретінде әрекет етті. Автор қаланың саяси компоненті бүкілресейлік саяси жағдай аясында дамығанын айтады. Мемлекет өмірінің барлық салаларындағы жүйелі дағдарыс өз құқықтарын қорғауға арналған күрестің жаңа форматтарын талап етті. Осындай жағдайларда зиялы қауым өкілдері бастама көтеріп, кейіннен партиялардың баспа органдарына айналатын газеттер құруда көрініс тапқан өзінің күрес мәнерлерін ойлап табады, «Қазақ» газеті Алаш партиясының ресми органы болғанын мысал ретінде алуға болады. Осылайша автор отаршыл қалада саяси кеңістіктің қалыптасуы зиялы қауым өкілдерінің қызметінің нәтижесі деп мәлімдейді. Мақалада Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатының және Қостанай, Нұр-Сұлтан қалаларының облыстық мұрағаттарының мұрағаттық деректері пайдаланылды. Осы зерттеудің әдіс-тәсілдерінің бірі оның дамуындағы мәселелерді қарастыруға және заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-генетикалық әдіс болды. Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдану қазақстандық тарихнаманың дамуындағы айырмашылықтарды көрсетті.

Кілт сөздер: қала, зиялы қауым, саяси кеңістік, газеттер, отаршылдық саясат, Қостанай, Ақмола.

Мақала «Тарихи қаланың мәдени ортасы: XIX-XX ғғ. аралығындағы қазақстандық урбан-кеңістіктің өзгеруі» тақырыбына гранттық зерттеуді іске асыру шеңберінде гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды іске асыруға арналған № 266 шарт аясында өзірленді.

МРНТИ 03.20

ПОЛИТИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО КОЛОНИАЛЬНОГО ГОРОДА РУБЕЖА XIX–XX вв. И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

Сұлтанғазы Гүлмира Жолмағамбетқызы^{1*}

¹ Университет КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева, г. Нур-Султан, Казахстан

*Автор-корреспондент
E-mail: g_sultangazy@kazguu.kz

Аннотация. В статье автором предпринята попытка проанализировать процессы, связанные с формированием в колониальном городе политического пространства, где субъектами выступили представители национальной интеллигенции, а инструментами — зарождающиеся средства массовой коммуникации и общественные пространства. Автор статьи под политическим пространством понимает среду, которая сложилась в колониальном городе рубежа XIX–XX вв., сформированной в результате активной деятельности городских интеллектуалов, через создание печатных изданий, участие в работе представительских органов и т.д. Политическое пространство с одной стороны является результатом деятельности интеллектуальной прослойки и оно (политическое пространство) впоследствии способствует как проявлению гражданской активности так и формирует навыки политической деятельности как у интеллигенции так и у горожан в целом. Что касается взаимообусловленности политики и культуры, то очень важно отметить, что представители казахской интеллигенции были убеждены что образование и развитие культуры имеют первостепенное значение.

В статье использованы архивные данные Российского государственного исторического архива и областных архивов городов Костанай и Акмолинск (в настоящее время – Нур-Султан). Одним из методов настоящего исследования выступил историко-генетический, позволяющий рассмотреть проблематику в ее развитии и выявить закономерности. Применение историко-сравнительного метода обнаружило различия в развитии казахстанской историографии.

Ключевые слова: город, интеллигенция, политическое пространство, газеты, колониальная политика, Костанай, Акмолинск.

IRSTI03.20.00

POLITICAL ENVIRONMENT OF A COLONIAL CITY AND ACTIVITIES OF INTELLIGENCE DURING 19 th–20 thcenturies

Sultangazy Gulmira^{1*}

¹M. Narikbayev KAZGUU University, Nur-Sultan, Kazakhstan

*Corresponding author
E-mail: g_sultangazy@kazguu.kz

Abstract. The article attempts to analyze the processes associated with the formation of a political space in a colonial city, where the subjects were representatives of the national intelligentsia, and the emerging media and public spaces were the instruments. The author of the article understands political environment as the sphere that developed in a colonial city at the turn of the 19th–20th centuries, formed because of the vigorous activity of urban intellectuals, through the creation of printed publications, participation in the work of representative bodies, etc. Political environment, on the one hand, is the result of the activities of the intellectual stratum, and it subsequently contributed both the manifestation of civic activity and forms the skills of political activity among the intelligentsia and the townspeople. As for the interdependence of politics and culture, it was very important to note that representatives of the Kazakh intelligentsia were convinced that education and the development of culture were of paramount importance. The article uses data from the regional archives of the cities of Kostanay and led to the formation of conditions for the activity of a citizen not only in the economic, but also in the political

aspects of Akmolinsk (now Nur-Sultan). One of the methods of this study was the historical-genetic method, which allowed to consider the problematic in its development and identify patterns. The use of the historical-comparative method revealed differences in the development of Kazakhstani historiography.

Key words: city, intelligentsia, political space, newspapers, colonial policy, Kostanay, Akmolinsk

Кіріспе. Қазақстан тарихындағы XIX-XX ғасырлар аралығы әлеуметтік-экономикалық және саяси болмыстың барлық салаларын қамтитын көшпелі қоғам инновацияларының қарама-қайшы үдерістерімен ерекшеленді. Осы кезеңде дәстүрлі этникалық топ пен империялық билік құрылымдары арасында байланыстырушы қызметтерді орындайтын жаңа әлеуметтік топтың қалыптасуы байқалады. Олардың қызметінің мазмұны қоғамды өзгеретін шындыққа бейімдеудің балама жолдарын іздеудің интеллектуалды өрісін қалыптастыру үшін алғышарттар жасады.

Азаматтық ұстанымдарды қалыптастыру және қазақ зиялыларының саяси қызметін жандандыру қалалық ортада өткені анық.

Белсенді казактардың алға жылжуы нәтижесінде құрылған отар қалалар, бірінші кезекте қорғаныс емес, әкімшілік қызмет атқарды. Сәулеттік тұрғыдан алғанда олар қала стандарттарынан да алыс болды, бірақ әкімшілік орналасқан бекіністен, экономикалық өмір дамыған базар алаңынан және рухани өмірді бейнелейтін шіркеулерден тұратын міндетті кешен болды. Мешіт, кітапхана және басқа да әкімшілік ғимараттар біртіндеп қосылды. Осылайша Қостанайда XIX ғасырдың соңында қоғамдық және қазыналық құрылыстар ағаштан жасалған дұға үйімен, орыс-қазақ училищесінің ғимаратымен және Татар қонысында – мұсылмандық намаз үйімен ұсынылды (ҚР ОМА, 3476:57-167 к.) Ақмоланың қала кеңістігі де діни сәулетімен ұсынылды (НҚМА, 22:2-4).

Қала халқы 10 мыңнан астам адамды құрады. Олардың басым бөлігі ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. XIX ғасырдың аяғындағы қала қонысының әдеттегі құрылымы мен көрінісі осындай болды. Қалалық мәдениет пен орта дамуының әлсіз деңгейі, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық қатынастардың нашар дамуының салдары болды.

Қала өзінің барлық функционалдылығымен және ілгерілеудің белгілі бір белгісі ретінде аграрлық қатынастардың дәстүрлі форматы жүйесіне, атап айтқанда көшпелі өмір салтына нашар сәйкес келді. Ресейдің қазақ даласына белсенді жылжуынан бастап пайда бола бастаған қала құрушы кәсіпорындар қалалардың нығаюына және дамуына нашар ықпал етті. Қала тұрғындарының басым бөлігі ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу салаларында жұмыс істейтін көпестер, ұсақ саудагерлер мен қолөнершілер болды. Қалалардың тұрғындары казактар да болды, қызметтен басқа олар ауыл шаруашылығында жұмыс істеді. 1897 жылғы Ресей империясының алғашқы жалпы халық санағының деректеріне сәйкес Қазақстандағы қала халқының саны жарты миллионнан аспаған. Дәл сол кезеңде 20-дан астам қала болды. Олардың ішіндегі ең ірілері – 36,4 мың халқы бар Орал, 19,7 мың адамы бар Петропавл болды. Ақмолада – 9,7 мың адам; Павлодарда – 7,7 мың адам тұрды (Козина, 2007:29).

Қазақстан қалаларының тарихнамасы өлкетану зерттеулерімен ұсынылған. Ғалымдардың назарында шет аймақтық шағын қалаларға қарағанда көбінесе ірі мегаполистер екенін айта кету керек. Негізі шағын қалаларды зерттеу тарихи үдерістерді неғұрлым толық көлемде зерттеуге мүмкіндік береді (санақ деректерін бүкіл халықты қамту немесе іріктеу үшін пайдалануға болады).

Бұл мақалада қаланың зиялы қауымды саясиландыруға және Дала генерал-губернаторлығының қалаларында саяси кеңістіктің, яғни қала тұрғындарының XIX-XX ғасырлар аралығындағы саяси және азаматтық үдерістерге белсенді қатысуына ықпал ететін ортаның қалыптасуына әсер ету үдерісі атап өтілді. Бір жағынан, зерттеу қала тұрғындарының, ең алдымен, зиялы қауымның билікпен қарым-қатынасының генезисін бақылауға мүмкіндік береді, екінші жағынан, біз қаланы саяси өлшемдегі кеңістік ретінде жаңартамыз. Бұл мақалада Солтүстік Қазақстан қалаларында саяси кеңістік қалыптастыру үдерісі атап өтілді, бұл кеңістік саясаттандыруға және азаматтарды XIX-XX ғасырлар аралығындағы саяси және азаматтық үдерістерге белсенді тартуға ықпал еткен ортаны білдіреді. Бір жағынан, зерттеу қала тұрғындарының, ең алдымен, зиялы қауымның билікпен қарым-қатынасының генезисін бақылауға мүмкіндік береді, екінші жағынан біз қаланы саяси өлшемдегі кеңістік ретінде жаңартамыз.

Материалдар мен әдістер: қалалық кітапханаларды, статистикалық басқармаларды, түрлі мәдени және қоғамдық мекемелерді ашу және олардың жұмыс істеуі жөніндегі материалдарды бейнелейтін қазақстандық мұрағаттардың қорлары құжаттық негіз болды. Бұл құжаттар жиынтығын зерттеу, бір жағынан, қоғамдық сананың сапалық өзгерістерінің динамикасын және азаматтардың қоғамдық және саяси үдерістерге араласу дәрежесін бақылауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі пәнаралық зерттеулерде қолданылатын әртүрлі тәсілдерді, әдістер мен бағалауды қолдану болып табылады. Жұмыста әлеуметтік институттардың, ұлттық зиялы қауымның қалыптасуындағы қалалық ортаның рөлі мен орнын анықтауға, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси көзқарастары мен нұсқамаларының дамуы мен

өзгеруін қарастыруға мүмкіндік беретін институционалды, фронтирлі тәсілдер сияқты әдістер мен құралдар қолданылады.

Сондай-ақ, жұмыста тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелік, тарихи-генетикалық сияқты нақты тарихи әдістер қолданылды, оларды қолдану көптеген деректер мен тарихнамалық материалдарды талдауға, XX ғасырдың басындағы қала мен зиялы қауымның өзара әсер ету, өзара шарттылық үдерістерінің ерекшеліктерін және осы үдеріске әсер еткен факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

Автор Қостанай облысының және Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік мұрағатындағы қорларды пайдаланды.

Талдау. Қала зерттеу нысаны ретінде көбінесе сәулеттік және экономикалық тұрғыдан қарастырылады. Соңғы кезде қаланың саяси өлшемі, билік пен белсенді қатысушылардың өзара іс-қимылы «қоғам деңгейіндегі билікті талдау моделі» мәнмәтінінде өзекті болып отыр. Қала біртіндеп ғылыми зерттеулерде адамды саясаттандыруға, сондай-ақ оның қоғамдық және азаматтық үдерістерге араласуына жағдай жасай алатын кеңістік ретінде қарастырыла бастады. Е. Трубина қаланың қоғамдық маңыздылығын атап өтіп, «бұл әлеуметтік өзгерістер орын алатын басты кеңістік және әлеуметтік теория құрылатын негізгі орын» деп санайды (Трубина, 2008:15).

Қала шаруашылық фактор саяси факторға қарағанда әлдеқайда маңызды болып табылатын ауылдық жерлерге қарағанда осы бағыттағы адамның белсенділігін қарқынды түрде арттырады. Б. Вальденфельс күнделікті өмірді түсінудің әртүрлі түрлерін талқылай отырып, қаланы «алмасу және пікір алмасу орны» деп сипаттайды (Плотичкина, 2012:154). Кеңестік тарихнамада саяси кеңістік тұжырымдама ретінде және жеке нысан ретінде қолданылмады және зерттелмеді. Қазақстандық тарихнамада ұлттық зиялы қауымның қызметіне локацияға қарамастан назар аударылды. Сонымен бірге белгіленген кезеңнің басты оқиғалары негізінен қалалық ортада өрбіді. Қала идеялар мен белсенділіктің шапшаңдатқышы болды және қоғам мен мемлекет дамуының үмтылыстары мен бағыттарын белгіледі. Қазіргі уақытта қалалық орталықтардың экономикалық қана емес, сонымен қатар саяси рөлін көрсететін ғылыми жұмыстардың берік жиынтығы құрылды және зиялы қауым мен қала қызметінің әртүрлі аспектілері өзекті болып отыр.

Сол кезеңдегі дереккөздер мен тарихнамалардың қолжетімділігі нақты тарихи жағдайларда қазақ зиялыларының өмір сүру мәселесіне тереңірек үңілуге мүмкіндік береді. Бірақ тарихнаманың нәтижелері толық тұтас көріністі танытпайды, сөйкесінше біз әлі де «шикі мұрағат материалдарын игеру парадигмасында» жүргендейміз. Сол арада көптеген зерттеушілер үшін бағдар болып табылатын жұмыстар бар, оларға Ж. Қасымбаевтың (Қасымбаев, 1990), Н. Алексеенконың (Алексеенко, 1981), М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 1994), Д. Аманжолованың (Аманжолова, 2009), Г. Алпыспаеваның және т. б. (Алпыспаева, 2016) еңбектері жатады. Олар бірқатар мәселелерді көрсетті: қалалық мәдениетті қалыптастыру және дамыту, болашақ партияның саяси қағидалары мен платформасын қалыптастыру, аймақ пен империяның саяси күштерімен қарым-қатынас. Бірақ қала мен зиялы қауым атты екі құбылыс өзара байланысы мен әсері анықталмай қарастырылды.

Е. Самойлованың пікірінше, әсіресе, шет аймақтық қалалардың урбандалу үдерістерінде жергілікті зиялы қауым басты рөл атқарды (Самойлова, 2006:149). Оның ішінен «рухани қажеттіліктер мен мүдделер жүйесі бар бастамашыл топ» құрылды. Осы жиынтыққа байланысты оның қызметі қаланың келбетін анықтады. Алайда автор зиялы қауымның ресурстары шектеулі болғанын және шет аймақтық қалалардың орталықтан артта қалуы маңызды екенін мойындайды. Тағы бір қала мен зиялы қауымның өзара іс-қимылы туралы қызықты ұстанымды Т. Нефедова және т.б. авторлардан тұратын ұжым білдірді. Олардың пікірінше, елордалық зиялы қауым өкілдері қаланы «Тәуелді патшалық» деп қабылдады (Нефедова, 2016:154).

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі пәнаралық зерттеулерде қолданылатын әртүрлі тәсілдерді, әдістер мен бағалауды қолдану болып табылады. Жұмыста әлеуметтік институттардың, ұлттық зиялы қауымның қалыптасуындағы қалалық ортаның рөлі мен орнын анықтауға, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси көзқарастары мен нұсқамаларының дамуы мен өзгеруін қарастыруға мүмкіндік беретін институционалды, фронтирлі тәсілдер сияқты әдістер мен құралдар қолданылады.

Сондай-ақ жұмыста тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелік, тарихи-генетикалық сияқты нақты тарихи әдістер қолданылды, оларды қолдану көптеген деректер мен тарихнамалық материалдарды талдауға, XX ғасырдың басындағы қала мен зиялы қауымның өзара әсер ету, өзара шарттылық үдерістерінің ерекшеліктерін және осы үдеріске әсер еткен факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

Қалалардың дамуына тарихи факторлардың әсері орыс ғалымы И. Агеевтің зерттеу тақырыбы болып табылады (Агеев, 2014:79-84). Ол «қалалық кеңістікті әлеуметтік және экономикалық субъектілердің өзара әрекеттесуінің тарихи анықталған рөлдері мен сценарийлерінің жиынтығы» ретінде қарастырады.

Жаңа аумақтардың игерілуі мен Ресей империясының ұлттық шеткері аймағындағы қалалардың дамуы В.И. Дятлов пен К.В. Григоричевтің зерттеу тақырыбы болды (Дятлов, Григоричев, 2013:573). Иркутск ғалымдары «қалалық кеңістіктердің этнизациясы» туралы тезис ұсынды.

Қазақстандық тарихнама үшін қаланы күнделікті өмір мәнмәтінінде зерделеу мүлдем жаңа бағыт болып табылады. Осы тәсілді қолдану арқылы халықтың үлкен топтарының рөлі мен маңыздылығының өзектілігі артады, онсыз қаланың болуы және тарихи үдерістердің қозғалысы мүмкін емес. Осы тұрғыда жазылған алғашқы еңбектер қарағандылық ғалымдардың еңбектері болып табылады, онда қала мен қала тұрғындарының өзара күрделі іс-қимылы мен өзара әсері талданды. Осы тұрғыда Қ. Әбдірахманова (Әбдірахманова, 2006), З. Сақтағанова (Сақтағанова, 2017) сияқты ғалымдардың еңбектері жазылды, онда қала мен қала тұрғындарының өзара күрделі іс-қимылы мен өзара әсері талданды. Қала мен қала ортасын жаңадан түсінуді К. Медеуованың жетекшілігімен «Есте сақтаудың өзекті тәжірибелері: өткенді тұжырымдамалау және Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі бірегейлікті қалыптастыру» жобасының нәтижелері енгізді, онда қалалық кеңістік постмодернизм және урбан антропологиясы тұрғысынан қарастырылады (Медеуова, 2016; Медеуова, 2018).

Қазақ зиялыларының рөлі ХХ ғасырдың басындағы саяси аландағы жетекші күшке айналғаны сөзсіз. Бірақ оның қызметін бағалауда сын көзімен қарамаушылық тәсілі бар. Қазақстандық зерттеушілер қазақ зиялыларының өлкенің саяси және қоғамдық өмірінде олардың саяси артықшылықтарына қарамастан ұсынылу мәселелерінің жиынтығы көрсетілген мақала дайындады (Бисенова, 2021:152).

Шынында да, зиялы қауымның саны өте төмен болса да, идеологиялық тұрғыдан алғанда ол бытыраңқы болды, бірақ бұл жаман деңгейді емес, керісінше сапаны көрсетеді. Алайда қазіргі қазақстандық тарихнамада оның либералдық қырына үлкен көңіл бөлінеді.

Нәтижелер. Қазақстанның, оның ішінде қаланың саяси дамуы бүкілресейлік әлеуметтік-саяси жағдай аясында өтті. Белгіленген кезеңде Қазақстан әдеттегі әлеуметтік-экономикалық мәселелер жиынтығымен Ресей империясының шетін құрады. Жағдай шешілмеген аграрлық мәселенің өткірлігімен күрделене түсті. Қазақстанның экономикасы бірқатар әкімшілік реформалардан кейін толық біріктірілген капиталистік қатынастар жүйесіне дәстүрлі ұстаным үйлеспеді. Қазақтар экономикалық тәртіптің өзгеруіне психологиялық та, материалдық та жағынан дайын болмай шықты. ХХ ғасырдың басына қарай қазақ халқы отарлауға қарсы және саяси, экономикалық құқықтарын қалпына келтіру жөнінде белсенді күрес жүргізді. Алайда саяси күрестің қолданатын құралдары моральдық тұрғыдан ескірген еді. Қазақ қоғамы (XVII ғасырдың аяғы-ХХ ғасырдың басындағы наразылық көңіл күйі) барлық белсенділігімен ХХ ғасырдың басындағы саяси күрес форматына қажетті білім мен дағдыға ие болмады. Ол негізінен саяси рәсімдеудегі өзгерістерді ескерместен, өзіне экономикалық босату міндетін қойды. Жанжалдармен бірге жүретін рулық бөліну де көзге түсерлік нәтижесі бар жүйелі түрде күресуге дайын болмаудың көрсеткіші болып табылады. ХХ ғасырдың басындағы саяси шындық жаңа формалар мен көшбасшыларды қажет етті. Осы кезеңде дәстүрлі этникалық топ пен империялық билік құрылымдары арасында байланыстырушы қызметтерді орындайтын әлеуметтік топтың қалыптасуы байқалады. Олардың қызметінің мазмұны қоғамды өзгеретін шындыққа бейімдеудің балама жолдарын іздеудің интеллектуалды өрісін қалыптастыру үшін алғышарттар жасады. Азаматтардың бұл тобы көпшілікпен байланысты этникалық және генетикалық тұрғыдан бір-бірін толықтыратын еуропалық және шығыс құндылықтары негізінде көшпенділердің мемлекеттік-басқарушылық құрылымының мұрагері болып қала берді. Зиялы қауым өзінің орналасқан және белсенді қызмет ететін орны ретінде қаланы белгіледі. Әдетте, белгілі бір білім беру шектелімі бар жастар өздерін кәсіби түрде дамытуға жағдайлар жасалған уездік қалаларға оралды.

Шешімдердегі ең қарама-қайшы нәрсе тұжырымдама мен күрес құралдарын таңдау мәселесі болды. Сондай-ақ ашық наразылықтың, стихиялық көтерілістердің дәстүрлі форматы тиімсіз ғана емес, сонымен бірге адам шығыны қауіпмен де байланысты екендігі айқын болды. Зиялы қауым біріктіруші бастауды іздеу міндетінің алдында тұрды, бірақ ол даланың ескі дүниетанымының аналогы болмауы тиіс еді, сондай-ақ көшпендінің мемлекет пен билікті дәстүрлі қабылдауынан алыстап, жаңғыртылған мағынаға ие болмауы керек еді. Дала кеңістігі билік пен халықтың органикалық өмір сүруімен және олардың арасындағы алшақтықтың болмауымен сипатталады, ал ол алшақтық зиялы қауым өкілдерінің батыс идеяларына деген терең құштарлығына және зиялы қауым мен көшпелі қоғам арасындағы әлеуметтік айырмашылықтардың болуына байланысты туындауы мүмкін. Басқаша айтқанда, қазақ либералдарының идеялары мен құқықтық түсініктері қоғамның сапалық жағдайын, оның рухани, материалдық, геосаяси негіздерін көрсетуі тиіс еді (Казиев, 2015: 77). Ең дұрысы, мемлекеттіліктің, оның негіздерінің қалыптасуы либералды көзқарастағы зиялы қауым ұсынған қазақ қоғамы мен шығармашылық азшылықтың екіжақты үдерісінің нәтижесі болуы керек еді.

Жоғарыда айтылғандай, ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси мәдениеттің саяси дамуы мен қалыптасуы орыс саяси ойы мен шындық мәнмәтінінде өтті. Ресей осы кезеңде саяси белсенділіктің шыңын басынан өткерді: бұқаралық ақпарат құралдары дамыды, кітапханалар санының өсуі байқалды,

- Akbalaeva Sh. Dolgij i ternistyj put' pervoj knigi Ahmeta Bajtursynuly. [Elektronnyj resurs] [The long and thorny path of the first book of Ahmet Baitursynuly]. URL:<https://vechastana.kz/dolgij-i-ternistyj-put-pervoj-knigi-ahmeta-bajtursynova>. (data obrashhenija: 10.01.2021). [In Russian]
- Alash қозғалысы. Қызхаттар мен материалдар жинағы. Dvizhenie Alash. Sbornik dokumentov i materialov [Alash movement. Collection of documents and materials]. Almaty: Alash baspasy, 2004-2006. [In Kazakh]
- Alash. Alashorda. Jenciklopedija [Alash. Alashorda. Encyclopedia]. Almaty: Arys baspasy, 2009. [In Russian]
- Alashtanu мәселелери. 1 том [Alashtanu issues. 1 volume]. Semej: Tany, 2010. [In Kazakh]
- Amanzholova D. A. Na izlome: Alash v jetnopoliticheskoj istorii Kazahstana [At the break: Alash in the ethnopolitical history of Kazakhstan]. Almaty, 2009, 164 pp. [In Russian]
- Burabaev M. S. Obshhestvenno-politicheskie vzglyady Ahmeta Bajtursynova [Socio-political views of Akhmet Baitursynov] // Vestnik AN Kaz. SSR. 1989. №8. Pp. 48-84. [In Russian]
- Dulatov M. Ahmet Bajtursynovich Bajtursynov: biograficheskiy ocherk [Akhmet Baitursynovich Baitursynov: biographical sketch] // Trudy Orenburgskogo obshhestva izuchenija Kirgizskogo kraja. Vypusk 3. Orenburg, 1922. Pp. 17-25. [In Russian]
- State archive of the Orenburg region (SAOR). F. 10. In. 2. C. 242. P. 2-5.
- State archive of the Orenburg region (SAOR). F. 10. In. 4. C. 397. P. 131-149.
- Hristoforov V. S. Politicheskij sysk i «musul'manskij vopros» nachala XX v.: sbor i ocenka informacii o musul'manah Stepnogo kraja [Political Investigation and the “Muslim Question” at the Beginning of the 20th Century: Collection and Evaluation of Information on the Muslims of the Steppe Territory] // Vestnik Omskogo universiteta. Serija «Istoricheskie nauki». 2018. №3 (19). Pp. 183-190. DOI: 10.25513/2312-1300.2018.3.183-190. [In Russian]
- Imahanbet R. S. Ahmet Bajtursynuly muzej-yji [Museum house of Akhmet Baitursynuly]. Almaty: Öner, 2017. 288 pp. [In Kazakh]
- Ishakov S. M. Rossijskie musul'mane i revolyucija 1917-1918 [Russian Muslims and the Revolution 1917-1918]. Moscow, 2004. 598 pp. [In Russian]
- Kasenov E. B. Materialy gosudarstvennyh arhivov Tomskoj i Orenburgskoj oblastej po istorii dvizhenija Alash [Materials of the state archives of the Tomsk and Orenburg regions on the history of the Alash movement] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija Istorija. Filosofija. 2014. №2. Pp. 27-32. [In Russian]
- Kashkimbaev A. Kazahskaja intelligencija v uslovijah revolyucij 1917 g. [Elektronnyj resurs] [Kazakh intelligentsia in the context of the revolutions of 1917]. URL:<https://e-history.kz/ru/news/show/4109/> (data obrashhenija 16. 12. 2021). [In Russian]
- Kotjukova T. V. Okraina na osobom polozhenii. Turkestan v preddverii dramy [The outskirts are in a special position. Turkestan on the eve of drama]. Moscow, 2016. 598 pp. [In Russian]
- Legkij D. M. Kazahskie politicheskie dejateli v 1917 godu: ot Fevralja do Oktjabrja [Kazakh politicians in 1917: from February to October] // Vestnik Hakasskogo gosudarstvennogo universiteta im. N. F. Katanova (Abakan). 2017. №22. Pp. 42-44. [In Russian]
- Ljubichankovskij S. V. Formirovanie kazahskoj intelligencii v uchebnyh zavedenijah Orenburgskogo kraja: otvet na vyzovy poreformennoj modernizacii [The formation of the Kazakh intelligentsia in the educational institutions of the Orenburg Territory: a response to the challenges of post-reform modernization] // Ural'skij istoricheskiy vestnik. 2021. №4. Pp. 106-114. doi: 10.30759/1728-9718-2021-4(73)-106-114. [In Russian]
- Mazhitov S. 100-letnij sindrom 1916 g.: ternii istiny i svoboda vymyslov [1916 100-year syndrome: thorns of truth and freedom of fiction] // Vosstanie 1916 g. v Aziatskoj Rossii: neizvestnoe o izvestnom / red.-sost. T. V. Kotjukova. M., 2017. Pp. 499-508. [In Russian]

Musabalina G. T. Voennye gubernatory stepnyh oblastej v ierarhii vlastnyh struktur Rossijskoj imperii vo vtoroj polovine 19 veka. [Elektronnyj resurs] [Military governors of the steppe regions in the hierarchy of power structures of the Russian Empire in the second half of the 19th century]. URL: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29472/> © e-history.kz. [In Russian]

Rustemov S. K., Shashaeva M. A. Nadzor za rasprostraneniem musul'manstva v Turkestanskom krae [Supervision of the spread of Islam in the Turkestan region] // Otan tarihy. 2021. №1. Pp. 63-73. [In Russian]

Sagadiev K. A. Ahmet Bajtursynov i jekonomicheskie vzgljady liderov Alashordy [Akmet Baitursynov and the economic views of the leaders of Alashorda] // Otan tarihy. 1998. №3. Pp. 29-33. [In Russian]

Semenov V. G., Semenova V. P. Gubernatory Orenburgskoj oblasti [Governors of the Orenburg region]. Orenburg, 1999. 400 pp. [In Russian]

Ternovoj I. K., Isetova R. K. Zhizn', ozarenaja bor'boj: posvjashhaetsja 125-letiju so dnja rozhdenija Ahmeta Bajtursynova [Life illuminated by struggle: dedicated to the 125th anniversary of the birth of Akhmet Baitursynov]. Qostanaj, 1998. 76 pp. [In Russian]

Tugaj T. I. Orenburgskij put' Ahmeta Bajtursunova [Orenburg way of Akhmet Baitursunov]. Izd. 2-e, dop. Orenburg: Universitet, 2018. 252 pp. [In Russian]

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_134

ОРЫНБОР МҮФТИЛІГІНІҢ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ)

Рүстемов Сәулебек Керімбекұлы^{1*}, Бұрханов Бимұрат Бадритдинұлы¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент

E-mail: rust965@mail.ru (Рүстемов), burhanov.b@inbox.ru (Бұрханов)

Түйіндеме. Аталмыш мақалада Орынбор мұфтилігінің (Орынбор мұсылмандарының рухани жиыны) XVIII-ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы басындағы XX ғасырдың бас кезінде қазақтардың қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі рөлі қарастырылады. 1788 жылы Ресей патшайымы Екатерина II Ресейдің ішкі бөлігі мен Қазақстан аумағындағы мұсылмандар үшін алғашқы діни басқарманы, яғни Орынбор мұфтилігін құрды. Ол басқарма ұзақ уақыт бойы империядағы бірден-бір мұсылмандар мекемесі саналып келді. 1788 жылы 22 қыркүйекте патшайым «Мұсылман дініндегілердің шенін айқындау және Уфада рухани мекеме құру жөніндегі» жарлығын шығарды. Бұл жарлық бойынша мұсылман дін басылары мемлекет бақылауына алынды.

Орынбор мұфтилігі берілген мәртебесіне сай мынандай мәселелерді қарастырды: діни істердің дұрыстығы немесе бұрыстығы жайлы пәтуә шығару, шариғат бойынша қызметтетін ахундардың мухтасибтардың, мударистердің, хатыбтардың және имамдар мен муэдзиндердің лайықтығына сәйкес емтихан қабылдау.

Орынбор мұфтилігі патша өкіметінің талаптарына сай қызмет еткенімен өз дәуірінде қазақтардың рухани және мәдени өмірінде елеулі рөл атқарды. Қазақтар арасында дін тарату ісінде ерекше маңызға ие болды. Мұны байқаған христиан миссионерлері Орынбор мұфтилігі қазақтарды православие дінінен түбегейлі бұрып әкетті деп байбалам салды. Осыған орай патша өкіметі қазақтарды 1868 жылы Орынбор мұфтилігі қарауынан шығарып тастады. Алайда қазақ қайраткерлері бұл діни басқармаға қазақтардың дін істерін қайта қаратуға күш салды. Мақалада осы құбылысты ашып көрсетуге талпыныс жасалған.

Кілт сөздер: ислам, Ресей империясы, мұфтилік, миссионерлік, имам, молда, мешіт.

Мақала "Қазақстандағы мұсылман және православие миссионерлері: қызметі мен нәтижелері (XIX – XX ғғ. басы)" ІРН: АР08855385 жобасы аясында жазылған

МРНТИ 03.20

РОЛЬ И МЕСТО ОРЕНБУРГСКОГО МУФТИЯТА В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ И КУЛЬТУРНОЙ ЖИЗНИ КАЗАХОВ (КОНЕЦ XVIII – НАЧАЛО XX ВЕКОВ)

Рүстемов Саулебек Керімбекович^{1*}, Бұрханов Бимұрат Бадритдинович¹

¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail: rust965@mail.ru (Рустемов), burhanov.b@inbox.ru (Бурханов)

Аннотация. В данной статье рассматривается роль Оренбургского муфтията (Оренбургское мусульманское духовное собрание) в общественно-политической и культурной жизни казахов в конце XVIII - начале XX веков. В 1788 г. императрица Екатерина II создает первый и единственный орган, объединявший всех мусульман Внутренней России и Казахстана – Оренбургский муфтият. 22 сентября 1788 г. был принят именной указ императрицы «Об определении мулл и прочих духовных чинов магометанского закона, и об учреждении в Уфе духовного собрания для заведывания всеми духовными чинами». Таким образом мусульманское духовенство ставилось под контроль государства, полностью определявшего его кадровый состав. Если учесть, что в России ужесточивалась свобода вероисповедания, то этот указ устанавливал механизм надзора за духовными лицами, при этом основное место уделялось их лояльности российскому государству.

По статусу Оренбургскому муфтияту были поручены следующие вопросы: давать фетвы о верности или ошибочности деяний в религиозных делах, принятие экзаменов у лиц, назначаемых на должности выполняющих обязанности по Шариату ахунов, мухтасибов, мударисов, хатыбов, имамов и муэдзинов. В глазах миссионеров именно Оренбургский муфтият в лице мусульманского духовенства был основным орудием превращения оседлого и кочевнического населения Нижней Волги, Степей и Сибири в мусульман.

Ключевые слова: ислам, Российская империя, муфтият, имам, мулла, мечеть, миссионерство.

IRSTI 03.20

ROLE AND PLACE OF THE ORENBURG MUFTI IN THE PUBLIC-POLITICAL AND CULTURAL LIFE OF KAZAKHS (VALUE XVIII - BEGINNING XX CENTURIES)

Rustemov Saulebek Kerimbekovich^{1*}, Burkhanov Bimurat Badritdinovich¹

¹Sh. Sh.Ualikhanov Institute of history and Ethnology. Almaty, Kazakhstan

*Author-correspondent

E-mail: rust965@mail.ru, burhanov.b@inbox.ru

Abstract. This article examines the role of the Orenburg Muftiate (Orenburg Muslim Spiritual Assembly) in the socio-political and cultural life of Kazakhstan in the late XVIII-early XX centuries. In 1788, Empress Catherine II created the first and only body that united all Muslims of Inner Russia and Kazakhstan – the Orenburg Muftiate. On September 22, 1788, a nominal decree of the Empress was adopted "On the definition of mullahs and other spiritual ranks of the Mohammedan law, and on the establishment of a spiritual assembly in Ufa to manage all spiritual ranks." Thus, the Muslim clergy was placed under the control of the state, which completely determined its personnel composition. If we take into account that freedom of religion already existed in Russia, then this decree established a mechanism for the supervision of clergy, while the main focus was on their loyalty to the Russian state.

According to the status, the Orenburg Muftiate was entrusted with the following issues: to give fatwas on the fidelity or wrongness of acts in religious affairs, the acceptance of examinations from persons appointed to the positions of akhuns, mukhtasibs, mudaris, khatibs, imams and muezzins who were appointed to the positions of performing duties under Sharia. In the eyes of the missionaries, it was the Orenburg Muftiate represented by the Muslim clergy that was the main tool for turning the sedentary and nomadic population of the Lower Volga, Steppes and Siberia into Muslims.

Key words: islam, The Russian Empire, muftiate, imam, mullah, mosque, missionary.

Кіріспе. Орынбор мүфтилігінің тарихы қазақ халқының тарихымен етене байланысты. Өйткені, бұл мекеме қазақ халқының тарихында өз алдына жеке мүфтиліктің құрылуы да Еділ бойы мен Орталық Азияны қоныстанған халықтардың тарихына өзіндік із қалдырған. Бұл із түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен дәстүрінде, сондай-ақ рухани дүниесінде әлі күнге көрініс беруде.

Қазақ халқының тарихында алғаш рет жеке діни басқарманың құрылуы да осы Орынбор мүфтилігімен байланысты десек қателеспейміз. Бұл мүфтиліктің құрылуы патшалық Ресейдің отарлық саясатымен астарласып жатқанымен қазақтардың арасында мұсылмандықты насихаттауда елеулі рөл атқарды. Осы мүфтиліктің атсалысуымен Құран кітаптары басылып, қазақтар арасында таратылды, сондай-ақ Қостанай, Орал, Семей және тағы басқа қалаларда мешіттер тұрғызылды. Ол мешіттердің

біразы осы күнге дейін жеткен. Патша өкіметі Орынбор мүфтилігінің осындай ықпалын байқап, 1868 жылы қазақтарды Орынбор мүфтилігі қарауынан шығарды. Бұл өз кезегінде қазақтар арасында діни қозғалыстың өрістеуіне алып келді. Міне, осы жағдайды терең түсіну үшін Орынбор мүфтилігінің тарихын зерттей түскен абзал.

Орынбор мүфтилігі тарихын зерттеу арқылы патшалық Ресейдің үстемдігі тұсындағы Қазақстан аумағындағы діни ахулды ғана емес, қазақтардың этномәдени өміріндегі ерекшеліктерді терең түсінуге мүмкіндік аламыз. Осы айтылғандардың өзі мәселенің өзекті екенін аңғарта түссе керек.

Материалдар мен әдістер. Орынбор мүфтилігіне қатысты материалдар негізінен Ресей мемлекеттік тарих архивіндегі «Шет діндер департаменті» атты №821 қордан алынды. Бұл қордағы материалдарда Орынбор мүфтилігінің құрылуына қатысты, қазақтар арасында дін басыларды тағайындау жайлы материалдар бар. Сонымен қатар дерек көзі ретінде татар халқының көрнекті қайраткері Ш. Маржанидің еңбектеріндегі мәліметтер кеңінен пайдаланылды. Ш. Маржани дінтанушы ретінде Орынбор мүфтилігінің әрекеттеріне сын көзбен қарап, оның мұсылмандықты насихаттаудағы рөлін бағамдауға күш салады. Осылайша, мақаламызда архив құжаттарымен қатар қолжазба материалдар кеңінен қолданыс тапты. Бұл материалдар ішкі және сыртқы деректанулық талдауға алынып барып, пайдаланылды. Деректерді өз салыстыра отырып, ғылыми айналымға тарту жүзеге асырылды.

Дерек ретінде пайдаланылған мәліметтер тарихилық принцип тұрғысынан қарастырылып, өркениеттілік ұстаным тұрғысында пайымдалды. Соның негізінде Орынбор мүфтилігінің қазақ қоғамында алар орнын объективті тұрғыда бағамдау жүзеге асырылды.

Талқылау. Орынбор мүфтилігінің қазақ халқының әлеуметтік-саяси және этномәдени өміріндегі орнына алғаш ғылыми баға берген ғалым ретінде Ш. Маржаниді атау қажет. Оның «Мукадима» атты еңбегі XIX ғасыр соңында жарық көріп, ғалымдар арасында жоғары бағаға ие болғаны белгілі. Бұл еңбекте Орынбор мүфтилігінің мүфтилері қатарында қазақтар да болғанына Ш. Маржани назар аударған (Маржани, 1883: 411). Ш. Маржани өзінің «Вафиат ал-аслаф» атты еңбегінде қазақтан шыққан мүфти ретінде Сәлімгерей Тевкелевті атап көрсетеді (Маржани, 1999:61). Осылайша, Ш. Маржаниден кейін Орынбор мүфтилігіне қатысты зерттеу жұмысы жүргізілмеді десе де болады. Ол кеңес өкіметінің саясатына, дінге қатысты ұстанымына байланысты болды. Орынбор мүфтилігінің тарихына қатысты зерттеулер КСРО ыдырағаннан кейін назар аударыла бастады. Бұл ретте Д.Д. Азаматовтың еңбегін айтуға болады. Оның еңбегі Уфа архивінің материалдары негізінде жазылған. Аталмыш еңбекте Орынбор мүфтилігінің қазақтарға да қатысы бар екені айтылады, бірақ оған терең көңіл бөлінбейді (Азаматов, 1999: 16).

Татар ғалымы А. Хабутдиновтың еңбегінде Орынбор мүфтилігінің тарихы қарастырылғанмен, онда қазақтарға қатысты еш нәрсе айтылмайды. Ол өз еңбегінде Орынбор мүфтилігі түркі-мұсылман халықтарының рухани өмірінде терең із қалдырды деген пікір білдіреді (Хабутдинов, 2000: 150). Мұндай пікір И. Загидуллиннің еңбегіне де тән (Загидуллин, 2007:134). Мұның өзі біздің зерттеу тақырыбымыздың өзекті екенін аңғарта түседі.

Нәтиже. Қазақ халқының Ресей империясының құрамында отаршылдықтың тақсиретін тартқан дәуіріндегі мұсылмандық мәселесін қарастырғанда, Орынбор мүфтилігін айпай кету әсте мүмкін емес. Себебі, өткен тарихи үдерісте жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігі қарамағында болған еді. 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелерге» сәйкес қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігінен алынғанда қазақ қоғамы арасында діни толқулар өріс алып, ол бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында да да өз жалғасын тапты.

Орынбор діни басқармасын құру туралы мәселені алғаш Уфа және Симбирск наместнигі барон О.А. Игельстром көтеріп, бұл жөнінде 1787 жылы басқарушы Сенатқа ұсыныс түсірген болатын. Игельстромның бұл тапсырысы үкіметтің және патшайым II Екатерина тарапынан да қолдауға ие болды. Осыдан соң, 1788 жылы 22 қыркүйекте II Екатерина діни басқарма құру туралы жарлық шығарды (РМТА, 590: 590-п.).

Аталмыш жарлыққа орай Уфа қаласында ашылған бұл діни басқарма 1789 жылы сәуір айында билік орындарының шешімімен діни басқарма басшысы ретінде татар халқының өкілі саналатын Мұхаметжан Хүсейінов белгіленді. Ресей билігі діни басқарманың қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында оған кететін шығынды көтеруді өз мойнына алып, мүфтилік қызметкерлеріне жалақы белгіледі (РМТА, 602:11-п.).

Діни басқармаға дейін Ресей империясында Қырым түбегінде Қырым татарларының мүфтилігі, оның артынша кавказдықтардың, яғни ондағы шейіттер мен сүнниттердің қос діни басқармасы бар еді. Ұстанған саясатын екіпінді түрде жүргізу, мұсылман халықтарды шоқындыру бағытындағы шараларды жүзеге асыруға талпынған патшалық билік елдегі Ислам дініндегілерге арнап өз қолымен діни басқармалар жамсауының өзіндік себептері бар болатын. Сол себептердің өзі сыртқы және ішкі факторлардан тұрды.

Тысқары, яғни сыртқы фактор қатарына XVIII ғасырдың соңғы ширегіне қарай Ресей мен Осман империясы қатынасының ушығып, қақтығысқа жалғасуын айтуға болады. Мұндай ахуалда патшайым II Екатерина Ресейдегі Ислам дініндегілерге Осман империясының ықпал ету мүмкіндіктерін барынша болдырмауды қолдап, қауіпсіздікке көшуді жақтады. Себебі, XVIII ғасырдың соңында Осман империясының Бұқар хандығындағы өкілі Ресей империясымен соғыстың себебінде «Ислам дініндегілерді орыс билігінен қорғау жатыр» деп айтқан-ды. Сөйтіп өз кезегінде Осман билеушісін қолдаған Бұқар ханы қазақ билеушілеріне, қаны мен діні бір османдықтарға көмек көрсету үшін орыстарға қарсы күресуге шақырған үндеу тарата бастады. Осы себепті патша билігі елдегі Ислам дініндегілерге ізгілікті екендігін танытуға талпынып, мүфтиліктер ашуды жүзеге асырды (Ногманов, 2005: 24).

Діни басқармалар құруға әсер еткен ішкі фактор Ислам дініндегілердің орыс билігіне деген қарсылықтарын әлсіретуге талпынуымен байланысты болды. Оны қазақ жеріндегі мұсылмандықтың жалпы ахуалымен арнайы айналысқан патша өкіметі чиновниктерінің үкіметке тапсырып отырған баяндамаларынан да байқалады. Елшілік мәселелерімен айналысатын чиновниктердің бірі мынандай мәлімет берген: «Осы біздің, орыстардың даладағы үстемдігіміздің бастапқы кезеңіндегі саяси мүддеміз қазақтардың, қырғыздардың және Түркістандағы басқа да халықтардың дініне тиіспейтіндігіміз жайлы сенім қалыптастыруды қажет етті. Осындай ахуал орыстар жағына хандар мен сұлтандарды және даладағы ықпалды билеуші адамдарды тартуға байланысты шықты. Осы себепті билік орындары бастапқыда мұсылмандыққа төзімділік танытып ғана қоймай, мұсылмандыққа қамқорлық та жасады» (Юсупов, 1981:69).

Ислам діні негіздерінің сақталуын қадағалау, мешіттер мен медреселерді салуға басшылық жасау және оларға діни уағызшылар белгілеуді, және неке қию жұмыстарын жүзеге асырып отыру сияқты бірқатар жұмыстар жүктелген діни басқармаларды патша өкіметі билігі қатал бақылап, діни басқармалардың қызметі империя мүддесімен үндесіп жатуына ерекше назар бөлді. Осылайша, діни басқармаларды патша өкіметі өз мүддесі жолында барынша пайдалануға тырысты. бақты. Ресейлік билік орындарының назарында а болуына байланысты діни басқармаларға патшалық биліктің айтқанынп көнуден басқа жол болмады. Осы себепті Уфадағы діни басқарманың ашылуы кезінде муфти Мұхамеджан Хусейінов Ислам дініндегілерді императорица II Екатеринаға адал болуға үндеді (Юзеев, 2001: 84).

Уфа қаласында ашылған мүфтилік 1797 жылдан бастап Орынбор мұсылмандары діни басқармасы деп аталды. Мұның былай аталуы бұрынғы наместниктің орнына Орынбор губерниясының құрылуына да қатысты еді. Аталмыш губернияның орталығы Орынбор қаласы болуымен, кейіннен мүфтилік кеңесі Орынборда құрылды. Діни басқарма кеңесі онда 1802 жылдың аяғына дейін болып, Уфаға қайта көшірілді. Алайда осығанбұған қарамастан, мүфтилік сол кезден бастап XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Орынбор мұсылмандары діни басқармасы деп аталды.

Діни басқарманың қарамағында 1790 жылға дейін көптеген мешіт болды. Ол мешіттердің құрамында Қызылжардағы, Өскемендегі және бекіністер маңында ашылған мешіттер бар еді (Таймасов, 2006:115).

Орталық Азиядағы халықтардың Ислам дініне қатысты жоралғыларын Орынбор діни басқармасына қарату ісін Ресей билігі 1789 жылдың бас кезінде іске асыра бастады. Соған орай патша өкіметі чиновниктері Кіші жүз қазақтарына мәлімдеме жіберіп, құрылған діни басқармаға қазақтардың діни істері қарағанын жақтайтынын білдірген болатын. Бірақ, қазақ билеушілерінің біразы Ресей билігі өкіметі тарарпынан құрылған діни басқармаға өздерінің діни істерін қаратуды қаламайтындығын танытып, ол жайлы Бұхар ханымен пікірлесуді қалады. Мұндай ахуал, XVIII ғасыр соңында муфти Мұхамеджан Оралға келіп, қазақ билеушілерімен еліссөздер жасап, бұл аймақ қазақтарының діни істерін Орынбор діни басқармасына қаратып алды (Ибрагим, 2002:75).

Осы шара қазақтардың діни істерін Орынбор діни басқармасына өткізудің бастамасы болатын. Осыдан соң Ресей билігінің інің үстемдігі орнаған қазақ даласының өзге де аймақтарына Орынбор діни басқармасының ықпалы біртіндеп тарай түсті. Мұндай аймақтарда имамадар мен басқа да дінбасыларды тағайындау діни басқарманың құзырына өтті. Мысалы, XVIII ғасырдың соңында ылы Орал өңіріндегі Кіші жүз қазақтарына қазы болып Қазан губерниясының татары Мұхамеджан Қазиев, 1802 жылы Бөкей Ордасында қазылыққа Жүсіп есімді татар бекітілді.

Арынғазы ханның сол кезде жазғанына қарағанда, татар молдалары мен өкілдері қазақ руларын аралап, халықты тыныштық сақтауға, патша жарлықтарына бағынуға шақырған. Ресей өкіметінің билік орындарына бағынуды үндеуде басқарма басшысы Мұхамеджан айрықша талпыныс танытып, қазақтар арасындағы ортаазиялық дінбасылардың ықпалын әлсіретуге айрықша көңіл бөлді (Абдурашидов, 2011:62).

Ресей билігі Сырым батыр бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басудадіни басқарма басшысы Мұхамеджанның қазақтар арасындағы беделін барынша пайдалануды қалап, оны Сырым Датұлымен

келіссөздер жүргізуге де жіберген болатын. Мұхамеджан осы мақсатта 1790 жылы мамыр мен маусым айларында Сырым Датұлымен бірнеше рет жолығып, оны Нұралы ханмен келісімге келуге шақырды. Мұхамеджан 1797 жылы патша үкіметі чиновниктерінің ұсынысымен Кіші жүзде құрылған Айшуақ сұлтан басқарған хан кеңесінің құрамына қосылды. Ол осылайша патша өкіметіне белсене қызмет етті.

Орынбор діни басқармасы қазақ көшпелілерінің балаларын Уфада, Қазанда, Троицкіде, Орынборда және Омбыда ұйымдастырылған мектептер мен медреселерге тарту бағытында қызу жұмыстар жүргізді. Діни басқарманың араласуымен араласуымен Жәңгір хан ордасында медресе ұйымдастырылды. Медреседе дәріс беруге Қазан өңірінен татар мұғалімдері аттандырылды. Ресейлік билік орындарына Орынбор діни басқармасы тарапынан мұсылмандық әдебиеттер шығару жөнінде ұсыныстар да берілді. Мұндай ұсыныстарды ескерген Ресей билігі 1797 жылы 3600 дана, 1806 жылы 1500 дана, 1853 жылы 82 мың діни әдебиеттерді таратты. Діни әдебиеттердің біраз бөлігі Орынбордіни басқармасының атсалысуымен қазақтар арасына да таратылды. Орынбор діни басқармасының дінді насихаттау жөніндегі мұндай әрекеттер жасауы арқылы қазақ ауылдары ішінде беделі белгілі дәрежеде жыл өткен сайын артты.

Діни басқарманы басқарған басшылар арасында көрнекті қайраткерлер де болды. Ондай қайраткердің бірі ретінде Сәлімгерей Тевкелевтің есімін атау қажет. Сәлімгерейдің есімін Орынбор мүфтилігінің басшысы болуы да әйгіледі деуге болады. Сәлімгерейдің өмір жолын, шыққан тегін зерттеу отаршылдық саясат жағдайында орын алған құбылыстар мен оқиғалардың астарын аңғаруға өз септігін жасайды.

Діни басқарма басшысы Сәлімгерейдің тегіне қатысты соңғы уақыттарға дейін біржақты қарстырылып, оны татар халқының өкілі ретінде саналды. Ондай тұжырым туындауы шежірелік мәліметтерге мән берілмеуге байланысты еді.

Діни басқарма басшысы болған Сәлімгерейдің тегі жайлы дәйекті мәлімет беретін зерттеушілердің көрнектісі йі ретінде осыдан 150 жыл бұрын жасаған татар халқының көрнекті ғалымы, діни қайраткері Шаһабуддин Маржанидің атын айтуға болады. Маржани берген шежірелік мәлімет Сәлімгерейдің алынғандығымен айрықшыланады. Маржани нің «Қазан мен Болғар тарихына қатысты мәліметтер жайлы» атты еңбегіндегі Орынбор қаласының салыну тарихына арналған тарауында бұл қаланың негізін қалауға Тевкелевтің тікелей қатысы бар екенін негіздеп, оның Шыңғыс хан әулетінен екенін негіздеп атап көрсетеді. Оның көрсетуінше, Сәлімгерей Тевкелев Оразмұхаммед сұлтанның әулетінен екенін негіздейді (Марджани, 1999:111).

Мүфти ретінде Уфадағы қызметі барысында Сәлімгерей Оразмұхаммедтегі 1868 жылғы әкімшілік реформаға сәйкес далалық облыстадағы қазақтардың Ислам дініне қатысты істері Орынбор діни басқармасының қарауынан шығарылып, жергілікті патша өкіметі билік орындары қолына тапсырылуына қарсылық білдіргендердің басында тұрды. Сәлімгерей сонымен қатар патша өкіметінің далалық өңірдегі қазақтардың мұсылмандығына қатысты оң шешім қабылданады деген уәдесіне сенім білдірді. Ол Ислам дінін уағыздаушылар ішіндегі жағдайды мұқият бақылап, XIX ғасырдың соңына қарай Ислам дініндегілер өз парыздарын дұрыс орындауы жайлы мәлімдеме жасады. Сәлімгерейдің осы мәлімдемесіне губерния басшысының өзі назар аударып, губернияның өңірлеріне мұны таратуға арнайы тапсырма берді. Осылайша Сәлімгерейдің беделі арта түсті. Сонымен С. Тевкелев ел арасында мұсылмандықты қорғаушы қайраткер ретінде мойындалды. Оның Оразмұхамедтің әулетінен екені де халыққа елеулі әсер етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында халыққа қамқорлық таныту ісінде де Сәлімгерей белсенділік таныта білді. Мәселен, ол 1868 жылы Торғай-Орынбор өңірінде құрғақшылық болып, жергілікті халық арасында ашаршылық орын ала бастағанда Сәлімгерей Ресейдегі Ислам дінін ұстанушыларға қайырылып, мәлімдеме таратты. Бұл мәлімдемеде ашаршылыққа душар болған қазақтар мен башқұрттарға және басқа халықтарға деп қаражат жинау керектігі көтерілгеннен-ді. Осы мәлімдемеге орай орай Ислам дінін ұстанушылар тарапынан ашаршылыққа душар болғандар үшін 2431 рубль берілді. Бұл қаржы ашаршылыққа душар болғандарға мешіт қызметкерлері арқылы үлестірілді.

Сәлімгерейдің діни басқарманың басшысы қызметі барысында орын алған діни тұрғыдағы толқуларда қазақтардың діни істерін Орынбор діни басқармасының қарамағына қарату басты тілек етіліп алға қойылды. Мұндай қарсылықтар жайында Орынборда шығып тұрған «Уақыт» газеті мынандай хабар таратқан-ды: «Ислам дінін ұстанушылар биліктің шешімін негізсіз, әрі зомбылық деп санап, оған бас иемей қойды. Сол себепті Қазан губерниясын басқаратын губернатор атты әскермен шығып, аймақтағы мұсылмандар тұратын ауылдарды аралап, бірнеше жүздеген Ислам дінін ұстанушыларды абақтыға жапты. Тұтқындалған мұсылмандардың бірқатары басқа жаққа көшіріліп, айдауға жіберіліп, ауыр жұмысқа жегілді. Дала өлкесіне қарасты Ақмола облысында болса, әскери губернатор сондағы шіркеу қызметкерімен бірге Көкшетау қаласындағы христиан шіркеуіне тиесілі алаңына сондағы мұсылмандардың бір бөлігін жинап, жиналыс өткізді. Әскери губернатор жиналған мұсылмандарға христиандықты қабылдауды ұсынып, енді мұсылмандық қағидаменемес, православие қағидасымен өмір сүресіңдер деп айтты. Әскери губернатор осы ұйғарымға бас именендерді, соның ішінде Көкшетау молдасының құжатын алып қойып, итжеккенге айдатып жіберді».

Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы қарамағынан Далалық өлке мен Орынбор-Орал өңірі мұсылмандарының діни істерінің алынып тасталуына байланысты қазақтар ішінде арасында екпін алған қарсылықтарды отарлық билік органдары тәрпынан татар дін иелерінің зиянды әсерінің нәтижесі ретінде саналды. Осыны Омбыдағы генерал-губернатордың Шет діндер департаментіне жіберген баянхатындағы мынандай мәтіннен байқаймыз: «Уақвта ереже» татарларды Орынбор діни басқармасы қарамағында қалдырып, қазақтардың мұсылмандық істерін жергілікті әскери әкімшілік қолына беріп, осы жағдайда қазақ пен татардың жігін ажыратып, бөліп тастаған едік. Осы іс-шара өз кезегінде қазақтардың көзінше татар халқын ерекше жағдайдағы қауым ретінде байқатып, өңірде мерейлерін артық еткендей жағдайға әкелді. Қу әрі айлалы татарлар көшпелі қазақтарға «билік сендерді діни ұйымға қоспауы – жалпы Ислам дінін ұстанушы ретінде біздердің бас қосуымызға бөгет жасауы» дегенді уағыздап, соған сендірді. Өңірді билеуге келген бастапқы уақыттарда да татарлардың медресе мен мешіттерді көбейту арқылы көшпелі қазақтарды татарға және нағыз мұсылмандарға шапшаң айналдыру үшін не өз алдына діни басқарма құруға, ия болмаса Орынбор діни басқармасына мойынсұнуға насихаттауы секілді теріс иянды істеріне көз жеткіздім».

Ресей империясының мұсылман дініне байланысты саясатының астарын Сәлімгерей дұрыс байқап қалды. Осы себепті Сәлімгерей үкімет органдарының Ислам дінін ұстанушыларға жасап отырған кедергілеріне бірден ашық қарсылық білдірудің ауыр зардаптарға әкелетіндігін ескеріп, оны басты назарда ұстады. Бұған орай Ислам дінін ұстанушылардың діни істеріне қатысты проблемаларды үкімет органдарымен тіл табысуға келе отырып шешуге басымдық беруді жөн санады. Сәлімгерейдің осындай талпынысы нәтижесіз болмады. Мұны үкімет органдарының рұқсат беруімен Астрахань, Орынбор, Уфа және Қазан, губернияларында ғана емес, Ертіс, Есіл бойындағы қалаларда және бекіністер мен поселкелерде медреселер мен мешітер салуға рұқсат беруінен байқаймыз.

Ислам дінін тұтынушы халықтар ішінде арасында жетім балалар мен қараусыз қалған қариялар мәселесі де Сәлімгерейді бей-жай қалдырмады. Сәлімгерей Ислам дінін тұтынушылар арасындағы егде жастағылары мен ата-анасыз жас өспірімдерді қамқорлыққа алатын баспаналар ашу жайын іске асырды. С. Тевкелевтің өзі тікелей араласып, Орынбор губерниясында Ислам дінін ұстанушы кемпір-шалдарды және жетім балалар үшін арналған ғимарат ашуға басшылық жасап, халыққа үлгі де болды. Аталмыш ғимараттың қаржылай жағын көтеруге Сәлімгерейдің Сейітгерей Тевкелев, Бақтыгерей Тевкелев секілді інілері және туыстары да атсалысты. Сәлімгерейдің туыстарының араласуымен Ислам дініндегі егде жастағы адамдар мен жетім-жесірлерге арналған тұрғын жайдың жарғысы жасалып, ол ресейлік бауырмастылық қоғамы арқылы негізделді.

Империясының бас қаласы – Санкт-Петербургте жасайтын Ислам дінін тұтынушыларға деп арналған көркем әрі зәулім үлкен мешіт салу керектігі мәселесін көтерген де Сәлімгерей болатын. Сәлімгерей Ішкі істер министрлігінің департаментіне бұл жайлы өткір проблема қою арқылы, үкімет органдары тарапынан оның салынуына рұқсат сұрады. Сәлімгерей аталмыш мешітті Ресейдегі басты Ислам мешітіне айналдырудың маңызды екенін императордың өзіне де хабарлады. XIX ғасырдың соңына қарай Санкт-Петербургтегі мешітті салу үшін ел көлемінде қаражат жинастыратын арнайы комиссия бой көтерді. Оның құрамына Сәлімгерейдің ұсынысымен көрнекті мұсылман дін иелері енді. Сәлімгерей Тевкелев Санкт-Петербургтегі мұсылман мешітінің салынғандығын көзімен көремей, 1885 жылы бақилық болды. Санкт-Петербургтегі мешіттің құрылысы XX ғасыр басында, бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында бітті. Мешіттің тұрғызылуына татар, башқұрт халықтарымен бірге бірге қазақтар да, сондай-ақ, өзбектер мен қырғыздарға да дейін қатысты (Загидуллин, 2007: 269). Орынбор өңірінің және қазақ даласының тұрғындарының діни сенімін қорғауды көздейтін басты мекеме ретінде таныла бастаған Орынбор діни басқармасы үкімет органдарының қатаң қадағалауы мен кедергісінен құтылу, өзінің талпыныстарында ерікті болу жолын да іздестірді, Мәселен, 1807 жылы М. Хусейинов император бірінші Александрға өтініш баянхат жолдап, діни басқарманы губерниялық әкімшілікке тәуелді болудан құтқаруды сұраған еді.

Бірінші орыс революциясы тұсында орталық билік орындарына қазақ халқы атынан елдің түпкір-түпкірінен жолданған петицияларда дін мәселесі назардан тыс қалмаған-ды. Мәселен, 1905 жылы 22 шілдеде жолданған әйгілі Қарқаралы петициясында бұл жайлы былай делініп көрсетілген: «Қазақтар 1868 жылға дейінгі секілді Орынбор мүфтилігіне қаратылып, оның Қазақ мұсылмандары толықтырған ережелеріне бағындырылсын».

1906 жылы 16-21 тамыз аралығында Нижний Новгород қаласында өткен Бүкілресейлік үшінші мұсылман сиезінде дін мәселесі бойынша қабылданған қаулыда Ресейдегі бұрынғы мүфтиліктерімен қатар Түркістан өлкесінде де өз алдына бөлек мүфтилік ашылсын делінді. Сондай-ақ, бұл қаулыда сиезге қатысқан Ш. Қосшығұлов, Ш. Аллаоңғаров, А. Қойбағаров секілді т.б. қазақ делегаттарының Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Ішкі Орда қазақтарының діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген талап-тілектері де ескерілген болатын (Амирханов, 2002: 62).

Қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату мәселесі 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан саяси ахуал жағдайында өз жалғасын тапты. 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман сиезінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Ішкі Орда қазақтары делегаттарының өтінші бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қаратылсын деген шешім қабылданды. Сондай-ақ, осы сиезде Орынбор мүфтилігіне жаңадан мүфти мен қазылар сайланған болатын. Мүфтилікке көрнекті қоғам қайраткері Ғ. Баруди, ал қазылыққа құрамында қазақтардан Ғ. Қарашев пен Қ. Ахметжанұлы бар 6 адам сайланды.

1917 жылы шілдеде өткен бірінші жалпы қазақ сиезінде Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал және Закаспий облыстары қазақтарының діни істерінің уақытша Орынбор мүфтилігіне қарауын жөн санаған қаулы мүфтиліктің жанынан қазақ бөлімі ашылсын, оған әр облыс тан бір қазы сайлансын, Оларға жылына 4 800 сом төленсін деген секілді т.б. бірқатар ұсыныстар білдірілген-ді.

Міне, осы келтірілген мәліметтерден-ақ Орынбор мүфтилігі өз кезеңінде қазақтардың қоғамдық, рухани өмірінде өзіндік терең із қалдырғанын аңғаруға болады. Бұл мәселені әлі де тереңірек, жан-жақты аша түсу тарихшылардың алдында тұрған міндеттердің бірі деп білеміз. Сондай-ақ, Уфа қаласында орналасқан Башқұртстан Республикасының Орталық тарих мұрағатындағы 68 мыңнан астам істі құрайтын Орынбор мүфтилігінің құжаттары арасынан еліміздің тарихына қатыстыларын іріктеп, оларды кеңінен ғылыми айналымға тартудың жолдарын қарастырғанымыз абзал.

Қазақтардың діни істерін патша өкіметінің Орынбор мүфтилігі қарамағынан шығарып, жергілікті отарлық әкімшілікке тапсыруының астарында қазақтарды болашақта шоқындыру, православиеге көшіру пиғылы жатқан еді. Қазақтардың діни істерін әскери шендегілерден тұратын әкімшілік қолына тапсырылуын Орынбор мүфтилігі нағыз әділетсіздік, мұсылмандардың діни сенімін аяқ асты етушілік деп бағалап, оған өз наразылығын білдіріп жатты. Осыған орай 1872 жылы Уфа губернаторы Ушаков миссионерлердің кеңес берімен Ішкі істер министрлігіне тез арада Орынбор мүфтилігін жабу жөнінде ұсыныс түсірді. Оның пікірінше, Еділ-Орал өңіріндегі татар-башқұрттардың, қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі жергілікті халықтардың діндес және туыстас екендігіне Орынбор мүфтилігі дем беріп, оларды отаршылдық саясатқа бірлесе қарсылық көрсетуге шақырды (Очерки, 2000: 19).

Ушаковтың жоғарыдағы ұсынысы мұсылмандықпен күресуде аса белсенділігімен дараланған Қасиетті Синодтың оберпрокуроры К.П. Победоносцевтің тарапынан қызу қолдау тапты. Бірақ патша өкіметі Орынбор мүфтилігін тарату империядағы барлық мұсылмандардың отарлық саясатқа қарсылығын өршіте түседі деп сескеніп, ондай қадамға барудан бас тартты.

Орынбор мүфтилігінен өздерінің діни істерін шығарып тастауы қазақтардың белсенді азаматтарын бейжай қалдырмады. Өлкедегі дінбасылары қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді үдете түсті. 1872 жылы Ішкі Ордада бұрын имамның көмекшісі қызметін атқарған, Түркияда білім алып қайтқан Өбсаттар Жәбіров қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қайта қарату жайлы халық арасында үгіт жүргізген. Ол осы әрекеті үшін елден аласталып, Түркияға қуылды.

XIX ғасырдың соңына қарай өріс алған діни толқуларда қазақтардың діни істерін Орынбор мүфтилігіне қарату басты талап етіліп қойды. Осындай толқулар жайында татар тіліндегі «Вақыт» газеті былай деп жазған-ды: «Мұсылмандар үкіметтің ұйғарымын орынсыз, әрі зорлық ретінде санап, оған мойынсынудан бас тартты. Қазан губернаторы Скарятин әскери күшпен губерниядағы мұсылман елді мекендерін аралап, жүздеген мұсылмандарды тұтқындады. Олардың біразы жер аударылып, каторгалық жұмысқа жіберілді, Ақмолада болса, губернатор жергілікті архиереймен бірге Көкшетау қаласындағы шіркеу алаңына өңірдегі қазақтар мен татарлардың бір тобын жинады. Ол жиналған топқа православиені қабылдауды ұсынып, осы күннен бастап шариғатпен емес, орыс заңымен өмір сүресіндер деп мәлімдеді. Сухотин бұл үкімге бағынбаған Көкшетау молдасының куәлігін алып, Сібірге жер аударды».

Қазақтар арасындағы дін істерінің ахуалы 1903 жылы Қызылжарда молда Мұхамеджан Бекишевтің жетекшілігімен құрылған астыртын ұйым тарапынан да көтерілді. Бұл ұйым мүшелері қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолынан алып, мұсылмандық діни басқармаға қарату керектігін айтып, Сәдуақас Шормановқа, Абай Құнанбаевқа, Жәңгір Құдаймендинге және Ғабдулла Исабековке хаттар жолдаған.

1905 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы атынан Ішкі істер министрлігіне «Дала өлкесіндегі ислам жағдайы жөнінде» атты баянхат түсті. Онда өлкедегі діни толқулардың барысы жайында мынадай жолдар бар еді: «1868 жылғы жаңа заң татарларды Орынбор мүфтилігінде қалдырып, қазақтардың діни істерін жергілікті әкімшілік қолына тапсырып, бұл мәселеде ол екі халықтың жігін айырып, бөліп тастаған-ды. Бұл шара өз кезегінде қазақтардың көз алдында татарларды ерекше қамқорлықтағы халық ретінде көрсетіп, өлкеде мерейлерін үстем еткендей болды. Айталы татарлар қазақтарға «үкіметтің сендерді діни ұйымға біріктірмеуі – жалпы мұсылман ретінде біздердің бас қосуымызға бөгет болуы» дегенді мойындатты. Өлкені басқаруға келген алғашқы жылдарында татарлардың мешіттерді қапталу арқылы қазақтарды татарға және көнігі мұсылмандарға тезірек айналдыру үшін не өз алдарына діни

орталық жасауға, не болмаса Орынбор Мұфтилігіне бағындыруға үгіттеуі сияқты зиянды істеріне көз жеткізуіме тура келді».

Бірінші орыс революциясы тұсында орталық билік орындарына қазақ халқы атынан елдің түпкір-түпкірінен жолданған петицияларда дін мәселесі назардан тыс қалмаған-ды. Мәселен, 1905 жылы 22 шілдеде жолданған әйгілі Қарқаралы петициясында бұл жайлы былай делініп көрсетілген: «Қазақтар 1868 жылға дейінгі секілді Орынбор мұфтилігіне қаратылып, оның Қазақ мұсылмандары толықтырған ережелеріне бағындырылсын».

1906 жылы 16-21 тамыз аралығында Нижний Новгород қаласында өткен Бүкілресейлік үшінші мұсылман сиезінде дін мәселесі бойынша қабылданған қаулыда Ресейдегі бұрынғы мұфтиліктерімен қатар Түркістан өлкесінде де өз алдына бөлек мұфтилік ашылсын делінді. Сондай-ақ, бұл қаулыда сиезге қатысқан Ш. Қосшығұлов, Ш. Аллаоңғаров, А. Қойбағаров секілді т.б. қазақ делегаттарының Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары мен Ішкі Орда қазақтарының діни істері Орынбор мұфтилігіне қаратылсын деген талап-тілектері де ескерілген болатын (Амирханов, 2002: 62).

Қазақтардың діни істерін Орынбор мұфтилігіне қарату мәселесі 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан саяси ахуал жағдайында өз жалғасын тапты. 1917 жылы мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылман сиезінде Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстары мен Ішкі Орда қазақтары делегаттарының өтініші бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мұфтилігіне қаратылсын деген шешім қабылданды. Сондай-ақ, осы сиезде Орынбор мұфтилігіне жаңадан мұфти мен қазылар сайланған болатын. Мұфтилікке көрнекті қоғам қайраткері Ғ. Баруди, ал қазылыққа құрамында қазақтардан Ғ. Қарашев пен Қ. Ахметжанұлы бар 6 адам сайланды.

1917 жылы шілдеде өткен бірінші жалпы қазақ сиезінде Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал және Закаспий облыстары қазақтарының діни істерінің уақытша Орынбор мұфтилігіне қарауын жөн санаған қаулы мұфтиліктің жанынан қазақ бөлімі ашылсын, оған әр облыс тан бір қазы сайлансын, Оларға жылына 4 800 сом төленсін деген секілді т.б. бірқатар ұсыныстар білдірілген-ді.

Міне, осы келтірілген мәліметтерден-ақ Орынбор мұфтилігі. өз кезеңінде қазақтардың қоғамдық, рухани өмірінде өзіндік терең із қалдырғанын аңғаруға болады. Бұл мәселені әлі де тереңірек, жан-жақты аша түсу тарихшылардың алдында тұрған міндеттердің бірі деп білеміз. Сондай-ақ, Уфа қаласында орналасқан Башқұртстан Республикасының Орталық тарих мұрағатындағы 68 мыңнан астам істі құрайтын Орынбор мұфтилігінің құжаттары арасынан еліміздің тарихына қатыстыларын іріктеп, оларды кеңінен ғылыми айналымға тартудың жолдарын қарастырғанымыз абзал.

Қорытынды. Сонымен Орынбор мұфтилігінің тарихын қазақтарға қатысты қарастырғанда екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең 1788 жылдан 1868 жылға дейін, ал екінші кезең 1868 жылдан 1918 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Бірінші кезең қазақтардың Орынбор мұфтилігі құрамында болса, екінші кезең қазақтардың Орынбор мұфтилігінен шығарылуымен және оған қайта енуге деген талпынысымен ерекшеленеді.

Сөйтіп, қазақ халқының патшалық Ресейдің қол астында отаршылдық саясат тауқыметін тартқан дәуіріндегі ислам діни мәселесін қарастырғанда, Орынбор мұфтилігін айналып өтуге әсте болмайды. Өйткені, сол тарихи кезеңде жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақтардың діни істері Орынбор мұфтилігі қарамағында болды. 1867-1868 жылдардағы «Уақытша ережелерге» сәйкес қазақтардың діни істері Орынбор мұфтилігінен алынғанда қазақ қоғамы арасында діни толқулар өріс алып, ол XX ғасыр басында да өз жалғасын тапқан болатын деуге негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

Абдурашидов З. Исмаил Гаспринский и Туркестан в начале XX века: связи – отношения – влияние. Ташкент: «Академнашир», 2011. 384 с.

Азаматов Д.Д. Оренбургское магометанское духовное собрание в конце XVIII – XIX вв. Уфа: «Гилем», 1999. 189 с.

Амирханов Р.У. Татарская дореволюционная пресса в контексте «Восток – Запад». Казань: «Татарское книжное издательство», 2002. 240 с.

Загидуллин И.К. Исламские институты в Российской империи. Мечети в европейской части России и Сибири. Казань: «Татарское книжное издательство», 2007. 416 с.

Ибрагим Т.К., Султанов Ф.М., Юзеев А.Н. Татарская религиозно-философская мысль в общемусульманском контексте. Казань: «Татарское книжное издательство», 2002. 239 с.

Мараш И. Религиозное обновление в тюркском мире (1850 – 1917). Казань: «Иман», 2005. 199 с.

Марджани Ш. Мукадима китаб вафиатал-аслаф ва такиат. Казань: Казанский императорский университет, 1883. 98 с.

Марджани Ш. Вафиат ал-аслаф ва тахият ал-ахлаф. Казань: «Иман», 1999. 126 с.

Ногманов А. Самодержавие и татары. Казань: «Татарское книжное издательство», 2003. 215 с.

- Очерки истории татарской общественной мысли. Казань: Татарское книжное издательство, 2000. 191 с.
- Таймасов С. Башкортстан и Казахстан в период становления Оренбургской губернии. Стерлитамак: СГПА, 2006. 246 с.
- Хабутдинов А.Ю. Миллет Оренбургского духовного собрания в конце XVIII – XIX веках. Казань: «Иман», 2000. 160 с.
- Юзеев А.Н. Татарская философская мысль конца XVIII – XIX вв. Казань: Татарское книжное издательство, 2001. 192 с.
- Юсупов М.Х. Шигабутдин Марджани как историк. Казань: Татарское книжное издательство, 1981. 232 с.
- Ямаева Л.А. Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение. Уфа: «Гилем», 2002. 300 с.

References

- Abdirashidov Z. Ismail Gasprinskij i Turkestan v nachale XX veka: svyazi – otnosheniya – vliyanie. Tashkent: «Akademnashir», 2011. 384 s.
- Azamatov D.D. Orenburgskoe magometanskoe dukhovnoe sobranie v kontse XVIII – XIXvv. Ufa: «Gilem», 1999. 189s.
- Amirkhanov R.U. Tatarskaya dorevoljucionnaya pressa v kontekste «Vostok – Zapad». Kazan': «Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo», 2002. 240 s.
- Zagidullin I.K. Islamskie instituty v Rossijskoj imperii. Mecheti v evropejskoj chasti Rossii i Sibiri. Kazan': «Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo», 2007. 416 s.
- Ibragim T.K., Sultanov F.M., Yuzeev A.N. Tatarskaya religiozno-filosofskaya mysl' v obshhemusul'manskom kontekste. Kazan': «Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo», 2002. 39 s.
- Marash I. Religioznoe obnovlenie v tyurkskom mire (1850 – 1917). Kazan': «Iman», 2005. 199 s.
- Mardzhani SH. Mukadima kitab vafiat-al-aslaf va takiat. Kazan': Kazanskij imperatorskij universitet, 1883. 98s.
- Mardzhani SH. Vafiat al-aslaf va takhiyat al-akhlaf. Kazan': «Iman», 1999. 126 s.
- Nogmanov A. Samoderzhavie i tatory. Kazan': «Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo», 2003. 215s.
- Ocherki istorii tatarskoj obshhestvennoj mysli. Kazan': Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo, 2000. 191s.
- Tajmasov S. Bashkortstan i Kazakhstan v period stanovleniya Orenburgskoj gubernii. – Sterlitamak: SGPA, 2006. 246s.
- Khabutdinov A.YU. Millet Orenburgskogo dukhovnogo sobraniya v kontse XVIII – XIX vekakh. Kazan': «Iman», 2000. 160s.
- Yuzeev A.N. Tatarskaya filosofskaya mysl' kontsa XVIII – XIX vv. Kazan': Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo, 2001. 192 s.
- Yusupov M.H. Shigabutdin Mardzhani kak istorik. Kazan': Tatarskoe knizhnoe izdatel'stvo, 1981. 232 s.
- Yamaeva L.A. Musul'manskij liberalizm nachala XX veka kak obshhestvenno-politicheskoe dvizhenie. Ufa: «Gilem», 2002. 300 s.

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

МРНТИ 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_143

ГОЛОД 1921 -1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ, КАК СОЦИАЛЬНО-КУЛЬТУРНАЯ ТРАВМА**Асанова Салтанат Амиргалиевна^{1*}, Капаева Айжан Тоқановна¹**¹Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова Казахстан, г. Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: saltasanova@gmail.com (Асанова), kapaeva.59@mail.ru (Капаева)

Аннотация. Статья написана в плане реализации проекта «Голод в Казахстане в 1921-1922 годах и его последствия» и ставит своей целью освещение проблемы определения реальных причин голода и его последствий для казахского народа. Выработка объективной и взвешенной оценки сложных и противоречивых событий советской истории является актуальной задачей казахстанских историков на протяжении нескольких последних десятилетий. Изучение истории голода 1921-1922 гг. находится в русле актуальных проблем казахстанской историографии советского периода. Среди множества вопросов, возникающих при исследовании данной гуманитарной катастрофы, вопрос о причинах, ставших основанием этого страшного и трагического явления, имеет первостепенное значение. В качестве рабочей гипотезы авторы выдвигают положение о том, что голод первых лет советской власти в определенной степени использовался большевиками для своих политических целей. Продовольственная политика служила средством усмирения сельского населения и казахов в первую очередь, которые в большинстве своем не понимали и не принимали идеологию большевистского режима. В качестве доказательной базы авторами проанализированы такие явления возникшей гуманитарной катастрофы – как продовольственная диктатура, политика «военного коммунизма», основным звеном которого являлась продразверстка. Военно-принудительные меры изъятия продуктов «подчистую», не оставляли даже минимума для элементарных нужд населения. Продовольственный кризис был усугублен погодными условиями – засухой и джумом 1921 г., что привело к падежу немногочисленного скота, оставшегося после продразверстки. В статье рассматривается деятельность вооруженных продотрядов, занимавшихся сбором налогов, наделенных властью огромными полномочиями, которые они безнаказанно превышали: подвергали аресту и даже расстрелу без суда и следствия людей, вставших на защиту своих семей.

Последствия голода имели важное социокультурное значение. Авторами выдвигается положение, что голод стал своеобразной травмой, имевший далеко идущие социокультурные последствия для самосознания казахского народа.

Ключевые слова: продналог, продразверстка, советская власть, большевики, дефицит продуктов, голод, социальная травма, заморение деревни.

ГТАМР03.20

**1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДА
ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖАРАҚАТ РЕТІНДЕ****Асанова Салтанат Әміргалиқызы^{1*}, Капаева Айжан Тоқанқызы¹**¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, қ., Қазақстан.

*Автор-корреспондент

E-mail: saltasanova@gmail.com (Асанова), kapaeva.59@mail.ru (Капаева)

Түйіндеме. Бұл мақала «1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық және оның зардаптары» жобасын жүзеге асыру аясында жазылып, қазақ халқы үшін ашаршылықтың нақты себептері мен оның зардаптарын анықтау проблемасын жариялауды мақсат етіп отыр. Кеңес тарихының күрделі және қарама-қайшы оқиғаларын объективті және саралап тұжырымдау, қазақстандық тарихшылардың соңғы бірнеше онжылдықтар ішіндегі өзекті міндеті болып табылады. 1921-1922 жылдардағы ашаршылық тарихын

зерттеу, кеңестік кезеңдегі қазақстандық тарихнаманың өзекті мәселелеріне сәйкес келеді. Осы қорқынышты және қайғылы құбылыстың себептері жайлы мәселе өте маңызды. Жұмыс гипотезасы ретінде авторлар Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы ашаршылықты белгілі бір дәрежеде большевиктер өздерінің саяси мақсаттары үшін пайдаланды деген ережені алға тартты. Азық-түлік саясаты негізінен большевиктік режимнің идеологиясын түсінбейтін және қабылдамаған ауыл халқы мен қазақтарды тыныштандыру құралы болды. Оған дәлел ретінде авторлар пайда болған гуманитарлық апаттың құбылысын – азық-түлік диктатурасын, «соғыс коммунизмінің» саясатын талдады. Оның негізгі азық-түлік салымы болды. Азық-түлікті әскери-мәжбүрлеу шаралары арқылы «түк қалдырмай», халықтың қарапайым қажеттіліктері үшін тіпті минимумды қалдырмаған. Азық-түлік тапшылығына ауа-райы да өз әсерін тигізді.

Кілт сөздер: азық-түлік салымы, азық-түлік салымы, Кеңес өкіметі, большевиктер, азық-түлік тапшылығы, аштық, әлеуметтік жарақат, ауылдың тынышталуы, азамат соғысы.

IRSTI: 03.20

FAMINE OF 1921-1922 IN KAZAKHSTAN AS A SOCIO-CULTURAL TRAUMA

Asanova Saltanata Amirgalievna^{1*}, Kapayeva Aizhan Tokanovna¹

¹Ch.Ch. Valikhanov institute of history and ethnology, Almaty, Kazakhstan.

*Corresponding author

E-mail: saltasanova@gmail.com (Asanova), kapayeva.59@mail.ru (Kapayeva)

	Докладная записка председателя КазЦИК о предварительных итогах хозяйственно-политических компаний в казахских и узбекских волостях Чимкентского уезда. г. Кызыл-Орда, 28 февраля 1928 г. <i>(Выполнение сельхозналога по вышеуказанным волостям)</i>
	Доклад уполномоченного Казалинского УК ВКП(б) по Актюбинской волости «Об итогах кампании по сбору сельхозналога, недоимок прошлых лет, семсуды, водсбора, организации и проведения самообложения и реализации крестьянского займа», п. Казалинск, март 1928 г., Казкрайком ВКП(б). <i>(За время кампании было возбуждено 13 уголовных дел о сокрытии объектов обложения и об искусственном раздроблении хозяйств.... 11 человек осуждено и приговорено в штрафы в двойном размере на сумму 251 руб. По составу осужденные на 50% зажиточные. Административная мера заключалась в описании имущества за несвоевременный платеж и содержание под стражей в течение одних суток. Всего описано имущества у 40 хоз. Продано имущества 7 хоз.).</i>
	Доклад уполномоченного Казкрайкома ВКП(б) о проведении налоговой кампании в Ташказахском уезде Каратаской волости Сыр-Дарьинского округа. с. Курбат Каратаской волости, от 20 марта 1928 г.

Таким образом, необходимо сразу подчеркнуть, что перечень вышеуказанных 30 политико-правовых актов, связанных с мерами репрессий в отношении сельских жителей, является не окончательным и в последующем будет, конечно, дополняться.

При этом приведение данных политико-правовых актов может дать ложное представление о том, что все документы, касающиеся репрессий жителей села уже изучены, опубликованы и не требуют дальнейшего исследования.

Ошибочность этого мнения заключается в следующем.

Во-первых, многим из этих актов так и не была дана объективная оценка по мерам применения репрессий крестьянства. Так, согласно Постановлению Политбюро ЦК ВКП(б) № 47 «О мероприятиях по ликвидации кулацких хозяйств в районах сплошной коллективизации» от 30 января 1930 г., которое имело гриф «Совершенно секретно», ОГПУ поручалось принять репрессивные меры в отношении кулаков и по Казахстану поручалось направить в концлагеря 5–6 тыс. и подвергнуть выселению в отдаленные районы 10–15 тыс. человек (Әбдіғалиұлы Б., 2021: 48). Иными словами, в это время большевистская власть уже активно использовала систему концлагерей в отношении неугодных этой власти.

Во-вторых, некоторым документам, особенно опубликованным до провозглашения Независимости Казахстаном, дана оценка, но не через призму современных реалий, а через призму политических установок советского государства.

В-третьих, многие документы, особенно принятые на уровне округа, области, района имеющие грифы секретности, к великому сожалению, так и не открыты для широкого изучения.

Поэтому по теме исследования рабочей группы № 6 проводится изучение актов как «по вертикали», т.е. изданные центральными (союзными), краевыми (автономными) и областными органами власти, так и «по горизонтали», т.е. подготовленные районными должностными лицами. Последние представляют особый интерес, так как в них отражается вся обстановка на местах по выполнению поручений в отношении сельских жителей. Так, например, данные о конфискации скота только в Актюбинской области в 1928 году у баев и лиц, подлежащих выселению, свидетельствуют, что из 18 453 голов, в переводе на крупный рогатый скот, было конфисковано 14 425 голов или почти 80 %.

Значение работы по этому направлению повышается в связи с тем, что по результатам проведения всех политических кампаний против сельских жителей в последующем в Казахстане в 1932–1933 годах разразился массовый голод, результаты которого приводились выше.

Особый акцент для исследования темы насильственной коллективизации имеет изучение тех документов, с которых еще не сняты ограничительные грифы, и в этой связи ещё не введенные в научный оборот. Поэтому члены рабочей группы № 6 уделяют этому направлению работы пристальное внимание, так как процедура рассекречивания документов имеет свои нюансы и требует временных затрат, которого, к сожалению, не так много.

Необходимо отметить, что реабилитацию жертв насильственной коллективизации следует осуществлять после юридической оценки документов, на основании которых данные политические кампании власти большевиков проводились. В данном случае речь идет о признании указанных документов недействительными.

Отметим, что формирование института недействительности правовых актов в современном казахстанском праве - довольно сложный, многогранный процесс. В национальном законодательстве (за исключением гражданского и административно процедурно-процессуального) институт недействительных правовых актов практически отсутствует, что существенно осложняет проблему.

Недействительные правовые акты представляют собой правовые аномалии в деятельности публичной администрации. Они снижают уровень доверия к ней со стороны граждан и организаций, общий уровень правовой культуры общества. Однако, прежде всего, недействительные правовые акты нарушают права граждан.

В соответствии с Конституцией Республики Казахстан каждый вправе защищать свои права и свободы всеми не противоречащими закону способами, включая необходимую оборону. Каждый имеет право на судебную защиту своих прав и свобод (ст.13). Данная норма-принцип нашла свое продолжение в гражданском и административно процедурно-процессуальном законодательстве РК.

Гражданский кодекс Республики Казахстан в качестве одного из способов защиты гражданских прав закрепил признание недействительным или не подлежащим применению не соответствующего законодательству акта органа государственного управления или местного представительного либо исполнительного органа (ст. 9 ГК РК).

Административно процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан определяет, что административный акт может быть признан недействительным как с момента принятия такого акта, так и с момента признания его незаконным (ч. 3 ст. 84 АППК РК).

В зависимости от степени и характера нарушения требований (дефекта) акты, изданные с нарушением предъявляемых к ним требований, принято подразделять на оспоримые и ничтожные.

Действующее законодательство не устанавливает каких-либо четких и однозначных критериев разграничения ничтожных и оспоримых правовых актов, что во многом объясняется сложностью регулируемых актами применения общественных отношений и многообразием нарушений.

Поэтому правовые акты могут быть признаны ничтожными лишь в исключительных случаях, когда в силу их очевидной полной юридической несостоятельности они не подлежат никакому исправлению. Это случаи, когда отсутствуют полномочия на издание акта, акт содержит предписания совершить правонарушения или акт, издан с грубым нарушением компетенции и т. д., т.е. формальные основания.

Однако, основным критерием признания правового акта ничтожным (недействительным) является его содержательная часть, т.е. направленность против общечеловеческих ценностей, таких как право на жизнь, здоровье, свободу и личную неприкосновенность, признание его правосубъектности, равенство перед законом, свободу передвижения в пределах своего государства, гражданство, владение имуществом, свободу мысли, совести и религии, свободу убеждений и на свободное выражение их, свободу мирных собраний, участие в управлении своей страной, на труд, свободный выбор работы,

отдых и досуг, необходимый жизненный уровень, медицинский уход и необходимое социальное обслуживание, право на образование и т.д.

Заключение. Таким образом, для признания вышеприведенных 30 политико-правовых актов по насильственной коллективизации и других политических кампаний в отношении крестьянства недействительными (ничтожными), необходимо чтобы эти правовые акты не соответствовали не только по формальным основаниям, но и, прежде всего, по содержанию они должны быть направлены на нарушение прав и свобод человека, которые закреплены как современных основополагающих документах (Конституция РК, Всеобщая декларация прав человека от 10 декабря 1948 г. и т.д.), так и прежних актах (Глава 6 Конституции РСФСР, от 11 мая 1925 г., французская Декларация прав человека и гражданина, 1789 года и т.д.).

Поэтому полагаем, что данный подход в признании нормативных актов по насильственной коллективизации сельских жителей недействительными (ничтожными) возможно применять не только в отношении вышеуказанных документов, но и других, которые будут установлены в процессе исследования по этой теме.

Список литературы

- Ашаршылык. Голод. 1928 – 1934. Документальная хроника. Сб. док. Т.1: 1928-1929. Т.2: 1930-1931. Т.3: 1932-1934 / Отв. Редактор Б. Әбдіғалиұлы. Алматы: Атамұра. 2021. Т.1: 920 с. Т.2: 1240 с. Т.3: 1028 с.;
- Баберовски Й. Красный террор: история сталинизма / пер. с нем. М.: РОССПЭН; Фонд Первого Президента РФ Б.Н. Ельцина. 2007. 278 с.
- Голод в СССР. 1929–1934. В трех т. Кн. 2. М.: МФД, 2011. 560 с.
- Голощекин Ф. Три актуальные задачи текущего момента // Народное хозяйство Казахстана. 1931. № 8-9. С. 16.
- Гордон А.А., Клопов Э.В. Что это было? Москва, 1989. 320 с.
- Еспенбетова А., Жолдасұлы Т. Қазақтың малын тәркілеу / Ақмешіт ақшамы. № 24. 15 маусым, 2006.
- Из истории величайшей трагедии казахского народа. Сборник документов. Редколлегия: А. А. Аубакиров (отв. редактор), Г. Т. Касымова, Е. Б. Садыков и др. Составители: В. С. Познанский, М. П. Малышева, М. И. Перебеева, Н. А. Полякова, Т. У. Турсунбаева. Семей, 2009. 272 с.
- Из истории депортаций. Казахстан 1930–1935 гг. Сборник документов. Т. 1. Алматы: ЛЕМ. 2012. 772 с.
- История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 4. Алматы: Атамұра. 2009. 768 с.
- Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата, 1992. 36 с.
- Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. Алматы. 2009. 448 с.
- Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: опыт и проблемы. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 200 с.
- Коллективизация сельского хозяйства и оседание кочевого и полукочевого казахского населения на территории Кустанайской области, 1927–1938 гг. Сборник документов / Составители: Н.И. Здоровец, С.Н. Тащанова, Ю.В. Яремин. Костанай, 2004. 413 с.
- Конституция РК от 30 августа 1995 г.
- Крестьянская Голгофа. Книга памяти репрессированного крестьянства Омской области. Т. 1. Омск: Кн. Изд-во, 2013. 528 с.: илл.
- Marko Cattynnyk, Lubomyr Y., Luciuk&Bohdan S. Kordan (eds), The Foreign Office and the Famine: British Documents on Ukraine and the Great Famine of 1932-1933 Kingston, ON: Limestone, 1988, lxiv+493 pp.
- Мигущенко О.Н. Влияние социально-экономической политики государства на формирование правосознания сельского населения (на материалах ЦЧО 1928-1934 гг. – Автореф. дис. на соискание ученой степени доктора юридических наук. М., 2008. 45 с.
- Михайлов В.Ф. Хроника Великого Джута. Алта-Ата: Жалын, 1990. 231 с.
- Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931–1933 гг. Сборник документов и материалов. Ред. коллегия: М. К. Козыбаев (гл. редактор), К. С. Алдажуманов, Ж. Б. Абылхожин и др. Составители К. С. Алдажуманов, М. К. Каирғалиев, В. П. Осипов, Ю. И. Романов. Алматы, 1998. 263 с.
- Нәсенов Б. Абыралы қанды жылдар (1905-1945). Екінші бөлім. Құжаттар жинағы. Алматы, Новосибирск, 2006. 644 б.
- Огайон Изабель. Седентеризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 гг.) / И. Огайон; пер. с фр. А.Т. Ракишева; сост. Б.М. Сужиков. – Алматы: Санат, 2009. 365 с. (История Казахстана в западных источниках XII – XX вв.; т. 11).
- Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Алматы. Санат, 1997. 320 б.
- Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. Изд. второе, доп. и переработанное. Алма-Ата: Казахстан, 1984. 758 с.
- Реабилитация: политические процессы 30-50-х годов / Под общ. ред. А.Н. Яковлева. М.: Политиздат, 1991. 461 с.

Реабилитация: как это было. Документы Президиума ЦК КПСС и другие материалы: в 3 т. М., 2000. Т. 1: Март 1953 февраль 1956. 503 с.

Robrt Conguest. «The Harvest of Sorrow». Soviet Collectivization and the Terrorfamine. Pimlico. London 2002. 412 p.

Смагулов Н.К. Кадровая политика большевиков в партийных и государственных органах Казахстана в 1917-1936 гг. Караганда: КарГТУ, 2011. 184 с.

Сулейменова М.Ж. Историческая роль депортированных народов и репрессированных социальных групп в развитии народного хозяйства Центрального Казахстана в 1930-1940-е годы: дис. ...канд. ист. наук. Караганда: КарГУ им. Е. Букетова, 2001. 124 с.

Трагедия казахского народа. Сборник документов и материалов: голод 20-х, 30-х гг. XX в. в Казахстане / Составители: М.К. Тахаева, Н.В. Чаушанская. Алматы, 2010. 414 с.

Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939. Документы и материалы. В 5-ти тт. // Под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), Т. 1.1999. 880 с.; Т. 2. 2000. 927 с.; Т. 3. 2001. – 1008 с.; Т. 4.2002. 1056 с.; Т. 5. Кн. 1.2004. 648 с.; Т. 5. Кн. 2. 2006. 704 с.

Яковлев А. Крестосев. М.: ВАРГИУС, 2000. 274 с.

1932-1933 жалдардағы ашаршылық ақиқаты – Правда о голоде 1932-1933 года / Аяған Б.Ф. Қыдырлина Ж.Ү., Ауанасова Ә.М., Кашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л. Илиясова К.М. Б.Ф. Аяғанның редакциясымен. Алматы: ТОО «Литера-М», 2012. 366 б.+16 б. жапсырма. қазақша, орысша.

References

Asharshilik. Golod. 1928 – 1934. Dokumentalnaya hronika. Sb. dok. T.1: 1928-1929. T.2: 1930-1931. T.3: 1932-1934 / Otv. Redaktor B. Əbdıfaliyli. Almati: Atamıra. 2021. T.1: 920 p. T.2: 1240 p. T.3: 1028 p. [in Russian].

Baberovski İ. Krasnyi terror: istoria stalinizma / per. s nem. M.: ROSSPEN; Fond Pervogo Prezidenta RF B.N. Elcina, 2007. 278 p. [in Russian].

Golod v SSSR. 1929–1934. V treh t. Kn. 2. M.: MFD, 2011. 560 p. [in Russian].

Golokin F. Tri aktualnye zadachi tekuego momenta // Narodnoe hozıystvo Kazahstana. - 1931. - № 8-9. P. 16 [in Russian].

Gordon A.A., Klopov E.V. Chto eto bylo? Moskva, 1989. 320 p. [in Russian].

Espenbetova A., Joldasuly T. Qazaqtyn malyn tırkileu / Aqmeşit aqşamy. № 24. 15 mausym, 2006. [in Kazakh].

İz istorii velichaişei tragedii kazahskogo naroda. Sbornik dokumentov. Redkollegia: A. A. Aubakirov (otv. redaktor), G. T. Kasymova, E. B. Sadykov i dr. Sostaviteli: V. S. Poznanskii, M. P. Malyşeva, M. İ. Perebeeva, N. A. Polıakova, T. U. Tursunbaeva. Semei, 2009. 272 p. [in Russian].

İz istorii deportasii. Kazahstan 1930–1935 gg. Sbornik dokumentov. T. 1. Almaty: LEM, 2012. 772 p. [in Russian].

İstoria Kazahstana (s drevneişih vremen do naših dnei). V pıti tomah. Tom 4. Almaty: Atamura, 2009. 768 p. [in Russian].

Kozybaev M.K., Abylhojin J.B., Aldajumanov K.S. Kollektivizasiya v Kazahstane: tragediya krestıanstva. Alma-Ata, 1992. 36 p. [in Russian].

Koıgeldiev M.K. Stalinizm i repressii v Kazahstane 1920-1940-h godov. Almaty, 2009. - 448 p. [in Russian].

Kollektivizasiya selskogo hozıystva v respublikah Srednei Azii i Kazahstane: opyt i problemy. Alma-Ata: Ğylym, 1990. 200 p. [in Russian].

Kollektivizasiya selskogo hozıystva i osedanie kochevogo i polukochevogo kazahskogo naseleniya na territorii Kustanaiskoi oblasti, 1927–1938 gg. Sbornik dokumentov / Sostaviteli: N.İ. Zdroves, S.N. Taanova, .V. Yaremin. Kostanai, 2004. 413 p. [in Russian].

Konstitusıya RK ot 30 avgusta 1995 g. [in Russian].

Krestıanskaya Golgofa. Kniga pamıati repressirovannogo krestıanstva Omskoi oblasti. T. 1. Omsk: Kn. İzd-vo, 2013. 528 p.: ill. [in Russian].

Marko Cattynnyk, Lubomyr Y., Luciuk&Bohdan S. Kordan (eds), The Foreign Office and the Famine: British Documents on Ukraine and the Great Famine of 1932-1933 Kingston, ON: Limestone, 1988, lxiv+493 pp.

Miguenko O.N. Vliyanie sotsialno-ekonomicheskoi politiki gosudarstva na formirovanie pravosoznaniya selskogo naseleniya (na materialah SChO 1928-1934 gg. Avtoref. dis. na soiskanie uchenoi stepeni doktora ridicheskikh nauk. M., 2008. 45 p. [in Russian].

Mihailov V.F. Hronika Velikogo Djuta. Alta-Ata: Jalyn, 1990. 231 p. [in Russian].

Nasilstvennaya kollektivizasiya i golod v Kazahstane v 1931–1933 gg. Sbornik dokumentov i materialov. Red. kollegia: M. K. Kozybaev (gl. redaktor), K. S. Aldajumanov, J. B. Abylhojin i dr. Sostaviteli K. S. Aldajumanov, M. K. Kairgaliev, V. P. Osipov, . İ. Romanov. Almaty, 1998. 263 p. [in Russian].

Näsenov B. Abyraly qandy jyldar (1905-1945). Ekinşi bölim. Qıjattar jınaғы. Almaty, Novosibirsk, 2006. 644 p. [in Kazakh].

Ogaion İzabel. Sedenterizasiya kazahov SSSR pri Staline. Kollektivizasiya i sotsialnye izmeneniya (1928–1945 gg.) / İ. Ogaion; per. s fr. A.T. Rakışeva; sost. B.M. Sujikov. Almaty: Sanat, 2009. 365 p. (İstoria Kazahstana v zapadnyh istochnikah III – III vv.; t. 11) [in Russian].

- Omarbekov T. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасиреті. Алматы. Санат, 1997. 320 p. [in Kazakh].
- Ocherki istorii Kommunisticheskoi partii Kazahstana. İzd. vtoroe, dop. i pererabotannoe. Alma-Ata: Kazahstan, 1984. 758 p. [in Russian].
- Reabilitasiya: politicheskie processy 30-50-h godov / Pod ob. red. A.N. Яковлева. М.: Politizdat, 1991. 461 p. [in Russian].
- Reabilitasiya: kak eto bylo. Dokumenty Prezidiuma SK KPSS i drugie materialy: v 3 t. М., 2000. Т. 1: Mart 1953 fevral 1956. 503 p. [in Russian].
- Robtrt Conguest. «The Harvest of Sorrow». Soviet Collectivization agd the Terrorfamine. Pimlico. London 2002. 412 p.
- Smagulov N.K. Kadrovaya politika bolşevikov v partiinyh i gosudarstvennyh organah Kazahstana v 1917-1936 gg. Karaganda: KarGTU, 2011. 184 p.
- Suleimenova M.J. İstoricheskaya rol deportirovannyh narodov i repressirovannyh sosialnyh grupp v razvitii narodnogo hozyaistva Sentralnogo Kazahstana v 1930-1940-e gody: dis. ...kand. ist. nauk. Karaganda: KarGU im. E. Buketova, 2001. 124 p. [in Russian].
- Tragediya kazahskogo naroda. Sbornik dokumentov i materialov: golod 20-h, 30-h gg. NN v. v Kazahstane / Sostaviteli: M.K. Tahaeva, N.V. Chauşanskaya. Almaty, 2010. 414 p. [in Russian].
- Tragediya sovetskoï derevni. Kollektivizasiya i raskulachivanie. 1927-1939. Dokumenty i materialy. V 5-ti tt. // Pod red. V. Danilova, R. Manning, L. Violy. М.: «Rossiiskaya politicheskaya ensiklopediya» (ROSSPEN), Т. 1.1999. – 880 p.; Т. 2. 2000. – 927 p.; Т. 3. 2001. – 1008 p.; Т. 4.2002. – 1056 p.; Т. 5. Кн. 1.2004. – 648 p.; Т. 5. Кн. 2. 2006. – 704 p. [in Russian].
- Яковлев А. Крестосев. М.: VARGIUS, 2000. 274 с. [in Russian].
- 1932-1933 жылдардағы асаршылу ақиқаты – Pravda o golode 1932-1933 goda / Аяған В.Ғ. Qydyralina J.Б., Auanasova Д.М., Kaşqymbaev A.N., Anafinova M.L. Пиясова К.М. В.Ғ. Аяғанның редакциясымен. Almaty: TOO «Litera-M», 2012. – 366 p.+16 bp japsyrma. qazaqşa, oрысша [in Kazakh].

FTAMP 03.00.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_189

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1917-1930 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ «ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІ» МӘСЕЛЕСІ

Шашаева Малика Әуезханқызы^{1ID}, Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы^{1ID*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы.

* Автор-корреспондент

E-mail: ma.shashaeva@mail.ru (Шашаева), koz.mahabbat_85@mail.ru (Қозыбаева)

Түйіндеме. Мақалада Кеңестік Қазақстанның қалыптасуы кезеңіндегі қоғамдағы өзгерістер арнасындағы әйел теңдігі мәселесінің кейбір қырлары талдауға алынады. Алғашқы қабылданған заңдық ережелер, некелесу, ажырасу, алып қашу, қалыңмал мен әменгерлік және басқа да тақырыптар қарастырылған. Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің де «қалың малды» жою туралы декреті жарияланады. Бұл декретке сәйкес «қалың мал» жайлы барлық келісімдер заңсыз деп есептелініп, декреттің қаулыларын бұзушылар қылмыстық тәртіп бойынша сот алдында жауапкершілікке тартылады деп танылды. Алайда бұл декрет заң жүзінде тек қазақтарға ғана таралған соң, 1923 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитеті республиканың барлық ұлттарына тарайтын жаңа декрет қабылдады. Ең алғаш «әйел теңдігі мәселесі» 1917 жылғы Орынбордағы Бүкілқазақтық съезінде көтеріледі. Алаш қозғалысының өкілдері әйелдердің саяси құқығын ерлермен бірдей теңестіруді, өз еркімен күйеуге шығу құқығын, некеге отырғанда қалыңдықтың да келісін сұрау, некеге отыру жасын ерлерге 18, әйелдерге 16 деп белгілеу, қалың мал, әменгерлікті жою, екінші әйел алу үшін бірінші әйелдің рұқсатын сұрау талаптарын қойғандығы мақала барысында талдауға алынды.

Кілт сөздер: әйел теңдігі, неке, әменгерлік, қалыңмал, декреттер, заңдар, теңсіздікті жою.

Мақала ҚР БҒМ ҒК № АР09259227 жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды

МРНТИ 03.00.20

ПРОБЛЕМА «ЖЕНСКОГО РАВЕНСТВА» В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ В 1917-1930-Е ГОДЫ

Шашаева Малика Аuezханкызы^{1ID}, Козыбаева Махаббат Маликовна^{1ID*}¹Институт истории и этнологии им. Ш. Уалиханова, Казахстан, Алматы.

*Автор-корреспондент

E-mail: ma.shashaeva@mail.ru (Шашаева), koz.mahabbat_85@mail.ru (Козыбаева)

Аннотация. В статье анализируются некоторые аспекты равноправия женщин в контексте изменений в обществе в период становления Советского Казахстана. Первые принятые правовые положения касаются брака, развода, похищения невесты, калыма, левирата и других тем. Также будет опубликовано постановление ЦИК Туркестанской ССР об уничтожении «калыма». Согласно указу, все соглашения о «калыме» считались незаконными, а нарушители положений указа привлекались к уголовной ответственности перед судом. Однако после того, как этот указ был юридически распространен только на казахов, в 1923 году ЦИК Туркестана принял новый указ, распространявшийся на все национальности республики. Вопрос о равноправии женщин впервые был поднят на Всеказахском съезде 1917 года в Оренбурге. В статье анализируются требования представителей «Алаш» в уравнивании положения женщин в политических правах с мужчинами, права добровольно вступать в брак, уточнении согласия невесты при заключении брака, установлении брачного возраста до 18 лет для мужчин и 16 лет для женщин, отмены калыма, левирата, согласие первой женщины на брак со второй женой.

Ключевые слова: равноправие женщин, брак, левират, калым, декреты, законы, устранение неравенства.

IR МРНТИ 03.00.20

THE PROBLEM OF "WOMEN'S EQUALITY" IN SOVIET KAZAKHSTAN IN 1917-1930

Shashayeva Malika Auezhankyzy^{1ID}, Kozybayeva Makhabbat Malikovna^{1ID*}¹Ch. Valikhanov Institute of history and Ethnology, Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: ma.shashaeva@mail.ru (Shashayeva), koz.mahabbat_85@mail.ru (Kozybayeva)

Abstract. The article analyzes some aspects of women's equality in the context of changes in society during the formation of Soviet Kazakhstan. The first adopted legal provisions deal with marriage, divorce, bride kidnapping, bride price, levirate and other topics. The decision of the Central Executive Committee of the Turkestan SSR on the destruction of the "kalym" will also be published. According to the decree, all agreements on "kalym" were considered illegal, and violators of the provisions of the decree were held criminally liable before the court. However, after this decree was legally extended only to the Kazakhs, in 1923 the Central Executive Committee of Turkestan adopted a new decree that applied to all nationalities of the republic. The issue of women's equality was first raised at the All-Kazakh Congress in 1917 in Orenburg. The article analyzes the demands of the representatives of "Alash" in equalizing the position of women in political rights with men, the right to voluntarily marry, clarifying the consent of the bride upon marriage, establishing the age of marriage up to 18 years for men and 16 years for women, the abolition of "kalym", levirate, consent of the first woman to marry the second wife.

Key words: equality of women, marriage, levirate, kalym, decrees, laws, elimination of inequality.

Кіріспе. Ұзақ уақыт бойы Қазақстандағы «әйелдер мәселесі» өз шешімін таппай, тек тарихта 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін біршама өзгеріске ұшырағаны анық. Өмір бойы салт-дәстүрдің шырмауында қалған қазақ әйелдерінің қолдауын тапқан кеңес өкіметінің әйелдер мен ерлердің құқықтарын теңестіруге, қалың мал, әменгерлік, көп әйел алумен күресуге бағытталған саясаты іс жүзінде түпкі-тамыры жойылған, кеңестік идеологияға бағынатын халықты тәрбиелеу мақсатын көздегені анық. Алайда, 1917-1930 жылдары жүргізілген науқан кезінде әйелдер арасындағы сауатсыздықты, құқықтық теңсіздікті жою, сонымен қатар қазақ әйелдерін қоғамдық-саяси, басқару ісіне қатынастыру мүмкіндігі пайда болғанын жоққа шығару қате.

Ең алғаш «әйел теңдігі мәселесі» 1917 жылғы Орынбордағы Бүкілқазақтық съезінде көтеріледі. Алашорда қозғалысының өкілдері әйелдердің саяси құқығын ерлермен бірдей теңестіруді, өз еркімен күйеуге шығу құқығын, некеге отырғанда қалыңдықтың да келісін сұрау, некеге отыру жасын ерлерге 18, әйелдерге 16 деп белгілеу, қалың мал, әменгерлікті жою, екінші әйел алу үшін бірінші әйелдің рұқсатын сұрау талаптарын қояды (Алаш Орда, 1992:49-50).

Материалдар мен әдістер. Әйел теңдігіне қатысты зерттеулердің негізі антикалық заманнан грек ойшылдары Платон, Аристотель есімдерімен байланысты. Өйткені грек тілінде ген-әйел, ал андрос-ер адам. Демек, антикалық дәуірде этникалық жағдайларға, халықтардың орналасу мекен жайына қарай, әйелді ерлермен салыстыра отырып қарастырған. Мәселен, Аристотель (б.э.д. 384-322) өзінің әйелдер туралы көзқарасы бойынша «ер адам мен әйел адам тең емес, әйел балаға өз денесін берді» - деп тұжырым жасаған (Декина, 2015:1116–1120). Неміс философы Иммануил Кант (1724-1804) әйел мен ер адамның психологиясын талдап, оларды бір-бірінен мінезіне қарай айырып, әйелдер туралы: «Әйелдер аса қамқор, қайырымды және жанашыр, сырты әдеміден пайдалылығына басымдық береді» (Кант, 1997:279). Екінші бір неміс философы Артур Шопенгауэр (1788-1860) психикалық үрдістерді негізге алып, ер адамдарға абстрактілік, ал әйел адамдарға нақтылық тән қасиет дей келе, бала бұл әйел мен ер адамдардың арасындағы күштарлық пен махаббат нәтижесінде пайда болады деп тұжырымдаған (Шопенгауэр, 1992:62). Р. Столлер, гендер категориясын, жынысқа байланысты белгілеу үшін, оны жеке тұлғалық және мінез-құлық сипаттарының әлеуметтік тұлғааралық қатынастарының контекстінде пайда болғанда ғана қолдануды ұсынған (Burn, 1996:233). 1998 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына (келісіміне) қосылғаннан кейін, БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқығы туралы», «Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы» конвенция, Халықаралық еңбекті ұйымдастырудың алты конвенциясы, оның ішінде «Бірдей еңбек еткені үшін ерлер мен әйелдерді тең марапаттау туралы» конвенциялар бекітілді.

Мақаланы жазу барысында соңғы жылдары Отандық тарих ғылымында болып жатқан түбегейлі өзгерістерді негізге алдық. Танымдық мүмкіндіктердің кеңеюі зерттеу негізіне тарихи-мәдени, өркениеттілік тәсілді қолдануға жол ашты. Әрбір өркениеттің өзіндік ерекшеліктерін тану, оның біртұтастығы, өзіне тән мәнге ие тұрақты жүйесі, өмірлік философиясы, құндылықтар жүйесі және тарихи-мәдени дәстүрлері, соған сәйкестендірілген халықтардың, жеке адамның өмірі, әлеуметтік және саяси институттары, ұлттық басымдылыққа ие ұстанымдар мен құндылықтарын неғұрлым терең танып білуге деген ұмтылыстарға жетелеуге әкеледі. Міне, осындай тәсілдерді пайдаланудың арқасында зерттеу көздерінің неғұрлым тиімді бағыттарға бет бұруына жол ашты. Атап айтқанда, зерттелуге алынған кезеңдегі оқиғалар мен мәліметтер кешенді түрде сол дәуірмен байланыстырылып, ұлттық басымдылықтар мен құндылықтар тұрғысынан қарастырылып, соның негізінде оның мәні, негізгі ағымдарының бағыты және қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және халықтың рухани өміріндегі алатын маңызды зерттеудің өзегіне айналды.

Талқылаулар. Бұл мақалада зерттеудің тарихнамалық базасы ретінде «Ана тілі» газетінде жарық көрген Шілдебай Сәбиттің «Қазақтың қайраткер қызы» (Шілдебай, 2019:8) А.И. Қасабекованың «Әйелдер қозғалысының алғашқы қайраткерлері» деп аталатын көмекші оқу құралы (Қасабекова, 2003:61-62), Р.О. Балгозинаның «Қазақстанның тарихи ойындағы әйел теңдігі мәселесі» атты докторлық диссертациясы қарастырылды (Балгозина, 2009:210). Деректік базаның негізін Қазақстан Президенті архивінің қорларындағы құжаттық материалдар құрайды (ҚР ПА, 139:1). Баспасөз беттерінде әйел теңдігі мәселесі тұрақты түрде көтерілді. Мысалы, «Ақ жол» газеті беттерінде «Әйел теңдігі» рубрикасында осы мәселеге қатысты мақалалар үзбей берілетін. Соның біріндегі «Жетім қыз» деп аталатын (Авторы – Жұмағали (С. Қожановтың бүркеншік аты) мақалада өте қызықты мәліметтер келтірілген.

Негізгі нәтижелері. Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РСФСР Халық Комиссарларлар Кеңесінің 1917 жылдың 18 желтоқсанында қабылдаған «Азаматтық неке, балалар туралы және азаматтық жағдайды әктілеу кітабын енгізу жайлы» кеңес өкіметінің декреті және 19 желтоқсанда қабылданған «Неке бұзу туралы» декреті осы мәселеге байланысты ең алғашқы декреттер болып есептеледі. Нәтижесінде, некеге тұрудың шектік жасы белгіленіп, ерікті ажырасу мүмкіндігі берілді (Декреті, 1957:210).

«Ақ жол» газетінің 1921 жылдың 12 сәуіріндегі №46 санындағы «Әйел теңдігі» рубрикасында «Қазақстан үкіметінің неке туралы шығарған заңы жарияланған болатын:

1. Неке қию

1. Бір қатыннан артық қатын алу әйелдің адамшылығына кемшілік келтіретіндіктен, әйелді күн есебінде тұтынып, еңбегін олжа қылуға себеп болғандықтан;

2. Үй ішіндегі адамдардың өзгерісінен жазатын (ЗАГС) бөлімдерге жаздырған неке дұрыс неке деп табылады;

3. Неке қиғанда шарифаттың айтқанын істеу қыз бен жігіттің ықтиярында. Бірақ шарифат бойынша неке қиюдан бұрын, үй ішінің өзгерісін жазатын бөлімге барып жазылу керек.

Ескерту: бұл декрет жарияланбай тұрып, шарият бойынша қиылған некені үй ішінің өзгерісін жазатын бөлімге айтып жаздыру керек.

4. Неке қию үшін күйеудің жасы 18-ден, қыздың жасы 16-дан кем болмасқа керек;

5. Неке қиып қосылушылардың ақылы саламат боларға керек;

6. Некелі жары жоқ, басы бос кісіге неке қиып үйленуге болады. Бұл декрет бойынша қағазға тіркеліп, неке қиып үйленгендерді бұл декреттен бұрын шариятша неке оқытып үйленгендер де, сол бұрынғы некесі бұзылып, қосағынан айрылмай қатын жаңадан байға шыға алмайды, еркек екінші қатын ала алмайды;

7. Ата-ана мен нәсіл – нәсәптің* арасына неше атаға келсе де, неке жүрмейді (әкесі мен қызы, шешесі мен баласы, ұлы атасы, ұлы анасы, нағашы анасы, нағашы атасы мен немерелері) ағайын туысқан арасына өке жағынан да, шеше жағынан да төрт атадан аспай неке жүрмейді. Бір-біріне неке қиып, қосыла алмайды. *Ескерту: 1) әкесі бір, шешесі басқа, я шешесі бір, әкесі басқа қиыр туысқан деп саналады. 2) некесіз туғандар некелімен бірдей.*

1. Ата-ана мен оның нәсіл – нәсәбінің қызының күйеуі, еркегінің қатыны, келіні неше атаға келсе де, неке қиып қосыла алмайды. Қатынның бұрынғы байынан қалған баласы мен оның байының бұрынғы қатынынан қалған баласының арасында неке жүрмейді.

2. Неке қиып қосылушылар некесін көзбе-көз отырып қидырады. Неке қиятын орынға күйеу мен қыз өзі бармай, орнына уәкіл сайлап жіберу болмайды;

3. Неке қию үшін екі тараптың да толық ризалығы керек. Біреудің зорлығымен болған ризалық деп танылмайды. Неке қиып қосылушылардың әке-шешесі, ағайындары құдандасып, басқа түрлі жақындарының қыз бен жігітті сырттан билеп құда болып келгенімен, қыз бен жігіт өз арасы келісіп бір-біріне риза болмаса, неке қиылмайды;

4. Әйелді неке қиып алу үшін ықтиярсыз алып қашу, некеге көндіру үшін зорлау сот хукімімен жаза салып қорқытып тиятын іс;

5. Жесірдің өз еркі өзінде. Өлген байының ағайындарынан басқа біреудің адамына тисе де ықтияры бар.

2. *Байы мен қатынының айырылуы*

6. Неке қиып қосылған кісілер некесін бұзып айырылуға болады;

7. Айырылу үшін бай мен қатыны екеуі де болмаса, екеуінің біреуі айрылғысы келсе айырылады;

8. Байы мен қатыны екеуі де айырылғысы келсе, өздерінің некесін жазған бөлімге айырыламыз деп арыз жазып береді. Болмаса тиісті народный судьяға арыз береді. Байы мен қатынының біреуі айрылғысы келсе, оның ісі соттың қарауымен шешіледі;

9. Народный судьяға айрылғысы келген қатын мен байы екеуі бірдей келіп, екеуі де айырыламыз деп арыз берсе, судья олардың жұмысын, арызын алысымен бітіреді. Егер айырыламын деген арызды қатыны мен байының бірдей бермеуінің жемісін тексеріп шешу үшін судья срок тағайындайды;

10. Байы мен қатыны некесін бұзып айыру тақырыпты істерді народный судья жалғыз өзі де тексеріп шешеді;

11. Айырылу тақырыпты арызы алысымен, народный судья ізденушінің қолына оның арыз бергенін һәм қосағынан бөлек тұруға ықтиярлы екенін куәләндіріп қағаз жазып береді;

12. Бұл декрет губерна махкемелері тұратын қалаларда хукімет атына шығатын газеттерге басылып, ел елге жарияланған күннен бастап күшіне кіреді. (*Сот комиссары: Әлібеков*) (Ақ жол, 2020:11, 1 т.).

Баспасөз беттерінде әйел теңдігі мәселесі тұрақты түрде көтерілді. Мысалы, «Ақ жол» газеті беттерінде «Әйел теңдігі» рубрикасында осы мәселеге қатысты мақалалар үзбей берілетін. Соның біріндегі «Жетім қыз» деп аталатын (Авторы – Жұмағали (С. Қожановтың бүркеншік аты) мақалада: «Ұлттың ұлт болып жасауы, көркеуі ілгері басуы үшін бірнеше себептер болуға керек. Ол, себептердің бірі ұлт анасы, ұлт тәрбиешісі әйел болуға тиіс. Әйел теңдіксіз, әйел надан, әйел күң болса, ұлт қанатсыз құсқа ұқсап, қанша талпынғанымен алға бара алмайды. Бұл белгілі. Айтылып та, жазылып та жүр. Бұл күнгі қазақтың әйел халі әсіресе, 1917-18 жылғы ашаршылықтан кейінгі Түркістан әйелдерінің ахуалы өте қиынға айналды. Сатылды, панасыз, үйсіз, жалаңаш күйсіз шияттей жетім қалды. Өзбек қолында кедей қазақ зұлымдығы болды. Өткен, декабрь ішінде ескі Ташкент барсам, өзбектің 13-14 жасар баласы 11-12 жасар қазақ қызын шанаға жегіп, өзін сүйреткізіп жүр екен. Қыз қайғылы өзі жүдеу, киім жоқ болғаннан кейін аяп кеттімде қасына барып жөн сұрадым. Мені, тәлкек қылған біреу десе керек. Айтпады. Сонан кейін, өзбек балаға «Я ортақ! Нимеге шо қызны шанаға жегіп иурсің? өзіңға иүріп тұрсың, аяғың барды» дедім, өзбек бала ашуланды. Менің қаным қайнап шыдай алмай, баланы итеріп кеп түсірдім. Бірақ, көшеде айғай салып не қылайын деп, қайтып кеттім. Енді бұл қызда сол ана жылғы ашаршылықтан, өзбек қолына кірген қазақ азаматтарының жетім қарындасы болса керек. Бұндай, жетімдер Түркістан қалаларында толып жатыр деп, «Ақжолда» жазылған еді. Бұл рас жетім қарындастарыңды құтқарыңдар, жастар!» - деген жанайқайды көруге болады (Ақ жол, 2020:70, 2 т.).

Автономиялы Қырғыз (Қазақ) Социалистік Республикасы құрылғаннан кейін, 1920 жылы 28 желтоқсанда «Қалың малды жою туралы» декрет қабылданды. «Ескінің қалдығы» қатарына жатқызылған қалың мал беру заңсыз деп танылып, қатаң жазаланатын болды (Декреты и постановления, 1921:41).

Жылдар бойы келе жатқан көп әйел алу мен әменгерлік салттарын жою мақсатында кеңес өкіметі 1921 жылы 17 қаңтарда «Қырғыздардың неке құқығы туралы» декретін қабылдайды.

1921 жылы 14 маусымда Түркістан Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің де «қалыңмалды» жою туралы декреті жарияланады. Бұл декретке сәйкес «қалыңмал» жайлы барлық келісімдер заңсыз деп есептелініп, декреттің қаулыларын бұзушылар қылмыстық тәртіп бойынша сот алдында жауапкершілікке тартылады деп танылды (Известия, 1921:4). Алайда бұл декрет заң жүзінде тек қазақтарға ғана таралған соң, 1923 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитеті республиканың барлық ұлттарына тарайтын жаңа декрет қабылдады. 1924 жылы заңды күшіне енген Қырғыз (Қазақ) Орталық Атқару Комитетінің «қалыңмал» мен басқа да тұрмыстық қылмыстарды жазалау туралы декреті жарық көрді.

Жоғарыда айтылған «Ақ Жолдың» 16-шы санында басылған: Қазақстан хукіметінің қалың малды қалдыру туралы шығарған нұсқамын (1) іске асыру үшін баяндама ретінде заң комиссариаты жариялаған «Ережеде»:

1-Қалың малды қалдырған нұсқа жарияланғаннан кейін, қалыңдық үшін қалың мал беру һәм алу-жазаландыратын қылмысты іс есебінде болады.

2-Бұл істің қылмысты болып саналуының екі түрлі белгісі бар: а) екі жақтың құдалық сөйлесіп келісуі; келіскеннен кейін күйеу жағы мал беруге қалыңдық жағы малын алып біткен соң, қыз беруге міндетті болуы; б) құда күйеу жағы құда түсіп, малын түгел яки, жарымдап беру, қалыңдық жағы-малды қолына алу.

3-Екінші бапта көрсетілгенше қылмысты деп түсіну үшін мал берген күйеу мен қалыңдық арасында неке оқылған-оқылмағаны есеп емес.

4-Жарияланбастан бұрын түгел яки, жарымдап қалыңмал берушілердің һәм алушылардың ісі қылмыстыға қосылмайды. Бірақ, ол бұрынғы құдалықтар алыс-беріс қылуға шарт бола алмайды. Мәселен, қалыңмал төлеген екенмін деп, қалыңдығын сұрай алмайды (қалыңдық өзі барамын демесе); егер тіпті неке оқылмайтын болса, беріп қойған малын да сұрай алмайды. Нұсқа жарияланбастан бұрын малының жартысын алып қойғандар, күйеумен қалыңдықтың арасында неке оқылған болса, қалған малын сұрай алмайды.

5-Қалыңмал туралы ауылда келісу, құдалық секілділер. Нұсқа жарияланудан бұрын болсада, сот қорғауына алынбайды. Яғни, бұл туралы дау-дамай болса, сот қабыл алынбайды. тексермейды.

6-Нұсқа жарияланудан бұрын некелесіп қойылғандарды айырарда, бұрынғы төленген қалыңмал қайтпайды. Бұл туралы ақыласу, дауласу жұмыстарын сот тексеруге алмайды.

7-Жарияланғанша қалыңмалды қайтару туралы басталған, бірақ тексеріліп үлгірмеген істер бір жола тоқталады; бұл туралы айтылған билік шығарған қарар орындалмайды; мұндай істерді орындаушы мекемелер қарарын орындамастан, тезінен билік айтқан соттардың өздеріне қайтаруға тиіс.

8-Қалыңмалды қалдыруға қарсы істелген жұмыстарды, алты заседательный халық соты тексереді. Мұндай жұмыстарға жай адамдар, милиция, ғайыры мекемелер қатыса алмайды.

9-Халық сотында қалыңмал қалдыруға қарсы жұмыстар, жай кісілердің арызымен исполкомдардың ұсынуымен милиция яки, басқа ұйымдар һәм лауазым иесі адамадардың білдіруімен, соттың өз қарауынша басталады. Ескерту: домалақ арыздар, шағымдар (аты жөнін жазбаған) алынбайды. һәм мұндайлар іс бастауға дәлелдікке жарамайды.

10-Қалыңмалды қалдыруға қарсы қылмыстыларға, закон қуатына кірген соттың билігімен ғана жасалуға болады.

11-Мұндай жаза екі түрлі болады: а) екі еседен артық арттырмай мал алған кісілердің өздерінен ғана, қалыңмалды алып қазынаға салу. Бірақ, түк қатысы жоқ ағайындарын күйдірмеуге керек; б) қалыңмал беруде һәм алуда, айыпталған адамдарға бір жылға шейін бас жазасы болады.

12-Қалыңмал алған адамнан қалыңмалдың өзі һәм тағы сол қалыңмалға орай, келетін мал мүлік екі есе болып қазынаға алынады.

13-Қазынаға алынатын мал мүліктің мөлшерін, істі қарайтын сот кеседі. Бірақ, һәрбір істе мал-мүлкі қазынаға алынатын адамдардың дәулеті, тіршілігі еске алынады. Мәселен, байлардан алған қалыңмалының үстіне, тағы сондай зат алынады. Ал, кедейлерден соттың қарауынша кемітіліп, шамасына қарай аз алынады.

14-Халық соты қалыңмалды қалдыруға қарсы жұмыстарды тексеріп билік айтқанда, қазынаға түсетін мал мүлікті кескен бөлімде, қалыңға алынған малдың, мүліктің анық қанша екендігін баяндап санап отыру керек. Билікте көрсетілуге тиіс. Егер алынған малдың, мүліктің көзі жоқ болса, олардың орайына мал мүлік төленеді. һәм бұлар 12-ші бап бойынша екі есе қылынып, қазынадан алынады деп.

15-Билікті орындау үшін исполнительный лист (орындама қағаз) берілгенде, сонымен қатар оның нұсқасын билікті орындау, қай мекемеге тапсырылғандығы көрсетіліп, кембағалдар қамқоршылығының бөлімшесіне жіберу керек.

16-Халық сотының билігін орындайтын мекемелер, қазынаға алынған мал-мүлікті ауылдық Кеңестерге тапсырады. Бұл туралы олар тоқтаусыз, кембағалдар қамқоршылығының бөлімшесіне білдіреді.

17-Ауылдық Кеңестер қолдарына алған мүліктерді сақтауға һәм малды індетке, боран шашынға ұшыратпай бағуға міндеткер.

18-Егер бір ауылға қалыңмал айдалып келді. Киіт-миіт секілді заттар келді дегенді ауылдық кеңес хабарланса, дереу анығын біліп, ондай мал-мүліктің жасырылмауына һәм үсталып кетпей сақталуына қам қылуға тиіс. Бұл туралы қандай қам қылғанын, тиісті халық биіне білдіреді. Мұнан кейін, халық биі ауылдық кеңестің істеген қамы дұрыс па, теріс пе я бекітеді, я бұзады.

19-Қазынаға алынған мал-мүлік, жергілікті кембағалдар қамқоршылығы бөлімшесінің қарауындағы айрықша қазынаға кіреді.

20-Бұл қазынадан алдымен ауылнай қол астындағы жәрдемге мұқтаж өз күштерімен күн көре алмайтын жарлыларға, ауруларға, ақсақ-тоқсақтарға һәм осылар секілді кембағалдарға көмек беріледі.

21-Қамқоршылық істерін басқаратын халық комиссиариаты алуға тиіс: а) 21-ші бапта көрсетілгенше айрықша қазынадан пайдаланатын нашарлар кімдер? һәм көмек берудің реті қалай болмақ; б) бүкіл Қазақстан Республикасына қараған жерлерде, әлгі айрықша қазынадан дұрыстап пайдалану үшін жергілікті кембағалдар қамқоршылығы бөлімшелері ашылсын.

22-Кембағалдар қамқоршылық ұйымдары болмаған жерлерде, айрықша қазынадан кемтарларға көмек берісін деген жоғарғы ұйымдардың бұйрықтары, кейбір себептермен орындалмағанда, қазынаға алынған малдар боран-шашын, жүт-індетке шалдығып, апатқа ұшырайтындары болса, ауылдық Кеңестер өз қарауымен ондай малдарды қол астындағы жетім-жесір, кем-кетіктерге үлестіруге ерікті. Бұл туралы ауылдық кеңес не істегенін, малды кімдерге һәм қанша бергенін, тиісті кембағалдар қамқоршылығы бөлімшесіне түгел білдіреді.

23-Жетім-жесір, кем-кетіктерге үлестіргеннен қалған қазынаны, жергілікті кембағалдар қамқоршылығы бөлімшесі рұқсатымен, шаруашылық одақтарына, басқа сондай жұмыстарға, әлеумет жұмыстарына, жұмыскерлердің азық-түлігіне ұстауға тиіс.

24-Қалған қазынаны 24-ші бап бойынша, қалай үлестіру ретін жер комиссариатының жергілікті мекемелері көрсетеді.

25-Қалыңмал берген һәм алған айыптыларды жазаландыратын бұл туралы істі қарайтын істі сот, жаза кескенде адамына қарай, қылмысына қарай кеседі. Бір жылдан артық кеспейді.

26-Қалыңмалды қалдырған низамның жарияланған күні, Қазақстан Республикасының областной қалаларындағы ресми газетті, сол низам басылып шыққан күн болып есептеледі. Жергілікті Губисполкомдар һәм областной заң бөлімдері, бұл низамды тездікпен телеграф, радио арқылы, қазақ халқына тегіс жариялауға міндеткер» - делінді (Ақ жол, 2020:94-96, 2 т.).

Осы декреттерді әйелдерге таныту мақсатында 1918 жылдың желтоқсанында РКП(б) Орталық Комитеті үгіт-насихат жүргізу комиссиясын құрады, ал 1919 жылдың қыркүйегінде комиссия әйелдер арасында жұмыс жүргізу бөлімі болып қайта құрылады (Великий Октябрь, 1971:40-41).

1920 жылы наурызда Бөкей губерниясында Қазақстандағы ең алғаш әйелдер бөлімі құрылады. Бөкей Ордасындағы ерекше қызметімен, өжеттігімен көзге түскен М.Бегалиева 1922 жылы РКП(б) Бөкей губерниялық комитетінің аппаратына қызметке шақырылып, әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады (Шілдебай, 2019:4).

Түркістандағы жалпы қазақ-қырғыздың 921 жылдың 20-қаңтарында Әулиеата қаласында 1-ші съезі ашылды. Сөз сөйлегендер арасында қазақ-қырғыз әйелдері атынан съезді құттықтауға шыққан Сара Есова ерекше құрметке ие болды. Бұл туралы газет бетінде былай жазылған: «Бұрын мындай көп жиында әйелдер атынан әйел сөйлегенін көрмеген қазақ-қырғыз Сара Есова сөйлеуге шыққанда, уәкілдер күтпеген қуаныш көрсетіп, қол шапалақтап, айқайлап ұран шақырып жіберді. Сара жалпы қазақ-қырғыздың тұңғыш сиезін құттықтап болып, қазақ-қырғыз жұрт болғаннан бастап, осы уақытқа дейін әйелдерге кемдік көзбен қарап, адам деп санға алмай, мал есебінде малға сататындығын айтып, әйелдердің бұл кезге дейін бостандық теңдік жемісін пайдаланбай күндікте, қорлықта жүргендігін уәкілдерге көзбен көргендей айтып берді. Мұнан былай әйелдерге ондай кемдік болмаса екен! «әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» деген мақалды тастап, ұмытып, әйелдерге бостандық, теңдік көзбен қарап, осы сиезде қазақ-қырғыз әйелдері туралы мәселе болса, бірінші дәрежедегі мәселелерден саналып, шын көңіл, адал ниетпен тексерілсе екен! Егер ойға келмей, ұмыт қалған болса, әйел мәселесі деген өз алдына бір мәселе болып, басқа мәселелер қатарына кірсе екен деп ұсыныс кіргізіп, сиезге қазақ-қырғызға бостандық, теңдік берген Кеңестер хукіметіне басшы болған. Осы хукіметтің орнауына себеп болған ақ жүрек жолдастарға алғыс айтып, тілектестік білдіріп Сара Есова сөзін бітірді. Қазақ-қырғыз әйелі

мәселесін дұрыстап карап, осы сиезде әйелдерге ерік беріліп ерлермен тең болатындығына сенімді болу үшін сиез басқарушы ұйымдар (президумда) әйелдердің де болуы керек деп Сараның атын атап, уәкілдер ортасынан ұсыныс болды. Ешкім қарсы болмай, бір дауыспен сиез басқарушы топқа Сара мүшелікке сайланды. Осы уақытқа шейін әйелдерді кем санап, адам қатарына алмай келе жатқан қазақ-қырғыз бірінші сиезінде әйелдерге бұл қылған құрметі көзге түсерлік өзгеріс деуге болады. Жасасын, қазақ-қырғыздың жаңа талап, ақ жүрек ер көңілді қыздары! Жасасын, олардың жас ұйымдары! Көгерсін, көркейсін әйелдер теңдігі! (*Қыр баласы - Дәулетбар Алтынбаев*) (Ақ жол, 2020:96, 2 т.).

1921 жылдың 3 сәуірдегі «Ақ жол» газетінің №43 санында «Мұсылман әйелдерінің конференциясы» деген мақалада: «25 мартта Түркістан Республикасының аймақтық мұсылман әйелдерінің конференциясы бітті. Қаралған мәселелер: қазіргі хал, шарифат бойынша хәм кеңестер заңы бойынша әйел құқығы жайы, аналықты хәм балалықты қорғау, халық ағарту хәм мұсылман әйелдері, майда кәсіп ұйымы хәм мұсылман әйелі не үшін «жетілер» жасалады хәм онда мұсылман әйелінің қатысуы, әйел бөлімдері хәм мұсылман әйелі. Конференцияда Сырдария, Ферғана, Жетісу, Закаспий, Самарқан облыстары, Хорезм хәм Бұқара Республикаларының уәкілдері болды. Уәкілдердің жалпы саны 202 кісі: олар ұлтқа қарай бөлінгенде 49 ноғай, 55 қазақ-қырғыз, 32 өзбек, 25 тәжік, 11 иран, 8 тұрғын жойт, 8 түрікпен, 5 кавказ мұсылманы, 5 шала қазақ, 1 тараншы, 1 сарт қалмағы, 1 қашқарлық, 1 осетин әйелдері. уәкілдердің 130-ы сауатсыз, 56-сы хат біледі. Оның ішінде 10-ы зиялы конференцияда 15 ортақшыл әйелдер, басқасы партияда» - делініп, конференциядағы әйелдер мәселесі сөз болған (Ақ жол, 2020:17, 3 т.).

Түркістан республикасының орталық атқару комитетінің декретінде (Ташкент, 1921 жылдың 14 маусымы) қалың мал мәселесі көтерілген болатын: «Қазақ, Түрікпен қатын-қыздарының адамшылық намысын кемсітіп, құн қылып келген. Оларды ақшаға сатып алатын тауар бағасына теңгеретін «қалың мал» байдың өктемдігін күшейтіп неке мәселесін адамның малды-малсыздығына байлаулы қылатын ескі әдет. Екінші жақтан жарлылардың қатынсыз өтуіне себепші болады. Сол айтылған жаман әдеттен қазақ-түрікпен қатын-қыздарының адамшылық намысын арашаламақ үшін Түркістан кіндік атқару комитеті ұйғарады:

1. Осы декрет шараланғаннан бастап қыздың әке-шешесінің, туысқандарының яки жұрағаттарының қалың мал алуы, күйеудің әке-шешесінің, туысқан-жұрағаттарының қай түрімен болса да (жасау) деп қыздың, төленген малдың бара-барына шығуға зорлайтын, қалың мал төлеуі тоқтатылсын.

2. Қалың мал туралы келісу, баталасу деген нәрселер тоқтатылсын. Осы декреттегі 2-3 баптардағы жолдардан тысқары жолдармен қалыңын, малды даулауға, соттан жәрдем сұрауға ешкімнің хақы жоқ.

3. Осы декрет шығудан бұрын төленген қалың мал, неке оқылған болса қайтарылмайды.

4. Неке оқылмаған болып малдың бәрі яки жарым-жартысы төленіп қойылып мал төлеуші еңбекшіл табынан болса қалың мал осы жарлық шыққаннан бастап 6 айдың ішінде қайтарылып беріледі.

5. Еркектің жасы 15-ке әйелдің жасы 16-ға толған ақылдары дұрыс болып, туысқандық, жақындық болмай екі жағы бір-біріне риза болған уақытында ғана некесі дұрыс болып саналады (неке туралы түпкі заң 5-66 бап).

6. Осы декреттің қайсы бабын болса да бұзушылар сот алдында мал үшін жауап бергені былай тұрсын бұзғаны үшін қылмысты болып жауапқа тартылады.

7. Жергілікті хукімет адамдары осы декреттің дұрыс орындалуына абай болсын. Тындамаушылар соттың жазасына душар болады. (*Кіндік атқару комитетінің бастығы: Тәреқұлов. Халық комиссарлар кеңесінің бастығы: Атабаев. Хатшы: М. Юмакаев*) (Ақ жол, 2020:148, 3 т.).

1921 жылы 15 шілдеде облыстық комитет жанынан әйелдер бөлімі құрылады. Бөлім меңгерушісі болып тағайындалған А.Оразбаева «Известия Киробкома РКП (б)» журналына жазған мақаласында әйелдер бөлімінің маңызды міндеттерінің бірі ретінде «қырғыз әйелдерін құқықтың жағынан қорғау, атап айтқанда «қалың малға» сатуды, күштеп некеге отырғызуды, көп әйел алушылықты, яғни «ағасы өлсе, інісі мұра» деген сияқты дәстүрлерді жою» деп атап кеткен (Қасабекова, 2003:61-62). Өлкелік әйелдер бөлімінің коллегия мүшесі Сара Есова «Лениншіл жас» газетіне жазған мақаласында Кеңес өкіметінің «қазақ әйелін азат етудегі» іс-шараларын баяндайды: «Бұл науқан кезінде әйел азаттығына қайшы келетін қалың мал, көп қатын алу туралы ұйымдасқан әйелдерге мән-жайды түсіндіретін жиналыстар шақырды. Бұл науқанның елге мәні түсіндіріледі. Жоғары қылмысты істеген адамдарға ашық соттар жүргізіледі. Соттың көшпелі сессиялары қалыңмал туралы жұмыстарды кешіктірмей көп ортасына салып қарайды, ана мен баланың саулығын қорғайтын үлгілі үйлер ашылады. Ересек әйелдерге арнап сауат ашқыш мектептер ашылды. Жұмыссыз әйелдер жұмысқа орналастырылды. Әйел жайынан кітап-газет шығарылады. Жергілікті баспасөздер науқанның маңызын түсіндіріп мақалалар жазады» (Қасабекова, 2003:72-73).

Дегенмен, кеңес өкіметі «ескінің қалдығын» қаншалықты жоюға тырысқанымен, іс жүзінде қалың кара халық арасында бұл салттарды әлі де ұстанып отырғандығы белгілі еді. Оны Н.Арықованың 1928 жылы «Әйел теңдігі» газетіне жазған хатынан байқауға болады: «... Осы күнге шейін қалыңмал және түрлі ескі әдеттерді жою туралы істелген іс шамалы болып келді. Көпшіліктің өзі қалыңмалдың өзі жалпы

мәдениет шаруа тұрмысына зиянды екенін толық түсініп болған жоқ. Осы күнгі қалың мал жасырын күйге айналып, күйреген ұстатпай отыр. Жасырын болғанда жұрттың өзі ғана жасырады демейміз. Қызметкерлеріміздің де кейбіреулері туған-туысқандарының, тамыр-танысының қалың мал алуына көмек береді» (Балгозина, 2009:64).

Әйелдер бөлімі өз қызметін аса қиын жағдайда бастады. Бөлім мүшелерінің аздығы, көшпелі өмір салтының басым болуы, ұзақ уақыт бойы әйелдер бөлімдерінің қызметінің нақты жоспарланбауы кері әсерін тигізді. Сол себептен бөлім мүшелерін даярлау маңызды мәселелердің біріне айналды. РКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 1924 жылғы 10 сәуірдегі хатына сәйкес Орынборда бір жылдық облыстық курстар жұмыс істей бастады. Бірінші жылы негізінен 15 пен 30 жас аралығындағы 52 әйел оқытылды. Оқыту бағдарламасына қазақ және орыс тілдері, арифметика, жаратылыстану, саяси сауаттылық, әйелдер арасындағы жұмыстың теориясы мен тәжірибесі сағаттары енгізілді. Оқу жылының қорытындысы бойынша аттестациялау комиссиясы 14 курсант бағдарламаны жақсы меңгерген, 24 курсант жеткілікті игермеген, 14 курсант толық меңгермеген деген қорытынды шығарды (ҚР ПА. 139:1-2).

Мақала «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді археологиялық зерттеулер жүргізу» тақырыбындағы ғылыми жоба негізінде дайындалды (BR10965310, келісім шарт № 376) ҚР БҒМ.

МРНТИ 03.41.91

ЖИЛЫЕ КОМПЛЕКСЫ XVIII-XIX ВВ. (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДИЩА СЫГАНАК)**Сиздиков Багдаулет Сапарбайевич^{1ID}, Жетібаев Көпжасар Мұстафаевич^{1ID},
Гурсой Музаффер^{1*ID}, Мургабаев Сагынбай Серикбаевич^{1ID}**¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи, г. Туркестан, Казахстан.

*Автор-корреспондент

E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz (Сиздиков), kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz (Жетібаев), muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz (Гурсой), sagynbay.murgabayev@ayu.edu.kz (Мургабаев)

Аннотация. Средневековый Сыганак – крупнейший политический и экономический центр на Великом Шелковом пути, один из значимых городов Казахского ханства, где процветали культура и наука, торговля и искусство, хорошо развивались земледелие и скотоводство. В XI–XIII вв. Сыганак столица Кипчакского ханства, в XIV–XV вв. Ак-Орды, в середине XV в. - государства Кочевых узбеков, а

в последней четверти XV в. – начале XVI в. был столицей Казахского ханства. Культурные слои XVII-XVIII вв. были недостаточно, требовалась более детальное изучение. Для реконструкции основных элементов материальной и духовной культуры, включения в научный оборот новых сведений об экономических и социально-культурных связях между городами Казахского ханства, расположенных на Великом Шелковом пути, в рамках научной темы: «Комплексное археологическое исследование объекта историко-культурного наследия - средневековое городище Сыганак», были проведены археологические исследования на цитадели городища Сыганак. В статье рассматриваются результаты исследования городища в 2021 году. Определены основные особенности планировок жилых помещений XVIII-XIX вв. и проведен сравнительный анализ.

Ключевые слова: городище Сыганак, Казахского ханство, Великий Шелковый путь, средневековые города, археологические источники, культурный слой.

IRSTI 03.41.91

RESIDENTIAL COMPLEXES XVIII-XIX CENTURIES (BY THE EXAMPLE OF THE SYGANAK SETTLEMENT)

Sizdikov Bagdaulet Saparbaevich^{1ID}, Zhetibayev Kopzhasar Mustafaulu^{1ID},
Gursoy Muzaffer^{1*ID}, Murgabayev Saginbay Serikbayevish^{1ID}

¹Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan.

*Corresponding Author

E-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz (Sizdikov), kopzhasar.zhetibayev@ayu.edu.kz (Zhetibayev), muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz (Gursoy), saginbay.murgabayev@ayu.edu.kz (Murgabayev)

Abstract. Known as one of the largest centers along the Great Silk Road, Syganak was one of the most important cities of the Kazakh Khanate in the Middle Ages, where science and culture, trade and art, agriculture and animal husbandry developed simultaneously. The town was the capital of the Kipchak Khanate in the XI-XIII centuries, in the XIV-XV centuries it was recognized as the capital of the White Horde, and in the XV-XVIII centuries it became the capital, political and economic center of the Kazakh Khanate. The cultural strata of Syganak under the Kazakh Khanate still need to be studied. In this regard, in order to revive the main elements of the material and spiritual culture of the town of Syganak, to deepen information about economic and socio-cultural ties between the prominent cities of the Kazakh Khanate along the Great Silk Road. As part of the program, we decided to conduct archeological research in the citadel part of the town of Syganak and put it into scientific circulation. The article focuses on the history of the study of the town of Syganak and the results of archeological research in the town in 2021, the importance of the settlement under the Kazakh Khanate and the peculiarities of housing in the XVIII-XIX centuries.

Key words: town of Syganak, Kazakh Khanate, Great Silk Road, medieval cities, archeological data, cultural layers.

Кіріспе. Қазақ даласының қай өңірін алып қарасақта тарихқа толы екенін көруге болады. Қазақстан жерінде өмір сүрген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы және т.б. көптеген тайпалар өздерінің қалыптастырған мәдениеттерін қалдырып отырған. Бізге жетіп отырған қазіргі таңдағы тарихи ескерткіштеріміз соның дәлелі болып табылуда. Тарихи-мұралармыздың қатарында ортағасырлық қалалардың алар орны ерекше. Әсіресе Сырдарияның ортаңғы және төменгі ағысындағы қалалар айтарлықтай маңызға ие. Ұлы Жібек жолының ізімен салынған бұл ортағасырлық қалалар өз кезеңінде түрлі хандықтың астаналары да бола білді. Мақаламызға негізгі арқау қылып алып отырған тақырыбыз Ортағасырлық Сығанак қаласы жайында болмақ.

Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалардың арасында Сығанак қаласының алатын орны ерекше. Қала Сырдарияның ортаңғы ағысындағы ортағасырларда мәдениеті мен экономикасы, қолөнері мен саудасы, егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар дамыған орталықтардың бірі болған. Қаланың жазық жерде орналасқандығынан, қаладағы бұрынғы құрылыстардың орындарын пішіні мен көлемі әртүрлі үйінді төмпешектерден анық байқауға болады. Ортағасырлық Сығанак қаласы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Сунақата ауылынынан 2 км батыста, Түркістан-Қызылорда тас жолының оң қапталында орналасқан (Syzdykov, Zhetibayev, Bahtybayev, 2021: 43). Сығанак қаласы ортағасырларда тоғыз жолдың торабында орналасқан ірі қалалардың бірі ретінде танылды. Ұлы Жібек жолы арқылы әлемнің түкпір-түкпірінен келген саудагерлер мен саяхатшылар қалада болып, сауда-саттық жасап, қаланың өмірімен, тарихымен, мәдениетімен, ғылым және білім ордаларымен танысып, өз еңбектерінде

баяндады. Өкінішке орай қаланың пайда болу, даму, гүлдену және күйреу кезендері жайлы мағлұматтар келтірілмеді.

Жазба деректерге көңіл бөлетін болсақ қала тұрған аймақта б.з.б. VII- II ғасырларда массагет тайпаларының өмір сүргендігі баршаға белгілі. Ал б.з.б. II - б.з. V ғасырларында бұл өңірде қаңлы тайпалары мемлекеттік дәрежеде ғұмыр кешті. Қытай деректерінде Қазақстан жерінде болған Чжан Цянның хабарлауынша қаңлы мемлекеті – Сусе, Фуму, Юйни, Цзи және Юйцзянь атты бес иеліктен тұрып, орталығы Битянь қаласы болғандығы көрсетілген (Малов, 2001: 87-149). Біздің пайымдауымызша Сығанақ қаласы тұрған жер Сусе иелігінің жері болған. Себебі Юйни иелігі Сырдарияның ортаңғы ағысының жоғарғы бөлігін қамтыған болса, көршілес Сусе иелігі Сырдарияның ортаңғы ағысының төменгі бөлігін қамтыған. Сығанақ қаласының орнында зерттеу жұмыстарын жүргізген Оңтүстік Қазақстан Археологиялық Экспедициясының мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер аталмыш қаланың қаңлылардың басты орталықтарының бірі болғандығын тілге тиек етеді. Сонымен қатар қаланың V–VIII ғасырда өмір сүргендігін, одан кейін құлдырап, XII–XVI ғасырларда қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын баяндайды (Агеева, Пацевич, 1958: 206-208).

Сырдария өзенінің алқабында IX-X ғасырларда оғыз тайпаларының мекендеген баршаға белгілі. Сығанақ қаласы сол кезде оғыз мемлекетінің ықпалында болған. Ішкі алауыздық салдарынан оғыз мемлекеті X-XI ғасырларда әлсірей бастайды. Ішкі алауыздық салдарынан және сол кездегі Қыпшақтардың оңтүстікке жылжуының салдарынан оғыз тайпалары Сырдария бойына ығыса көшуіне мәжбүр болады. Осы кезеңнен бастап Сығанақ қаласы қыпшақтардың иелігіне көшіп, басты қаласына айналады.

X ғасырдың соңында өмір сүрген белгісіз парсы авторының «Худуд-әл Әләм» қолжазбасында Сығанақ қаласының аты «Сунах» түрінде кездеседі (Якубовский, 1929: 123-159). Ғұлама ғалым М.Қашқаридың жазуы бойынша «Сығанақ» деген аты XI ғасырдан белгілі болған (Махмұт Қашқари, 1997). Ал XI-XII ғасырлардағы араб, парсы және түркі жазба деректерінде қаланың аты жаппай кездеседі. Бұл кезең қаланың дамыған кезін көрсетеді (Жолдасбаев, 2010: 6).

Қаланың гүлденіп, Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарына айналған кезі XIII ғасырға тура келеді. Бұл кездері Сығанақ қаласы Мұхаммед Хорезмшахтың қарамағында болатын. Осы кезде Шыңғыханның үлкен ұлы Жошы осы Сығанақ қаласын бағындыруға келген болатын. Қала халқы моңғол жасақтарына 7 күн қарсылық білдірді. Қала аумағының тым үлкен болғандығынан, қорғаныс күшінің жеткіліксіздігінен моңғол жасақтарының басымдылығына төтеп бере алмаған қала берілген. Жазба деректерге қарағанда қаланың тұрғындары қарсылық көрсеткендері үшін жаппай қырғынға ұшыраған. XIII ғасырдағы жазба деректерде Сығанақ қаласын Жошы әскерінің жаулап алғандығы жайлы мәліметтердің кездесуі бұл пікірімізді қуаттай түсуде (Каллаур, 1901: 76-77). Сонымен қатар армян патшасы Гетумның 1254 жылы Моңғол империясының астанасы Қарақорымға жасаған сапарынан қайту барысында Сырдарияның орнаңғы ағысындағы қалаларда болғандығы баяндалған. Гетумның сапары баяндалған жазбаларда Сығанақтың аты көрсетілген (Гандзакеци, 1976).

Сығанақ қаласының қайта гүлдену кезеңі XIV ғасырға түс келеді және осы ғасырдың соңына таман қала өзінің бұрынғы күш-қуатын қайта иемденіп, астаналық дәрежеге өмір сүреді. Оған археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған ірі орталықтарға тән бой көтерген сәулеттік ғимараттар, мешіттер, медресе және басқа да қоғамдық ғимараттар дәлел болуда. Мұны жазба деректермен қатар археологиялық деректер қуаттай түсуде. Осы уақытта қаланың көршілес елдердің қалаларымен тарихи-мәдени байланыстары күшейе түседі. Қаланың аз уақыт ішінде қайта гүлденуіне Ұлы Жібек жолы айтарлықтай септігін тигізген. Себебі шығыстағы қалалардан, сонымен қатар Қытай және Қашқардан Сығанақ қаласына тауарлар алып келінді. Дешті-Қыпшақ аймағының көшпенділерімен сауда бітімдері жасалынып, айырбас сауда дамыды. Қала көшпенді халықтар мен көпестердің айырбас сауда жасайтын ірі орталығы болғандықтан, қалада әр елдерден келген көпестердің тұрақты мекеніне айналды және барлық елдердің тауарлары сатылды. Қаратудың теріскейіндегі көшпенділер қалаға айырбас сауда жасауға жақсы төрт түлік малын және малшаруашылық өнімдерін әкеліп отырса, қаладан әшекей бұйымдар, жібек маталар, күнделікті тұрмысқа қажетті құрал-саймандар, тіпті қару-жарақтар алып отырды. Осы себепті ортағасырлық автор Фазлаллах ибн Рузбихан Сығанақты «Дешті-Қыпшақтың сауда айлағы» деп атайды (Жолдасбаев, 2010: 8). XIV-XV ғасырларда қаланың мәдениеті мен экономикасы, қолөнері мен саудасы, егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар дамып, Сырдарияның орнаңғы ағысындағы ірі орталықтардың бірі ретінде әлемге танылды.

Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы, әрі діни кеңесшісі болған Фазлаллах ибн Рузбиханның жазбаларында XVI ғасырдың басында Қазақ хандығының басты қалаларының бірі болған Сығанақ қаласының базарында күніне 500 түйе сойылып, кәуап жасалып, кешке дейін бір түйірі қалмай сатылып кететіндігі жайында мағлұматтар келтірілген. Бұл деректерден, қала халқының қаншалықты көп болғандығын, Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орталықтарының бірі болғандығын аңғаруға болады. Сондай-ақ, Рузбиханның жазбаларында Сығанақ адамдардың өмір сүруіне қолайлы қала болғандығы

баяндалған. Қала маңайы қалың тоғай болғандығы, аң құстарға толы болғандығы атап көрсетілген (Фазлаллах Ибн Рузбихан, 1976: 116-117). Сол себепті қаланың орталық қорғанына айналдыра орналасқан қарапайым халық тұратын шахристаны мен рабадының өзі ат шаптырым жерді алып жатқандығын аңғаруға болады. Осы себептерге байланысты қала орнында болған К.Ақышев Сығанақ қаласын Отырардан кейінгі ірі қалалардың бірі болғандығын атап өткен.

Археологиялық деректерге сүйенсек қалада тіршілік көзінің XIX ғасырдың соңында тоқтағандығын, қала орны маңайдағы тұрғындардың зиратына айналып, мәдени қабаттарының бұзылу қауіпіне дейін жеткендігін көруге болады.

Мақалада жазба дерек көздерін археологиялық деректермен салыстыра отырып, қаланың ортағасырлардағы және Қазақ хандығы тұсындағы тарихы зерттелді. Қол жеткізілген нәтижелер талдау жасалынып, ғылыми ой-пікірлер және тұжырымдар жасалды. 2021 жылы Сығанақ қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде анықталған XVIII-XIX ғасырларға жататын құрлыс нысандары сипатталып, көршілес Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларының құрлыс нысандарымен салыстырмалы түрде талдау жасалынды. Нәтижесінде қалашықтың Қазақ хандығы тұсындағы маңыздылығы және XVIII-XIX ғасырлардағы тұрғын үй құрлымдарының ерекшеліктері анықталып, салыстырмалы түрде талданды.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазу барысында археологиялық деректермен қатар жазба дерек көздері кеңінен пайдаланылды. Жазба деректерден қаланың орта ғасырлардағы тарихы, атаулары жайлы мағлұматтар алынса, археологиялық деректер арқылы қаланың құрлыс нысандары, қала қалқының тұрмыс тіршілігі, рухани құндылықтары жайлы маңызды мағлұматтар жинақталды. Сонымен қатар Ресей Патшалығы тұсындағы және Кеңес үкіметі тұсындағы зерттеуші ғалымдардың Сығанақ қалашығы жайында жазған еңбектерін талдай отырып, қалашықтың орны, XIX – XX ғасырлардағы сақталу деңгейі, аяқта тұрған сәулет ескерткіштері және суландыру жүйелері жайында құнды мағлұматтар алынды. Атап айтар болсақ П.И. Лерх, Е.А. Смирнов, Н.С. Лыкошин, В.А. Каллаур, И.А. Кастанье, А.Ю. Якубовский, А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева және Г.И. Пацевичтердің Сығанақ қаласында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін мағызды зерттеулердің бірі болып табылуда. Сонымен қатар Тәуелсіздік жылдарында Сығанақ қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінен, қаланың орта ғасырлардағы мәдени құндылықтары, Қазақ хандығы тұсындағы саяси мағызды жайында деректер жинақталды. Нәтижесінде т.ғ.д. профессор С. Жолдасбаевтың орта ғасырлық Сығанақ қалашығы жайында 2 ғылыми еңбегі және 100-ден аса ғылыми мақалалары жарыққа шыққан болатын. Аталмыш еңбектердің барлығы мақаланы жазу барысында негізгі дерек көздері ретінде пайдаланылды.

2021 жылы Сығанақ археологиялық экспедициясы Сығанақ қалашығының магистральды көшесі бойындағы Қазақ хандығы тұсына жататын тұрғын үйлердің планиграфиясын анықтау мақсатында көлемі 46x25 м келетін алаңда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде XVIII-XIX ғасырлар аралығына жататын құрылыс нысандар анықталды. Зерттеу барысында Қазақ хандығы тұсындағы тұрғын үй кешендерінің планиграфиясы, магистральды және ішкі көше жүйелері туралы жаңа деректер алынды. Анықталған тұрғын үйлердің планиграфиясын көршілес Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларының тұрғын үй планиграфияларымен салыстырмалы түрде талданды.


Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары қалыптасқан эмпирикалық әдіс арқылы жүргізілді – қазба жұмыстары, лабораториялық сынамалар, фиксацияға алу видео-фотофиксация, сызбалар, көшірмелер түсіру, сараптама жасау, осы типті ескерткіштерді зерттеу барысында қолданылатын әдістер негізінде жүргізілді. Соңғы кездегі компьютерлік технология арқылы AutoCAD және Agisoft бағдарламаларын пайдалана отырып археологиялық, архитектуралық зерттеулерде жаңа әдіс-тәсілдер қолданылды.

Археологиялық қазба жұмысы барысында алынған ірілі-ұсақты мал сүйектері арқылы қалашық тұрғындарының қолға үйреткен жануарларының түрлері анықтау мақсатында А.Х. Марғұлан Атындағы Археология Институтының «Археологиялық технология» зертханасында сараптама жасалынуда. Құрылыс қабатының абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында ағаш шіріндісінен, жартылай жанған ағаш және шөп қалдықтарынан, камба орындарынан C14 анализі үшін сынамалар алынып, Түркия Республикасындағы «ТУБИТАК МАРМАРА» зертханасында сараптама жасалынуда. Сонымен қатар, құрылыс қабаттарынан алынған саздан жасалған ыдыстардың құрамын, жасалу технологиясын анықтау мақсатында Түркия Республикасындағы «REDEVIO AR-GE Bilgi ve Operasyon Teknolojileri» зертханасында сараптама жасалынуда.


Талқылау. Ортағасырлық Сығанақ қаласын зерттеу тарихы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Қалаға алғаш рет 1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген. Сонымен қатар, өз еңбегінде Рашид-аддин, Абдул-газы, Мирхонда, Абдуреззак, Масуди және т.б. жазушыларды сілтеме көрсете отырып, Сығанақ атауының айтылу түрлеріне тоқталған. Сонымен қатар, Сығанақта

Селжуктардың соңғы ұрпақтары ислам дінін қабылдап, осы жерде жерленген деген де дерек келтірген (Лерх, 1870: 11-12).

Археология әуесқойлары Түркістан үйірмесінің мүшесі Е.А. Смирнов 1897 жылы Сырдарияның орта және төменгі ағысында орналасқан ескерткіштерді зерттеу мақсатында жасаған барлау кезінде Сырдарияның оң жағында, Төменарық станциясынан 8-10 верст солтүстікте орналасқан Сунақ қорғанды (Сунақ атаны) ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалап, оның айналасында көптеген құрылыс құландылары барын және бұл қала ілгеріде Төменарық каналы арқылы суландырылғанын атап өтті (Смирнов, 1897: 7). 1899 жылы үйірме мүшесі В.А. Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оны топографиясын сипаттап, алғашқылардың бірі болып қалашықтың жобасын және қалашықтың шығыс қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің (ханака) жобасын түсірді (1-2-сурет). В.А. Каллаур өлкетанушылар Н.С. Лыкошин мен Е.Т. Смирновтың Сығанақ қалашығы жайында қалдырған пікірлерін толықтай қолдап, Сунақата қалашығын ортағасырлық Сығанақ қаласымен баламалады (Каллаур, 1900: 9-11). Ал, 1906 жылы қалашық орнында И.А. Кастанье болып, қалашық орнын және қалашық маңындағы сәулет ескерткіштерді сипаттады. И.А. Кастаньенің сипаттамалары В.А. Каллаурдың қала туралы жазған сипаттамаларын толықтыра түсті (Кастанье, 1911: 189–192). Осылайша Ресей Патшалығы тұсында Сығанақ қалашығы алғаш рет өлкетанушылар тарапынан зерттеле бастады. Нәтижесінде қалашықтың орны анықталып, топографиялық жобасы сызылып, сипаттамасы жасалынды. Сонымен қатар қалашық маңындағы сол кезеңде сақталып тұрған сәулет ескерткіштер жайында құнды деректер топтастырылды.



1-сурет – Сығанақ қалашығының алғашқы жобасы
(Каллаур, 1900)



2-сурет – Мешіттің (ханака) жобасы
(Каллаур, 1900)

Бірінші Дүние жүзі соғысы жылдарында және азамат соғысы жылдарында тарихи – мәдени ескерткіштерді зерттеуге аса көңіл аударылмады. Арада бірәз уақыт өте келе 1927 жылы А.Ю. Якубовский Материалдық мәдениет институтының тапсырмасы бойынша Сығанақ қалашығында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ол қалашықтың топографиялық құрылымына ерекше көңіл бөлген, сонымен қатар ескерткіш маңындағы аяқта тұрған архитектуралық құрылыстарды алғашқы болып суретке түсіріп, сипаттаған (3-сурет). Сонымен қатар, Сығанақ қалашығы жайында үлкен ғылыми мақала жариялаған (Якубовский, 1929: 123-159). Осылайша қалашыққа зерттеуші ғалымдардың назары ауа бастайды. Қалашыққа 1947 жылы Оңтүстік Қазақстан Археологиялық Экспедициясының жетекшісі А.Н. Бернштам келіп, қалашықтың топографиялық жобасын қайта сызып, үстінен жинастырған материалдар бойынша қалашықтың қаңлы кезеңінен бері өмір сүріп келе жатқандығын өз еңбегінде баяндайды (Бернштам, 1949: 59–99).

Бұдан кейін қалаға ХХ ғасырдың 40-шы жылдарының аяғында 50-ші жылдардың басында Оңтүстік Қазақстан Археологиялық Экспедициясының мүшелері Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер археологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді. Бұлар да үстінен жинастырылған материалдар бойынша қаланың V-VIII ғасырда өмір сүріп одан кейін құлдырап, XII-XVI ғғ. қайта көтеріліп, Ақ Орданың кезінде қайта жанданғандығын жазады. Алайда, аты аталған ғалымдар да қалашық орнында қазба жұмыстарын жүргізбеген (Агеева, Пацевич, 1958: 96-97).



3-сурет – Мешиттің (ханака) 1927 жылғы суреті (Якубовский, 1929: 145)

XX ғасырдың 70-ші жылдары Отырар археологиялық экспедициясының меңгерушісі К.А. Акишев пен К.М. Байпақовтар Сығанақ қалашығының орнында болып, қалашықты топографиялық жағынан зерттеп, нәтижесінде бұл ескерткішті ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама береді (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1970).

Дегенмен, жоғарыда аты аталған ғалымдардың ешбірі ескерткіш орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбеген. Соның әсерінен ескерткіш ғалымдардың назарынан тыс қалып, 2000 жылға дейін зиратқа айналып кеткен. Қалашықтың археологиялық жағынан сақталу жағдайы өте нашар. 1960 жылдардан кейін аграрлық саясат негізінде қолға алынған күріш шаруашылығы салдарынан төбе маңындағы жерлер күріш егістігіне айналуының нәтижесінде жер асты сулары көтеріліп, қалашықтың мәдени қабаттарына айтарлықтай кері әсерін тигізген. Сонымен қатар, XVIII ғасырдың соңында тіршілігі тоқтаған ескерткіш орны маңайдағы тұрғындардың зиратына айналып, мәдени қабаттарының бұзылу қаупіне дейін жеткен. Себебі жер асты суларының көтерілуінің салдарынан маңайдағы тұрғындар биік төбе ретінде сақталған қалашық орын зиратқа айналдырған.

Қалашықта 2003 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келеді. Осы күнге дейін жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қалашықтың шығыс қақпасы, қақпа маңындағы қамал қабырғалары, мұнаралары, қалашықтың цитадель бөлігіндегі тұрғын үй орамдары, қалашықтың орталық мешіті, қалашық аумағындағы кесенелер және ханака ашылып, зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді. Сонымен қатар, қалашықтың екі жеріне стратиграфиялық кесінділер салынып, нәтижесінде қалашықтағы мәдени қабаттардың хронологиясы анықталды (Zholdasbaev, Aldabergenova, 2013: 77–78). Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар қалашық орнында аршылған нысандар «Қазқайтажаңғырту» мекемесі тарапынан қайта қалпына келтіріліп ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру жолында іргелі жұмыстар атқарылуда.

Нәтижелер. Ұстазымыз т.ғ.д., профессор С.Ж. Жолдасбаевтың жетекшілігімен 2003 жылы құрылған Сығанақ археологиялық экспедициясының ғылыми-зерттеу жұмыстары Сығанақ қалашығында жалғасын табуда. PhD доктор, доцент міндетін атқарушы Б.С. Сиздиковтың жетекшілігімен 2021 жылы Сығанақ қалашығында жүргізілген далалық зерттеу жұмысы барысында, қалашықтағы магистральды көшенің сол жақ қапталында орналасқан шағын төбеде 46x25 м көлемінде қазба салынды. Аталмыш қазба шартты түрде №20 қазба болып белгіленді. Жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде жердің беткі қабатынан 1,3 м тереңдікке дейін қазылып, Қазақ хандығы тұсына жататын құнды деректер алынды. Сонымен қатар екі құрылыс қабаты анықталып толық сипатталды (4-сурет).



4-сурет – Сығанақ қалашығындағы №20 қазба орнының әуеден көрінісі

Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жердің беткі қабатынан 0,3 м тереңдіктен бірінші құрылыс қабатына жататын он үш бөлме ашылып, толық сипаттамасы жасалынды. Бірінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандардың пішіні төртбұрышты, бұрыштары дүниенің төрт тарапына бағыттала орналасқандығы анықталды. Бөлмелер бір-біріне жалғастыра квартал түрінде салынған. Маусамдық далалық зерттеу жұмыстары барысында аталмыш кварталдың магистральды көшені бойлай тұрғызылған солтүстік-шығыс бөлігі ғана ашылды. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бөлмелердің есігі магистральды көшені бойлай орналасқан аулаға ашылғандығы, яғни тұрғын үй бөлмелеріне аула арқылы керетіндігі анықталды. Тұрғын үйлер бір немесе екі бөлмеден құралған анфиладты жоспар түрінде салынған (5-сурет). Мұндай үлгідегі тұрғын үйлерді Отырар және Түркістан қалаларының XVIII-XIX ғасырға жататын құрылыс қабаттарынан кездестіруге болады (Байпақов, 2007: 112-118; Тұяқбаев, Мургабаев, Бахтыбаев, Арынов, Сиздиқов, 2020: 55-61). Тұрғын үй құрылысында 30x20x6 см көлеміндегі қи және сабан аралас қам кесектерді, көлемдері 27x27x6, 25x25x5, 23x23x5 см болып келетін күйдірілген кірпіштерді, тау тастарын және ағаш қолданылғандығы анықталды. Сонымен қатар, зерттеу жұмыстары барысында бөлме едендерінен анықталған қамыс шірінділерін негізге ала отырып, тұрғын үй бөлмелерінің шатыры қамыс және саз балшықпен жабылғандығы анықталды. Пайымдауымызша бөлме терезелері аулаға ашылған. Себебі бөлмелерге жарық үсті ашық аулалар арқылы жақсы түсетін болған.

Қазба жұмыстары барысында бірінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үй бөлмелерінен және ауладан кең ауызды құмыралар, кеселер, қазандар, табақтар және бірнеше мыс теңгелер алынды. Саздан жасалған ыдыстар сырлы және сызсыз болып келуде. Сырлы ыдыстардың негізгі бөлігі ақшыл түсті сырға қоңыр түсті сырмен өрнектелген, аздап көкшіл түсті сырмен өрнектелгендері де кездеседі, ыдыстардың басым көпшілігі аздап шыңылтырланған. Сызсыз ыдыстарға келер болсақ, ауыз ернеуінің төменгі жағы және ыйық тұсы толқын іспеттес өрнектелген. Саз ыдыстардың кейбірінің ернеуінің сыртқы жиегіне батырма өрнек түсірілген. Аталмыш саз ыдыстардың үлгілері Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларының XVIII-XIX ғасырға жататын құрылыс қабаттарынан көптеп табылған (Акишев, Байпақов, Ерзақович, 1981: 1-4; Хазбулатов, Петров, Шайғозова, Ержігітова, 2020: 73-105; Туяқбаев, Егеубаева, 2018: 132-133).



5-сурет – Сығанақ қалашығындағы №20 қазба орнындағы бірінші құрылыс қабатының жоспары

Далалық зерттеу жұмыстары барысында, жердің беткі қабатынан 0,7 м – 1,3 м тереңдіктен екінші құрылыс қабаты анықталды. Құрылыстарды аршу барысында кейбір үйлердің үстіне уақыт өте келе (мысалға кейбір бірінші құрылыс қабатындағы бөлмелер екінші құрылыс қабатындағы бөлмелердің үстіне тұрғызылған) алғашқы жоспар бойынша бөлме тұрғызылғандығы белгілі болды. Аталмыш құрылыс қабатына тиесілі он үш бөлме, екі бастырма және екі аула ашылып, толық сипаттамасы жасалынып, бөлмелердің қандай мақсатта пайдаланғандығы жөнінде ғылыми тұжырымдар жасалынды (6-сурет).

Екінші құрылыс қабатына жататын құрылыс нысандар бір-біріне жалғастыра квартал түрінде салынған тікбұрышты бөлмелерден тұрады. 2021 жылы жүргізілген қазба жұмыстары барысында аталмыш кварталдың магистральды көшені бойлай тұрғызылған солтүстік-шығыс бөлігі ғана ашылды. Тұрғын үй бөлмелерінің негізгі бөлігі қазба алаңының оңтүстік-батысында, қазба шекарасының сыртында жалғасып жатқандығы анықталды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде бөлмелердің есігі магистральды көшеге және көшені бойлай орналасқан аулаға ашылғандығы анықталды. Тұрғын үйлер бір, екі немесе үш бөлмеден тұратын анфиладты және «Г» іспеттес жоспар түрінде салынған (7-сурет). Мұндай үлгідегі тұрғын үйлер Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында XVII-XVIII ғасырларға жататын құрылыс қабаттарынан анықталған (Байпақов, 2007: 112-118; Тұяқбаев, Мургабаев, Бахтыбаев, Арынов, Сиздиқов, 2020: 55-61). Тұрғын үй құрылысында 40x20x10 см көлеміндегі сабан аралас қам кесектерді, көлемдері 27x27x6, 25x25x5, 23x23x5 см болып келетін күйдірілген кірпіштерді, тау тастарын және ағаш қолданылғандығы анықталды. Бөлме едендерінен анықталған қамыс шірінділерін және шатыр тіреуішінің астына қойылған тау тастарын негізге ала отырып, тұрғын үй бөлмелерінің шатыры қамыс және саз балшықпен жабылғандығын айтуға болады. Тұрғын үйлердің жатын бөлмесінен, кіреберіс дәліз бөлмесінен немесе алды ашық бастырмадан, кейбіреулерінің қосымша қойма қызметін атқарған бөлмелерден тұратындығы анықталды. Жатын бөлмелерінің «П» іспеттес сыпадан, есік аузының астында ташнауы бар кірпіш төсенді еденнен және бөлме жылытуға арналған тандыр ошақтан тұратындығы анықталды (8-сурет). Бөлмелер аталмыш тандыр ошақтар арқылы жылытылған. Ошақтың түтіндігі сыпаның астымен жүргізіліп, бөлме қабырғасы арқылы жоғарыға шығарылған. Сыпаның 5-10 см астымен жүргізілген ошақтың түтіндігі арқылы сыпаның үсті жылытылған. Мұндай үлгідегі сыпалар мен бөлме жылытуға арналған түтіндігі сыпаның астымен жүргізілген ошақтарды Қаратаудың теріскейіндегі кейінгі орта ғасырлық Күлтөбе және Ран қалаларынан кездестіруге болады (Жолдасбаев, 2012: 23). Қазақстан археологиясының дамуына айтарлықтай үлес қосқан әйгілі археолог Сайдан Жолдасбаев аталмыш Күлтөбе және Ран қалаларында жүргізген археологиялық қазба жұмыстары барысында XV-XVIII ғасырларға жататын тұрғын үй құрылымының ерекшеліктерін анықтап, түтіндігі сыпаның астымен жүргізілген ошақтардың орнын көптеп анықтаған.



6-сурет – Сығанақ қалашығындағы №20 қазба орнының әуеден көрінісі

Екінші құрылыс қабатына жататын тұрғын үй бөлмелерінің едендерін тазалау барысында тар ауызды құмыралар, кеселер, қайрақ тастар және үш дана күміс теңгелер алынды. Саздан жасалған ыдыстар сырлы және сызсыз болып келуде. Сырлы ыдыстардың негізгі бөлігі ақшыл және ашық көкшіл түсті сырға көк және қоңыр түсті сырмен гүл дестелері және толқын іспеттес бейнелер түсірілген, кейбір ыдыстар көкшіл түспен толықтай көмерілген, ыдыстардың басым көпшілігі шыңылтырланған. Сырсыз ыдыстарға келер болсақ, ыйық тұсынан төмен қарай қызыл ангоп ағызылған. Ауыз ернену немесе ыйық тұсынан төмен қарай ағызылған ангоптарды зерттеуші ғалымдар берекенің символы ретінде қарастырады. Яғни, ыдыстан берекенің асып тасып жатқандығы бейнелеген болуы мүмкін деген тұжырым қалыптасқан. Аталмыш саз ыдыстардың үлгілері Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларының XVII-XVIII ғасырларға жататын құрылыс қабаттарынан табылған (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1981: 1-4; Хазбулатов, Петров, Шайгозова, Ержігітова, 2020: 73-105; Туякбаев, Егеубаева, 2018: 132-133). Сонымен қатар, аталмыш құрылыс қабатынан мыс және күмістен соғылған теңгелер табылды.

Екінші құрылыс қабатынан табылған күмістен соғылған теңгелерге зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, аверсінен анықталып отырған жазбалардан теңгелердің Шайбанидтер әулетінің билеушісі II Абдулла ханның билігі тұсында (1557-1598 жж) соғылғандығы анықталды. Сонымен қатар теңгенің аверсінің ортасындағы гүл дестелі картуш ішінде ханның аты, оны айналдыра ханның эпитеттері және соғылған жылы көрсетілген. Реверсіндегі жазбаларда калима шахадут және исламның алғашқы төрт халифасының есімдері лауазымдарымен көрсетілген.

№1 теңгенің аверсінде باهادر خان ابن عبد الله, Баһадир хан ибн (?) Абдуллаһ, реверсінде لا اله الا الله محمد رسول الله امير المؤمنين - Алладан басқа тәңір жоқ, Мухаммед оның елшісі мөминдер әмірі... жазбасы көрсетілген. Аверсінде теңгенің 991/1583 жылы соғылғандығы көрсетілген.

№2 теңгенің аверсінде باهادر خان Баһадир хан жазбасы көрсетілген, ал реверсіндегі жазбалар өшіп кеткен.

№3 теңгенің аверсінде باهادر عبد الله خان Баһадир Абдуллаһ хан, реверсінде لا اله الا الله محمد رسول الله الملك لله - Алладан басқа тәңір жоқ, Мухаммед оның елшісі жазбасы көрсетілген. Аверсінде теңгенің 989/1581 жылы соғылғандығы көрсетілген.

Аталмыш күміс теңгелердің үлгілері Отырар, Түркістан және Сауран қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында XVI-XVII ғасырларға жататын құрылыс қабаттарынан табылған (Бурнашева, 2006: 38-39; Пәрменқұл, Сералы, Сиздиков, Алмазұлы, 2020: 292). Сонымен қатар Сығанақ қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында аталмыш құрылыс қабаттан XV-XVI ғасырларда соғылған бірнеше мыс теңгелер табылды.



7-сурет – Сызғанақ қалашығындағы №20 қазба орнындағы екінші құрылыс қабатының жоспары

Екінші құрылыс қабатының хронологиясын анықтау мақсатында саздан жасалған ыдыстарға салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде аталмыш құрылыс қабатының XVIII ғасырға жататындығы анықталды. Салыстырмалы талдау жұмыстарының нәтижесіне сүйене отырып, Шайбанидтер әулетінің билеушісі II Абдулла ханның билігі тұсында (1557-1598 жж) соғылған күміс теңгелердің Сызғанақ қаласында XVIII ғасырда қолданыста болғандығын айта аламыз. Сонымен қатар, Сызғанақ қаласының XVII-XVIII ғасырдағы тұрғын үйлердің архитектуралық ерекшеліктері анықталды. Бірнеше бөлмеден тұратын анфиладты жоспар түрінде салынған тұрғын үйлер және «П» іспеттес сыпалардың алғашқы үлгілері ортағасырлық Отырар, Түркістан және т.б. қалалардың XI-XII ғасырларға жататын құрылыс қабаттарынан анықталған (Байпаков, 2007: 82-83). Бұл зерттеуде, Сызғанақ қаласында анықталған бір, екі немесе үш бөлмеден тұратын анфиладты және «Г» іспеттес жоспар түрінде салынған тұрғын үйлердің және жатын бөлмелерінен анықталған «П» іспеттес сыпалардың, есік аузының астында ташнауы бар кірпіш төсенді едендердің және бөлме жылытуға арналған түтіндігі сыпатын астымен жүргізілген тандыр ошақтардың XVIII ғасырда да қолданыста болғандығы көрініп отыр.

Қорытынды. Қорытындылай келе Сызғанақ қаласының X–XI ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі орталықтардың бірі ретінде таныла бастағандығы, XI–XIII ғасырларда Қыпшақ хандығының, XIV–XV ғасырларда Ақ Орданың, XV–XVI ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болғандығы анықталды. Бұл тұжырымымызды тарихи жазба деректермен қатар археологиялық деректер де растауда.

2021 жылы қалашықтың Қазақ хандығы тұсына жататын мәдени қабаттарын зерттеп, ғылыми айналымға енгізуді жөн санадық. Ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында қалашықтағы магистральды көшенің сол жақ қапталында орналасқан шағын төбеде 46x25 м көлемінде қазба салынып, жоғарыда баяндағанымыздай Қазақ хандығы тұсына жататын екі мәдени қабат анықталып толық сипаттамасы жасалынды. Қазба жұмыстары барысында алынған саз ыдыстарды, мыстан соғылған тиындарды және тұрғын үйлердің архитектуралық құрылымын, жоспарын негізге ала отырып, бірінші құрылыс қабатының XIX ғасырға жататындығы анықталды. Сонымен қатар, тұрғын үй құрылысында саз, күйдірілген кірпіш, ағаш, қамыс, сабан және тас пайдаланылғандығы анықталды. Анықталған құрылыс нысандарды және табылған тарихи жәдігерлерді негізге ала отырып, аталмыш құрылыс қабатының Сызғанақ қалашығының соңғы құрылыс қабаты болғандығын айтуға болады. Себебі аталмыш құрылыс қабаттан кейін, яғни XIX ғасырдың соңында қалада тіршілік тоқтаған.

Қазба жұмыстары барысында алынған саз ыдыстарды, күмістен соғылған тиындарды және тұрғын үйлердің жоспары мен архитектуралық құрылымын негізге ала отырып, екінші құрылыс қабатының XVIII ғасырға жататындығы анықталды. Сонымен қатар, Шайбанидтер әулетінің билеушісі II Абдулла ханның билігі тұсында (1557-1598 жж) соғылған күміс теңгелердің Сызғанақ қалашығында XVIII ғасырдың басына дейін қолданыста болғандығын анықталды. Сонымен қатар, Ортағасырлық Отырар және т.б. қалалардың XI-XII ғасырларға жататын құрылыс қабаттарынан анықталған бірнеше бөлмеден тұратын анфиладты жоспар түрінде салынған тұрғын үйлердің және «П» іспеттес сыпалардың Сызғанақ қалашығында XVIII ғасырдың соңына дейін құрылыстарда қолданылғаны анықталды. Бұл тұжырымымызды осы құрылыс

қабатынан табылған ақшыл және ашық көкшіл түсті сырға көк және қоңыр түсті сырмен гүл дестелері және толқын іспеттес бейнелер түсірілген саз ыдыстар қуаттай түсуде.

Археологиялық қазба жұмысы барысында бірінші және екінші құрылыс қабаттарына тиесілі бөлмелер мен аулалардан ірілі-ұсақты мал сүйектері толық алынып, алынған жеріне байланысты жеке-жеке топтастырылды. Алынған остеологиялық материалдарға А.Х. Марғұлан Атындағы Археология Институтының «Археологиялық технология» зертханасында сараптама жасалынууда. Сараптама нәтижесінде XVII-XVIII ғасырларда қалашық тұрғындарының қолға үйреткен жануарларының түрлері анықталады. Екінші құрылыс қабатының абсолюттік хронологиясын анықтау мақсатында ағаш шіріндісінен, жартылай жанған ағаш және шөп қалдықтарынан, қамба орындарынан C14 анализі үшін сынама алынды. Алынған сынамаларға Түркия Республикасындағы «ТУБИТАК МАРМАРА» зертханасында сараптама жасалынууда. Сараптама нәтижесінде екінші құрылыс қабатының нақты абсолюттік хронологиясы анықталады. Сонымен қатар, бірінші және екінші құрылыс қабаттарынан алынған саздан жасалған ыдыстардың құрамын, жасалу технологиясын анықтау мақсатында Түркия Республикасындағы «REDEVIO AR-GE Bilgi ve Operasyon Teknolojileri» зертханасында сараптама жасалынууда. Атқарылып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлығы қалашықтың Қазақ хандығы тұсынағы тарихы жайында құнды деректер жинақтап, ғылыми айналымға енгізуге бағытталған.



8-сурет – Сығанақ қалашығындағы №20 қазба орнынан анықталған жатын бөлмесінің көрінісі

Әдебиеттер тізімі

Syzykov B., Zhetibayev K., Bahtybayev M. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Хабаршысы «Тарих» сериясы, №4 (103) 2021. 42-52 б. <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.05>

Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan // Asian Social Science. Volume 9, Issue 5, 2013. p. 73–82.

Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана / Труды ИИАЭ АН Каз ССР. Т.5. Алматы, 1958. С. 215.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. Алматы: Издательство «НАУКА» Казахской ССР, 1970. С. 207.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата: Издательство Наука Казахской ССР, 1981.

Байпаков К.М. Ежелгі және орта ғасырлардағы Отырар. Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007. 248 б.

Бернштам А.Н. Проблемы древней истории и этногенеза Южного Казахстана / Известия АН Каз ССР. Серия археологическая. Выпуск 2. Алматы, 1949. 59–99 б.

Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран баспасы, 2010. 246 б.

Жолдасбаев С. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. Туркистан: Туран, 2012. 109 с.

Каллаур В.А. Древние города Саганакъ (Сунакъ), Ашнась или Эшнась (Асанась) и другие в Перовскомъ уезде, разрушенные Чингисъ-ханомъ въ 1219 году // ПТКЛА, V. Ташкент: 1900. С. 204.

Каллаур В.А. Древние города, крепости и курганы по реке Сырь-Дарье, в восточной части Перовского уезда // ПТКЛА, VI. Ташкент: 1901. С. 69-78.

Кастанье И.А. Надгробные сооружения киргизских степей. Оренбург: 1911. С. 189–192.

Киракос Гандзакец. История Армении. Москва: 1976. С-224.

Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. Санкт-Петербург: 1870. С. 38.

Малов С. Памятник в честь Кюль-Тегина, Памятник Бильге-Кагану, Памятник в честь Тоньюкука // Орхонские надписи Кюль-Тегин Бильге-Каган Тоньюкук. Семей: 2001. С-87-149.

Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі (Диани лұғат-ит-түрік). 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Хант», 1997. I том. 531 б.

Смирнов Е.А. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдарья / ПТКЛА от 17 февраля 1897. С. 7.

Тұяқбаев М.К., Егеубаева А.М. Түркістан жазирасының қыш ыдыстары. Түркістан: Изд-то Золотая Книга, 2018. 176 б.

Тұяқбаев М.Қ., Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Арынов Қ.С., Сиздиқов Б.С. Ескі Түркістан қалашығының шахристанында орналасқан Жеті Ата көшесі бойында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, жалпы ұзындығы 660 м. Есеп. Түркістан: 2020. 400 б.

Фазлаллах Ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р. П. Джалиловой. Москва: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1976. С. 533.

Хазбулатов А., Петров П., Шайгозова Ж., Ержігітова А. Күлтөбе қазынасы. Нұр-Сұлтан: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдени институты, 2020. 192 б.

Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака // Сообщения ГАИМК. Т.2. Ленинград: 1929. С. 123-159.

Бурнашева Р.З. Денежное обращение в городах Южного Казахстана в XV–XVIII вв. Туркестан: Типография Международного казахско-турецкого университета им. А. Ясауи, 2006. С. 253.

Пәрменкүл С.Т., Сералиев А.А., Сиздиқов Б.С., Алмазұлы Ш. 2020 жылы Отырар қалажұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері // Ясауи университетінің Хабаршысы ғылыми журналы №4 (118) 2020. 283-297 бб. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.054>

References

Syzdykov B., Zhetibayev K., Bahtybayev M. Research of the system of protection of the medieval city of Syganak // Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University "History" series, №4 (103) 2021. p. 42-52. <https://doi.org/10.26577/JH.2021.v103.i4.05>

Zholdasbaev S., Aldabergenova M. The medieval town of Kazakhstan // Asian Social Science. Volume 9, Issue 5, 2013. p. 73–82.

Ageeva E.I., Patsevich G.I. Iz istorii osedlyh poselenii i gorodov Iujnogo Kazahstana. [From the history of settled settlements and cities of South Kazakhstan]. Trudy IIAE AN Kaz SSR. T.5. Almaty, 1958. p. 215. [In Russian]

Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B. Drevnii Otrar [Ancient Otrar]. Alma-Ata: Izdatelstvo «NAUKA» Kazahskoi SSR, 1970. p. 207. [In Russian]

Akishev K.A., Baypakov K.M., Erzakovich L.B. Pozdnesrednevekovye Otrar [Late medieval Otrar]. Alma-Ata: Izdatelstvo Nauka Kazahskoy SSR, 1981. [In Russian]

Baypakov K.M. Ezhelgi zhane orta gasyrlardagy Otyrar [Otrar in ancient and medieval times]. Almaty: Kazygurt baspasy, 2007. p. 248. [In Kazakh]

Bernshtam A.N. Problemy drevnei istorii i etnogeneza Yuzhnogo Kazahstana. [Problems of ancient history and ethnogenesis of South Kazakhstan]. Izvestia AN Kaz SSR. Seriya arheologicheskaya. Vypusk 2. Almaty, 1949. p. 59–99. [In Russian]

Zholdasbaev S. Ortagasyrlyk Syganak kalasy (X–XVIII gg.). [Medieval city of Syganak (X–XVIII centuries)]. Turkistan: Turan baspasy, 2009. p. 246 [In Kazakh]

Zholdasbaev S. Poznesrednevekovye goroda na severnyh sklonah Karatau [Late medieval cities on the northern slopes of Karatau]. Turkistan: Turan, 2012. 109 s.

Kallaur V.A. Drevnie goroda Saganak (Sunak), Ashnas ili Eshnas (Asanas) v Perovskom uезде, razrushennye Chingiz-hanom 1219 g. [The ancient cities of Saganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) in the Perovsky district, destroyed by Genghis Khan in 1219.]. PTKLA. Prilozheniya k protokolu ot 7 fevraliya 1900. p. 204. [In Russian]

Kallaur V.A. Drevnie goroda, kreposti i kurgany po reke Syr-Dare, v vostochnoy chasti Perovskogo uезда [Ancient cities, fortresses and burial mounds along the Syr-Darya River, in the eastern part of the Perovsky district] // PTKLA, VI. Tashkent: 1901. p. 69-78. [In Russian]

Kastane I.A. Nadgrobnnye sooruzheniya kirgizskih stepei. [Gravestones of the Kyrgyz steppes]. Orenburg: 1911. p. 189–192. [In Russian]

Kirakos Gandzakesi. Istoriya Armenii [History of Armenia]. Moskva: 1976. p. 224. [In Russian]

Lerh P. Arheologicheskaya poezdka v Turkestanskii kraj v 1867 godu. [Archaeological trip to Turkestan region in 1867]. Sank-Peterburg: 1870. p. 38. [In Russian]

Malov S. Pamyatnik v chast Kyul-Tegina, Pamyatnik Bilge-Kaganu, Pamyatnik v chast Tonyukuka [Monument in honor of Kul-Tegin, Monument to Bilge-Kagan, Monument in honor of Tonyukuk] // Orhonskie nadpisi Kyul-Tegin Bilge-Kagan Tonyukuk. Semey: 2001. p. 87-149. [In Russian]

Mahmut Kashkari. Turik tilinin sozdigi [Dictionary of the Turkish language] (Diani lugat-it-turik). 3 tomdyk shygarmalar zhinagy. I tom. Almaty: «Хант», 1997. p. 531. [In Kazakh]

Смирнов Е.А. Древности на среднем и нижнем течении р. Сырдарья. [Antiquities in the middle and lower reaches of the river Syrdarya]. PTKLA ot 17 fevralia 1897. p. 7. [In Russian]

Tuyakbayev M.K., Egeubaeva A.M. Turkistan zhazirasynyn kysh ydystary [Pottery of the Turkestan Peninsula]. Turkistan: Izd-to Zolotaya Kniga, 2018. p. 176. [In Kazakh]

Tuyakbayev M.K., Murgabaev S.S., Bahtybaev M.M., Arynov Қ.С., Sizdikov B.S. Eski Turkistan kalashygynyn shahristanynda ornalaskan Zhety Ata koshesi boiynda gylymi-zertteu zhumystaryn zhurgizu, zhalpy uzyndygy 660 m [Carrying out research work along Zhety Ata Street, located in the Shahristan of the Old Turkestan town, with a total length of 660 m]. Esep. Turkistan: 2020. p. 400. [In Kazakh]

Fazlallah Ibn Ruzbihan Isfahani. Mihman-name-ii Buhara (Zapiski buharskogo gostya) [Notes of a Bukhara guest]. Perevod, predislovie i primechaniya R. P. Dzhaliilovoi. Moskva: Nauka. Glavnaya redakciya vostochnoi literatury, 1976. p. 533. [In Russian]

Hazbulatov A., Petrov P., Shaygozova Zh., Erzhigitova A. Kultobe kazynasy [Kultobe treasure]. Nur-Sultan: Kazak gylymi-zertteu madeni instituty, 2020. p. 192. [In Kazakh]

Yakubovskii A.Iu. Razvaliny Sygnaka. [Ruins of Sygnak a]. Soobsheniya GAIMK. 1929. Vol. 2, p.123-159. [In Russian]

Burnasheva R.Z. Denezhnoe obrashchenie v gorodah Yuzhnogo Kazakhstana v XV–XVIII vv. [Money circulation in the cities of South Kazakhstan in the XV-XVIII centuries.] Turkestan: Tipografiya Mezhdunarodnogo kazahsko-tureckogo universiteta im. A. Yasavi, 2006. S. 253. [In Russian]

Parmenkul S.T., Seraliev A.A., Sizdikov B.S., Almazuly Sh. 2020 zhyly Otyrar kalazhurtynda zhurgizilgen arheologiyalyk kazba zhumystarynyn natizheleri [Results of archeological excavations in Otrar in 2020] // Yasau universitetinin Habarshysy gylymi zhurnaly №4 (118) 2020. 283-297 bb. <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.054> [In Kazakh]

МРНТИ 03.20

DOI 10.51943/1814-6961_2022_2_229

ЦЕЛЬНОКОВАНЫЙ ОЙРАТСКИЙ ШЛЕМ ИЗ СОБРАНИЯ АКМОЛИНСКОГО ОБЛАСТНОГО ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКОГО МУЗЕЯ

Бобров Леонид Александрович^{1ID}, Кушкумбаев Айболат Кайрслямович^{2*}, Исмаилов Данияр^{1,3}

¹Новосибирский государственный университет. Россия, Новосибирск

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. Казахстан, Нур-Султан

³Национальный музей Республики Казахстан. Казахстан, Нур-Султан

*Автор-корреспондент

E-mail: spsml@mail.ru (Бобров), aibolat7@mail.ru (Кушкумбаев), ismailov_dm@mail.ru (Исмаилов)

Аннотация. В статье рассмотрен железный шлем (ГИК 228) хранящийся в Акмолинском областном историко-краеведческом музее (АОИКМ, г. Кокшетау, Республика Казахстан). Целью настоящей статьи является подробное описание конструкции и системы оформления шлема, а также уточнение его датировки и атрибуции. По материалу изготовления шлем относится к классу железных, по конструкции тульи к отделу цельнокованых, по форме тульи – к типу сфероцилиндрических. Анализ конструкции и системы оформления шлема из АОИКМ позволяет датировать его XVII – серединой XVIII вв. Наиболее вероятно, что он был выполнен во второй половине данного периода для состоятельного ойратского (предположительно джунгарского) воина-буддиста. На это указывает конструкция шлема, а также его навершие изготовленное по образцу буддийского ритуального сосуда. Шлем из АОИКМ мог быть выкован, как оружейниками Джунгарии, так и мастерами Мавераннахра, которые в середине XVIII в. массово изготавливали вооружение для джунгар под присмотром ойратских мастеров. Многочисленные аналоги данного шлема, украшенные буддийской символикой, хранятся в музейных и частных собраниях Казахстана, России, Монголии и Китая.

Ключевые слова: ойраты, джунгары, ойратские шлемы, калмыцкие шлемы.

Данное исследование было профинансировано Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант № BR10965240)

FTAMP 03.20

АҚМОЛА ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЫНЫҢ ҚОРЫНДАҒЫ ТҮТАС СОҒЫЛҒАН ОЙРАТ ДУЛЫҒАСЫ

Бобров Леонид Александрович^{1ID}, Кушқумбаев Айболат Кайрслямович^{2*}, Исмаилов Данияр^{1,3}

¹Новосібір мемлекеттік университеті. Ресей, Новосибирск

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті. Қазақстан, Нұр-Сұлтан

³Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы. Қазақстан, Нұр-Сұлтан

*Автор-корреспондент

E-mail: spsml@mail.ru (Бобров), aibolat7@mail.ru (Кушқумбаев), ismailov_dm@mail.ru (Исмаилов)

Түйіндеме. Мақалада Ақмола облыстық тарихи-өлкетану мұражайында (АОТӨМ, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы) сақталған темір дулыға (ГИК 228) қарастырылған. Бұл мақаланың мақсаты дулығаның пішіні мен безендіру жүйесін егжей-тегжейлі сипаттау, сондай-ақ оның жасалу мерзімі мен атрибуциясын нақтылау болып табылады. Соғу материалына сәйкес, дулыға темір класына жатады, соғылу тәсілі бойынша тұтас соғылған дулығалар түріне, төбе пішіні бойынша сфероцилиндр түріне жатады. Дулыға пішіні мен безендіру жүйесін талдау нәтижесі оның жасалу мерзімін XVII-XVIII ғасырдың ортасы деп анықтауға мүмкіндік береді. Пайымдауымызша, осы кезеңнің екінші жартысында ауқатты ойрат (мүмкін жоңғар) пұтқа табынушы жауынгері үшін жасалынған. Мұны дулығаның пішіні, сондай-ақ пұтқатабынушылық салттық ыдыстың үлгісімен жасалған төбеушынан көреміз. АОТӨМ дулығасын қару-жарақ жасаушы жоңғарлар шеберлері де, немесе XVIII ғасырдың ортасында ойрат шеберлерінің бақылауымен жоңғарлар үшін жаппай қару соққан Мавераннахр шеберлері де жасаулары мүмкін. Буддалық символикамен безендірілген осы дулығаның көптеген аналогтары Қазақстан, Ресей, Моңғолия және Қытайдың мұражай және жеке коллекцияларында сақтаулы.

Кілт сөздер: ойраттар, жоңғарлар, ойрат дулығалары, қалмақ дулығалары.

IRSTI 03.20

SOLID-FORGED OIRAT HELMET FROM THE COLLECTION OF AKMOLA REGIONAL HISTORICAL MUSEUM

Bobrov Leonid Aleksandrovich^{1ID}, Kushkumbaev Ajbolat Kajrslyamovich^{2*}, Ismailov Daniyar^{1,3}

¹Novosibirsk State University. Russia, Novosibirsk

²L.N. Gumilyov Eurasian National University. Kazakhstan, Nursultan

³National Museum of the Republic of Kazakhstan. Nursultan, Kazakhstan

*Corresponding-author

E-mail: spsml@mail.ru (Бобров), aibolat7@mail.ru (Кушқумбаев), ismailov_dm@mail.ru (Исмаилов)

